

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

ЎЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ НЕГІЗДЕРІ

7-СЫНЫП

Толықтырылған және қайта өңделген 5-басылуы

*Ұлттық идея және идеология ғылыми-практикалық
орталығы баспаға ұсынған*

ТАШКЕНТ «МАЪНАВИЯТ» 2015

УЎК 37.035.6 = 512.122
КБК 66.3(5Ў)+74.200.50
У 48

**М. ҚАРШЫБАЕВ, С. НЫШАНОВА,
О. МҮСЫРМАНОВА, Р. ҚОШҚАРОВ**

Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбына арналған бұл оқулық Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» және «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптары негізінде қайта өңделді. Оқулықта ұлттық тәуелсіздік идеясы мен руханият негіздерін құрайтын негізгі білімдер мен ұғымдар заманалық әдістемелік талаптар негізінде ұтымды баяндалған.

УЎК 37.035.6 = 512.122
КБК 66.3(5Ў)+74.200.50

У 48 Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері. 7- сынып /
М. Қаршыбаев және басқ. Толықтырылған және қайта өңделген 5-
басылуы. – Т.: «Маънавият», 2015.— 120 б.
Тақырыпта: ӨзР Халыққа білім беру министрлігі

ISBN 978-9943-04-145-5

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— есінде сақта



— мұқият оқы



— біліп ал



— сұрақтар мен тапсырмалар



— кілт сөз



— шығармашылық тұрғыдан ойлан

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-04-145-5

© М. Қаршыбаев және басқ., 2015
© «Маънавият», 2015

КІРІСПЕ

Ассалаумағалейкүм, қымбатты оқушы!

Сен күн шуақты Отанымызда ұлы мереке — Тәуелсіздік мейрамын тойлау салтанаттары өтіп жатқан бұл күндерде өзге пәндермен қатар «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздерін» де оқып-үйренуге кірісіп отырсын.



Бұл пән Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың 2001 жылғы 18 қаңтарда қол қойылған «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» пәні бойынша оқу бағдарламаларын жасау және республиканың білім беру жүйесіне енгізу туралы» жарлығы негізінде оқытылуда. Ол екі бөлімнен — ұлттық тәуелсіздік идеясынан және руханият негіздерінен тұрады.



Сен бірінші бөлімде халқымыздың ұлттық идеясы, оның негізгі ұғымдары мен қағидаттары жөнінде қажетті білімдер мен мәліметтерге ие боласың. Ал бұл халқымыздың қандай ұлы мақсаттарды көздеп өмір сүріп жатқаны жайлы егжей-тегжейлі біліп алуыңа қызмет етеді.



«Ұлттық» деген сөз халқымызға, елімізге, ұлтымызға тәндікті білдіреді. Ал «тәуелсіздік» — ешкімге тәуелді емес, дербес дегені. Демек, ұлттық тәуелсіздік идеясы Өзбекстан халқының тәуелсіздікке байланысты барлық арман-ұмтылыстарын, мақсат-мүдделерін бейнелейді.

Өзбекстанның лайықты перзенті, нағыз азаматы боламын деген әрбір адам ұлттық идеяны жақсы білуге, оқуда, жұмыста және өмірде оның негізгі талаптары мен өлшемдерін жүзеге асыруға ұмтылып өмір сүруге тиіс.

Адам баласы үй салудан бұрын оның жоба-жоспарын жасап алатыны белгілі. Әйтпесе жұмысты неден бастап, немен аяқтау керектігін, қандай және қанша мөлшерде қаржы мен материал жұмсайтынын білмей, әбден басы катады. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, жаңа қоғам орнатпақ болған халық та өзінің негізгі мақсаттарын анық әрі айқын белгілеп алады. Бұл мақсаттар оның ұлттық идеясында жарқын көрініс табады.



Өзбекстан халқының ұлттық идеясы Елбасымыз Ислам Каримовтың басшылығымен жасалды. Ол «Ұлттық тәуелсіздік идеясы» немесе «Ұлттық идея» деп аталады.

Ұлттық идеямыздың мән-мазмұны бастапқыда «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» еңбегінде егжей-тегжейлі баяндалды, сосын мемлекет басшысының кейінгі шығармаларында, әсіресе «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында одан әрі байытылды. Аталмыш кітапта төмендегідей сөздер бар:



«Адамзаттың сан ғасырлық тарихы дәлелдеп отырғанындай, бұл дүниеде өзінің ұлттық мемлекетін құруға берік бел байлаған кез келген халық асқаралы міндеттерді жүзеге асыру, адамдарды бірлестіріп, сол іске жұмылдыру, олардың жүрегінде сенімділік ояту, ескі қоғамдық құрылыстан бүтіндей жаңа қоғамға өту кезінде өзіне қосымша күш-жігер мен медет беретін, жалпыға ортақ, біртұтас мақсат пен арман-тілек көрінісі болатын ұлттық идеяны тірек әрі сүйеніш деп санайды»¹.



Ұлттық идеяны жасаудың мақсаты — жерлестерімізді, ең алдымен, сендер сияқты жастарды Отан-ананы шын жүректен сүйе білетін, оның тағдыры мен болашағы үшін жан күйдіретін, өзінің кім екенін, қандай ұлы халықтың перзенті екенін ұғынып, мақтанышпен өмір сүретін азаматтар етіп тәрбиелеу болып табылады. «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәнінің мақсаты да осыған саяды.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 71-бет.



Қолындағы оқулықтың екінші бөлімі «Руханият негіздері» деп аталады. Сен бұл бөлімде «руханият» ұғымы жөнінде, оның жеке адам, халық және қоғам өмірінде қандай маңызы бар екені жөнінде жан-жақты мәлімет аласың.



Тоқ етерін айтқанда, «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәні саған Отанды сүю және оған лайықты перзент болу ілімін, оның рухани жақтарын үйретеді.

Бұл пәннің білім беру жүйесіне енгізілуі және оқытылуы елімізде са-лауатты, жан-жақты кемелденген ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған жо-ғары назардың нәтижесі болып табы-лады. Демек, еліміздің жастарын білікті де білімді етіп тәрбиелеуге қызмет ету — бұл пәннің негізгі міндеті.

Аталмыш пән өзінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру бары-сында әдебиет, тарих, құқықтану, дінтану сынды ғылым мен білім са-лаларын, педагогика және психоло-гия пәндерінің заманалық түсіндіру, сипаттау әдістерін кең пайдаланады.



Зат-құбылыстардың ең маңызды белгілері мен ерекшелік-терін білдіретін сөз яки тіркес «ұғым» деп аталады.

«Қағидат» сөзі бір жақты бағыт, әлденені жақтау, бұлжы-майтын тұжырым мағыналарын білдіреді. Бұл сөз көбінесе «принцип» сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Ұлттық тәуелсіздік идеясының негізгі ұғымдары мен қағидаттары дегенде бұл сөз принцип мағынасында қолданылған.

«Принцип» — латын тілінен аударғанда белгілі бір теория-ның немесе ілімнің жетекші қағидасы, дүниетаным мен көзқа-растың ережесі дегенді білдіреді.

Мына бір шындықты әрқашан есте сақтаңдар: бүгінгі таңда біз бастан өткеріп жатқан тәуелсіз өмір ата-бабаларымыз үшін сан

ғасырлар бойы ізгі мақсат, ұлы идея болып келген. Өткен ұрпақтардың осы мақсат жолында ұзаққа созылған машақатты күрестері, ауыр еңбектері арқасында біз қазіргі еркін де азат күндерге қол жеткіздік. Халқымыз тәуелсіздік жылдарында материалдық және рухани тұрғыдан әлемде ешкімнен кем болмай өмір сүру, дамыған елдер қатарынан лайықты орын алу жолында қажырлылықпен алға ұмтылып жатқанда, ел-жұртымызға тірек, сүйеніш болу бәріміздің перзенттік борышымыз екенін ұмытпауға тиіспіз.

Бұл үшін біз басқа да пәндермен қатар «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздерін» де тыңғылықты игеріп, Отан-анамызға адал қызмет етуге жан-жақты дайын болуымыз керек. Бұл істе сендерге енді ғана оқып-үйренуге кіріскен аталмыш пән ең жақын жәрдемші болады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәнінің негізін кім және қашан қалаған?
2. Бұл пән неше бөлімнен тұрады?
3. Аталмыш пәннің бірінші бөлімі қалай аталады және ол нені үйретеді?
4. Ұлттық идея неге қызмет етеді?
5. «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәнінің екінші бөлімі қалай аталады және ол нені үйретеді?
6. Ұлттық идеямыздың мәні мен мазмұнын сипаттайтын кітаптың атын айт.
7. Президент Ислам Каримовтың қайсы кітабында ұлттық идеямыз одан әрі байытылған?
8. «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» пәнінің мақсаты не?
9. Бұл пәннің міндеттері туралы әңгімеле.
10. Мына суреттерге қарай отырып, салауатты және кемел ұрпақ қандай болуға тиіс екендігі жөнінде баянда.



а



ә



б



в

I тарау

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – ІЗГІ АРМАН-ҰМТЫЛЫСТАР КӨРІНІСІ

Әлемдегі әрбір халықтың ұлттық идеясы оның арман-ұмтылыстарының, жан дүниесінің, сана-түйсігінің көрінісі ретінде қалыптасады. Сонымен қатар ұлттық идея өзінен-өзі қалыптасып, жүзеге аса бермейді. Бұл үшін, ең алдымен, қолайлы тарихи жағдай қажет.



Тәуелсіздік — ұлттық идеяның қалыптасуы үшін ең маңызды тарихи жағдай болып табылады. Сондықтан да «тәуелсіздік» және «ұлттық идея» ұғымдарын бір-бірінен бөлуге болмайды. Осыған орай ұлттық идеямыз тәуелсіздік мағынасын білдіретін сөзбен бірге ұлттық тәуелсіздік идеясы деп аталады.



Тек тәуелсіз мемлекетте ғана халық еркін де азат өмір сүру, өз алдына ұлы мақсаттар қойып, соларды жүзеге асыру жолында бар күш-жігерін, ақыл-зейінін жұмылдыру мүмкіндігіне ие болады.

Ұлттық идеяға жинақталған ізгі мақсаттар мен ұмтылыстар сан ғасырлар бойы халқымыздың жүрегінде жасап, оның практикалық жұмыстарында белгілі бір дәрежеде өз сипатын тауып отырған. Бірақ халқымыз бен оның жанқияр перзенттері қаншалықты әрекет жасаса да, жеткілікті тарихи жағдай болмағандықтан, оларды толығымен жүзеге асыру ісі аяқталмай қала берген.

Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде елімізде ауқымды ағарту істерін жүзеге асырған жәдиттер білім мен ағартуды тарату, жаңа үлгімен, яғни төте әдіспен оқытатын мектептер, кітапханалар, театрлар ашу, газеттер мен журналдар шығару арқылы Отанымызды гүлдендіруге, халқымыздың өмірін абат та ауқатты етуге ұмтылды.

Дегенмен жоғарыда тілге алынған тарихи жағдай — тәуелсіздік болмағандықтан, олардың бұл әрекеттері іске аспады.



Бұндай алғышарттар мен жағдайдың туындауын және оны дер кезінде пайдалану үшін халықты ояту, бірлестіру, ұлы істерге жұмылдыруда үлкен жетекшілік қабілеті бар, алысты көздейтін, ержүрек, алған бетінен қайтпайтын басшының тарих сахнасына шығуы шешуші рөл атқарады.

Сен Президент Ислам Каримовтың «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабын оқысаң, бұл пікірлерге толық қосыласың. 1989 жылы 23 маусымда Ислам Каримов Өзбекстан басшысы ретінде жұмыс бастаған кезде бұрынғы КСРО құрамында болған еліміз ауыр жағдайға душар болғанын сен осы кітаптан біліп аласың. Сол кездерде Өзбекстанға КСРО-ның орталық қалаларынан тергеушілер, біздің жағдайымызды, тілімізді, салт-дәстүрлерімізді мүлде білмейтін, білу түгілі құрметтегісі де келмейтін басшы кадрлар жіберілген болатын. Олар мақта үстемдігі астында, өте қиын жағдайда өмір сүріп жатқан халқымыздың атына жала жауып, қудалауды өрістетті. «Мақта ісі» деген жасанды айыптаулар тағылған



жүздеген адамдар абақтыға қамалып, нахақ жазаға тартылды. 1989 жылдың мамыр айында Ферғана облысында бүлік шығып, ел басына ауыр күн туды. Мінеки, нақ осындай қиын-қыстау шақта Ислам Каримов бар жауапкершілікті өз мойнына алып, халқымызды тәуелсіздік жолына бастады. Республикалық деңгейдегі алқалы жиында енді ғана жаңа лауазымға сайланған Өзбекстан басшысы өзінің алғашқы сөзін: «Біз бұдан былай ескіше өмір сүре алмаймыз және бұлай өмір сүруге заманның өзі жол бермейді», — деп бастауы оның шын мәнінде халық жүрегіндегі ұлттық идеяны — сан

ғасырлық арман-ұмтылыстарды жүзеге асыруға қатаң бел буып, алаңға шыққанын дәлелдейтін еді.

Тәуелсіздік жолындағы осындай ұлы ерлікке толы іс-қимылдардың арқасында Ферғана облысында белең алған қайғылы оқиғаларға шынайы баға беріліп, олардың салдары жойылды. Елімізде тұрғындарға қосымша бақшалық жер бөлу, «мақта ісімен» нахақ қамалғандарды жазадан азат ету, мақтаның бағасын көтеру, қозалық алқаптарды көлемін азайту, таза ауыз сумен және табиғи газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту бойынша көптеген тарихи қаулылар қабылданды. Халықтың рухани өмірінде де елеулі өзгерістер орын алды. Өзбек тіліне мемлекеттік тіл қалыбының берілуі, Наурыз жалпыхалықтық мейрамының, Рамазан және Құрбан айттар секілді діни мерекелердің, ұлттық құндылықтарымыздың, ұлы ата-бабаларымыздың тәбәрік есімдері мен мұраларының тіктелуі — осылардың қатарынан. Бұлардың барлығы да еліміздегі төтенше жағдайларға шек қойып, халықтың жүрегінде ертеңгі күнге, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенімін күшейтті.



Әрбір халық тәуелсіздікке жетісімен-ақ өзінің ұлттық мемлекеттілігін тіктейді немесе оны жаңадан орнатуға кіріседі. Біз де Отанымыз тәуелсіздікке ие болған соң үш мың жылдан астам тарихы бар ұлттық мемлекеттілігімізді тіктедік. Осы ұлттық мемлекеттілікке, оның бай тәжірибелері мен дәстүрлеріне сүйеніп, сонымен қатар әлемдегі дамыған мемлекеттердің тәжірибелерін ескере отырып, елімізде құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтық қоғам құруға кірістік.

Ең алдымен, осынау жаңа мемлекет пен қоғамның мақсат-міндеттерін айқындап алу, содан соң бүкіл халықты сол ұлы іске жұмылдыру үшін жаңа тарихи жағдайда ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын қалыптастыру кезек күттірмес қажеттілікке айналды. Бұл ретте еліміздің Президенті Ислам Каримовтың ұлттық идея, Өзбекстанда орнатылып жатқан жаңа мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани-идеологиялық негіздері жөніндегі ой-пікірлері, барлық іргелі шығармалары негіз болды. Осыған орай 2000 жылы «Ұлттық тәуелсіздік идеясы: негізгі ұғымдар мен қағидаттар» туындысы дайындалып, баспадан шығарылды. Онда ұлттық идеямыздың мән-мазмұны ег-

жей-тегжейлі талданып, негізделді. Елбасының 2008 жылы баспадан шыққан «Жоғары руханият — жеңілмес күш» кітабында ұлттық идеямыздың негізгі ұғымдары мен қағидаттары одан ары дамытылды.

Біз «қанаушы жүйе», «кеңес отаршылығы кезеңі», «коммунистік идеология үстемдігі» деп атайтын бұрынғы КСРО заманында ұлттық идеямыздың кейбір белгілері мен көріністері халық жүрегінде өмір сүріп, оқтын-оқтын табиғи түрде, яғни нақты жүйеленбеген, шашыраңқы ұғымдар, арман-талпыныстар түрінде көрініп қалатын еді. Ұлттық идеямыз тек тәуелсіздік кезеңінде ғана біртұтас жүйе ретінде қалыптасты.




Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлттық идеяның туындауы үшін ең алдымен не қажет?
2. Ұлттық идеямыз неліктен тәуелсіздік идеясы деп аталады?
3. Ұлттық идеяның толығымен қалыптасып, жүзеге асуы үшін ең маңызды тарихи жағдай дегенде нені түсінеміз?
4. XX ғасырдың бас кезінде жәдиттер бастаған жұмыстар неліктен аяқталмай қалды?
5. Президент Ислам Каримовтың «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабын оқығанда, қандай нәрселерге сеніміміз күшейеді?
6. Мына суреттерге қарап, елімізде тәуелсіздік идеясы қалайша жүзеге асырылғаны жөнінде әңгімелеп беріндер.



а



ә



б



в

РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Қымбатты оқушы, бұл пәннің аты «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» болғандықтан, ең алдымен, руханияттың өзі не екені жөнінде тереңірек білуге әрекет жасайық.

Президент Ислам Каримов руханиятқа төмендегідей сипаттама береді:



«Руханият — адамды жан дүниесін тазартуға, рухани тұрғыдан кемелденуге үндейтін, адамның ішкі дүниесін, ерік-жігерін мықтылайтын, иман-сенімін күшейтіп, ар-намысын оятатын теңдесі жоқ күш, оның барлық көзқарастарының өлшемі болып табылады»¹.

Демек, рухтың тазалығы — руханияттың басты шарты. Рухтың тазалығына ұмтылған әрбір адамның руханияты басқаларға қарағанда күшті болады.



Рухтың тазаруы көңілдің тазалығын, ізгі арман-ниеттерді серік етіп, адал өмір сүруді білдіреді.

Жоғарыда тілге алынған сипаттамада негізделген тағы бір өлшем — жан дүниенің есеюі.



Жан дүниенің есеюі жүрегіміздің өзіміз туылып-өскен Отанға деген сүйіспеншілікке, туған халқымызға деген мейірім-адалдыққа толып, соның арқасында ақ пен қараны ажырату, ұдайы жетіліп отыру дегенді білдіреді.

Кезекті өлшем — руханияттың адамның ішкі дүниесі мен ерік-жігерін жанып, нығайтатын, иманы мен сенімін тұтастыратын ерекшелігі.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 19-бет.



Адамның ішкі дүниесі — өмірді тек сырттай ғана емес, сонымен қатар сана мен түйсік, ақыл мен парасат арқылы да бақылап, талдай білу мүмкіндігін беретін рухани әлем болып табылады.



Рухани жан дүниесі бай адамның ішкі назары да күшті болады. Бұндай адамдарды «жан дүниесінің көзі ашық адам» деп те дәріптейді. Қысқасы, руханият біздің тек сыртымыз ғана емес, ішкі жан дүниеміздің де ашық болуын талап етеді. Осындай ішкі көз арқылы айналадағы оқиға-құбылыстардың сырттай қарағанда көріне қоймайтын мән-мағыналарын да ұғынып алуға болады. Соның арқасында көптеген олқылықтар мен кемшіліктерден арылуға, досты дұшпаннан, жақсыны жаманнан айыра білуге мүмкіндік туады.

Ішкі дүниесі кең, бай әрі мықты адам барлық істерді жан-жақты ойланып жүзеге асырады, ішкі рухани серігінен, ақылшысынан қосымша күш-қуат алып тұрады. Сондықтан да Елбасымыз руханияттың жеңілмейтін күш екендігіне жеке-дара тоқталып өтеді.



Адам ерік-жігерінің мықтылығы оның ақыл-ойы мен сезімдерінің анық бір мақсатқа бағытталып, өзін-өзі әрі ішкі, әрі сыртқы жағынан басқара алу қабілетімен белгіленеді.

Ерік-жігері мықты адам жүрегіндегі ізгі сезімдерін оятып, тұла бойына тың күш-қайрат құйылғанын сезінеді және өзгелерден гөрі көбірек жұмыс істеу немесе оқу арқылы өз үстемдігін танытады.

Мәселен, бұрынғы кеңестік жүйе кезінде келешектен үлкен үміт күтіп, азат та тәуелсіз күндердің келетініне сеніп өмір сүрген халқымыз өз санасындағы тарихи жад сезімінен, ұлы ата-бабаларымызды мақтан тұту сезімінен ұлан-ғайыр күш-қайрат алған. Сондықтан да сол қиын-қыстау заманда қаншалықты зорлық пен зомбылықты бастан өткізсе де, олар халқымыздың ерік-жігерін, рухын мұқалта алмады.

Үздіксіз жаттығу, өмір сынақтарында шыңдалу, қиыншылықтардан қорықпай, тек алға ұмтылу, өзінің күші мен мүмкіндіктеріне сену нәтижесінде адамның ерік-жігері нығайып, беки түседі.



«Ерік-жігер — түптеп келгенде, берік сенім деген сөз. Ерік-жігері мықты адам өзіне сенеді және кез келген күрделі міндетті өз жауапкершілігіне алуан сескенбейді»¹.

Тағы бір өлшем — иман мен сенімнің бүтіндігі де руханияттың мызғымас бөлігі болып табылады.



Ізгілік пен ақиқатқа қатаң сену, кемелдікке қарай ұмтылу да иман мен сенімнің белгісі болып саналады.

Адамдағы иман мен сенім бүтін болса, яғни жан-жақты жетілген болса, оған ешқандай шүбә мен күмән дақ түсіре алмайды, ол руханияттың тірегіне, өзегіне айналады.

Адамның ар-ожданын оятатын теңдесі жоқ күшті де руханияттың маңызды құрамдас бөлігі деуге болады.



Ар-ождан — барлық нәрсеге шындық пен әділеттілік тұрғысынан қарау, жанасу, жауапкершілікті сезіне білу дегені.

Өмірде жақсылық пен ізгіліктің қатар жүруі жолында күресу, жақсыға — жақсы, жаманға — жаман қатынаста болу да ар-ождан-ды адамның ісі болып табылады.

Дүниедегі жалған сөйлеу, көзбояушылық, ұятсыздық, біреудің ақысына қиянат жасау секілді дерттер адамның бойындағы ар-ождан сезімін сөндіріп, бірте-бірте оны ар-ождансыз біреуге айналдырып жіберуі де мүмкін. Ал руханият керісінше — адамның бойындағы ар-ождан сезімін оятуға қызмет етеді.



«Ар-ожданы ояу адам айнала-төңірегінде болып жатқан оқиғаларға, жәрдем мен көмекке мұқтаж адамдардың ділгірліктеріне, әділеттің тапталуына бейжай қарамайды. Әсіресе ел-жұрт мүддесіне зардабын тигізетін жауыз ниетті іс-әрекеттерге ешқашан жайбарақат, қаннен-қаперсіз қарап тұра алмайды, өз елі мен халқына жасалған қиянат пен опасыздықты мүлде қабылда-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 123-бет.

майды. Бұндай келеңсіздіктерді көргенде оның ар-ожданы қиналып, әрқашан күйіп-жанып өмір сүреді, қалай болса да оларды жоюға ұмтылады, тіпті осы жолда жанын да пидә етеді»¹.

Руханият ар-ожданды оятатын күш болғандықтан, адамның барлық көзқарастарының өлшемі болып келеді.



Адамның барлық көзқарастарының өлшемі дегенде, оның дүниетанымын, іс-әрекеттерін белгілейтін сенімі мен нанымдарын түсінеміз.

Сенім мен наным — руханияттың негізі. Демек, адам дүниетанымының өлшемдерін жоғары руханият белгілейді. Яғни адам баласы айналадағы оқиғалар мен құбылыстарға баға берген кезде өзінің руханиятына, рухани өлшемдеріне сүйенеді.



«Расында да адам баласы бұл дүниеде рухани тазарып, ерік-жігері мықты, иманы бүтін, ар-ожданы ояу болып өмір сүрмесе, адам өмірінде қандай мән-мағына қалады?»²

Қорыта айтқанда, руханият — адам, халық және қоғам өмірінің негізгі және басты белгісі.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Руханияттың сипаттамасын айт.
2. Адамның ішкі дүниесі дегенде нені түсінесің?
3. Сен өмірге ішкі көзіңмен қарап көрдің бе?
4. Адамның ерік-жігерінің мықтылығы жөнінде әңгімеле.
5. Жан дүниенің есеюі дегенде нені түсінесің?
6. Мына суреттерге қарай отырып, ерік-жігерді шынықтырудың жолдары туралы әңгімелеп бер.



а



ә



б



в

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 27—28-беттер.

² Сол шығарма, 28-бет.

ПІКІР ЖӘНЕ ИДЕЯ

Қымбатты оқушы, біз руханияттың адам, халық және қоғам өмірінің негізгі белгісі екендігін ескере отырып, әңгімемізді саналы тіршілік иесі болып табылатын адамзаттың ең маңызды ерекшеліктері жөніндегі пікірлермен одан ары жалғастырайық. Міне, осындай ерекшеліктердің бірі — тек адам баласына ғана тән ойлау және пікірлеу қабілеті.



Адам өз өмірі барысында күн сайын сан түрлі оқиғалар мен құбылыстарды көреді және бақылайды. Олар туралы мәлімет-ақпараттарды үздіксіз қабылдағандықтан, адамның санасы мен түйсігінде де тоқтаусыз өзгерістер жүріп жатады. Оларды біз пікір, ой яки қиял деп атаймыз.

Көптеген жерлестеріміз Отанымыздың астанасына келіп, бұл жердегі өзгерістерді көрген соң, өзінің әсерлерін былайша баяндайды: «Ташкентке барғанда, бұрынғы пікірлерім мен білетіндерім толығымен өзгерді, ондағы Тәуелсіздік және Еске алу алаңдарын, Өзбекстан Ұлттық бағын, Әмір Темір мұражайын, Хазіреті Имам кешенін, жап-жаңа ғимараттарды, лицейлер мен колледждерді, көрікті көшелерді көріп, тәуелсіздіктің күшіне тағы да бас идім». Осыдан-ақ жаңалықтар мен өзгерістердің адам санасында тың пікірлер туғызатынын, дүниетанымын өзгертетінін біліп алуға болады.

Сондықтан да біз, ең алдымен, пікір мәселесіне тоқталып өтейік.



Адамның арман-ниетіне орай пікірлер екі түрлі болады. Алғашқысы — тек жалғыз адамның көзқарасын бейнелейтін жеке пікір. Екіншісі — көпшіліктің көзқарасын бейнелейтін әлеуметтік пікір.



Егер пікір жұртшылықтың назарын аударатын, оларды бірлестіретін, бірер іс-қимылға үндейтін болса, онда ол идея деп аталады.



Жеке пікір, яғни жалғыз адамның жеке көзқарасын немесе мүдделерін бейнелейтін пікір өзгелер үшін идея бола алмайды. Өйткені ол бір-ақ адамның мақсатын білдіреді. Мәселен, «Мен үй салмақшымын», яки «Мен кітап оқымақшымын» деген пікірлер өзгелерді бірлесуге және іс-қимылға шақыра алмайды.



Идея, ең алдымен, көпшіліктің арман-ұмтылысы мен мүдделерін бейнелеуі, адамдарды бірлестіруі және белгілі бір мақсатты жүзеге асыруға жұмылдыруы қажет.



Сондықтан да әлеуметтік маңызы бар, көпшіліктің мүдделеріне қатысты пікір идеяға айналуы әбден мүмкін. Мәселен, «Мен махалла төрағасы болсам, адамдардың басын қосып, олардың күшімен жаңа гузар салдырамын» деген сөз сол махалланың мүшелері үшін әлеуметтік маңызы бар пікір болып табылады. Ал бұл өз кезегінде махалла тұрғындарын сол адам үшін дауыс беруге шақыратын, соған бірлестіріп, жұмылдыратын идея бола алады.

Егер пікір мемлекет деңгейінде маңызды болса, мезгілі жеткенде ол ұлттық идеяға айналуы ықтимал.



«Ұлттық идея дегенде, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, сан ғасырлар бойы қадірленіп келе жатқан, осы елде өмір сүретін әрбір адам мен бүкіл халықтың жан дүниесіне терең дарып, оның рухани сұранысы мен өмір талабына айналған, әрбір ұлттың ең ізгі арман-ұмтылысы мен үміт-мақсаттарын көз алдымызға келтіретін болсақ, бұндай кең мағыналы ұғымның мазмұн-маңызын бейнелей алдық деп ойлаймын»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 71-бет.

Мысалы, тәуелсіздік ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы қол жеткізе алмай келген қастерлі арман еді. Ол әлеуметтік маңызы бар, көптеген жылдар барысында халық мүдделеріне жауап бере алатын мақсатқа айналғандықтан, баршаны бірлестіретін ұлттық идеяға айналды. Халқымыз Президент Ислам Каримовтың басшылығымен осы идея төңірегіне бірігіп, 1991 жылы 31 тамызда оны жүзеге асырды. Сөйтіп, тәуелсіз Өзбекстан мемлекеті тіктелді.



«Біздің ең ұлы мақсатымыз, ең ұлы идеямыз сол — Өзбекстанның жалғыз жолы бар: тәуелсіздікті нығайту, мемлекетті жан-жақты кемелдендіріп, жарқын да еркін өмірге қарай алға ұмтылу»¹.

Назар аударған болсандар, теледидар мен радиода «әлеуметтік пікірді зерттеу» деген сөз тіркесі жиі қолданылады. Бұның мәнісі сол, демократиялық қоғам орнату жолын ұстанған мемлекеттерде, соның ішінде біздің елімізде де адамдардың қоғамда болып жатқан өзгерістер мен реформаларға көзқарастарын, жалпылама көңіл күйін анықтау үшін олардың пікірлері зерттеледі. Әлеуметтік пікірдің қандай екендігі, халықты қайсы мәселелер көбірек қызықтыратыны ескеріліп, мемлекеттік кеңселер, саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар мемлекетті өркендетудің тың идеяларын ұсынады.

Әлеуметтік пікір көпшіліктің мақсат-мүдделерімен тығыз байланысты болғандығы себепті оны жүзеге асыру ісіне халық та ат салысады. Мәселен, мемлекет парламенті — Олий Мажлистің төменгі — Заң шығару палатасы мен жоғарғы — Сенатының сессияларында жаңа заңдар қабылданады. Бұл заңдар халықтың түпкі мүдделерін бейнелейтін мәселелердің заңды шешімін көрсетеді. Мысалға алатын болсақ, фермерлікті, шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту, жастардың мықты, жан-жақты кемелденген азаматтар болып өсуіне қажетті барлық қолайлылықтарды жасау — бәрі де халықтың әлеуметтік пікірін зерттеу арқылы Олий Мажлис палаталарының сессияларында заң құжаттары түрінде қабылданады.

Демек, елімізде орнатылып жатқан демократиялық қоғам жағдайында әлеуметтік маңызы бар идеялар парламент қабылдаған

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 76-бет.



зандар, Президент қаулылары, жарлықтары мен өкімдері, үкімет қаулылары, бағдарламалары және басқа заңды құжаттар арқылы жүзеге асырылады. Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігі де мемлекет парламентінде 1991 жылы 31 тамызда қабылданған заң құжаты негізінде жүзеге асырылды.

Әрине, өмірде жеке пікірді жүзеге асыру бойынша әлдекіммен ақылдасу қажет. Мәселен, бірер жерлесіміз үй сатып алмақшы болса, отбасы мүшелерімен, жақын ағайын-туыстарымен, достарымен кеңеседі. Жалпы алғанда, әрбір істі кеңеспен шешкен орынды. Өйткені, халық тілімен айтқанда, «Кеңесіп

пішілген тон келте болмайды». Дегенмен жеке пікір бойынша қанша ақылдассаң да, ақыр соңында бірер шешімге келу пікір иесінің өзіне барып тіреледі. Себебі бұл пікір тек сол адамның ғана мүддесін бейнелейді, басқалардың мүдделеріне қатысы жоқ. Қысқасы, жеке пікір жеке шешімге, жеке идеяға айналуы мүмкін, бірақ көпшілік үшін идея бола алмайды.



Жеке пікір адамның дербес шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Сен кәмелетке толғаныңда қайсы мамандықты тандау, қайсы оқу орнына түсу бойынша ата-анаңмен, ұстаздарыңмен, достарыңмен ақылдасып, кеңесесің. Бірақ қызығуың мен қабілетіңе орай қай мамандықты тандау немесе қайсы оқу орнына түсу жөнінде өзің шешім қабылдайсың.

Неліктен біз ұлы адамдардың жеке қасиеттерін, олардың өз перзенттеріне, отбасы мүшелеріне айтқан үгіт-насихаттарын, хаттарын оқып-үйренеміз? Өйткені олар өмір бойы ұлы мақсаттарға

ўмтылып жасағандығы, әрқашан көпшіліктің бақыт-игілігін ойлағандығы үшін жеке өмірлері де соншалықты қымбат игілікке айналып кеткен.



Ұлы мақсаттарға ұмтылып өмір сүрген тұлғалардың жеке пікірлері де әлеуметтік сипатқа ие болады.



Мүдде дегенде, мақсатқа сай келетін, талаптар мен сұраныстарға жауап беретін заттар мен құбылыстарды, іс-қимылдарды немесе қызметті түсінеміз.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамда пікір қалай пайда болады?
2. Пікірлер неше түрлі болып келеді?
3. Жеке пікір мен әлеуметтік пікірдің айырмашылығы неде?
4. Мына суреттерге қарай отырып, кімнің қандай пікір білдіріп жатқанын айтып бер.



a



ә



б



в

5. Сен өз пікіріңді алдымен кімге айтасың?
6. Идея қандай пікірден туады?
7. Ұлттық идея деп нені айтамыз?
8. Отбасында және мектепте кімдермен ақылдасасың? Бұл кеңестер саған қалай көмектеседі?



ИДЕЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Қымбатты оқушы, өмір сан қилы және сан қырлы болып келеді. Ондағы әрбір оқиға мен құбылыстың қайталанбас пішіні, мағына-мазмұны және маңыз-сипаты бар. Сонымен қатар өмір аса құбылмалы да. Әсіресе мына үдемелі, алмағайып кезеңде кеше ғана жаңалық болып көрінген нәрсенің бүгін ескіріп қалуы түк емес.

Адам баласының да көзқарастары мен ой-пікірлері сан қилы. Бұл жөнінде Президент Ислам Каримов былай деп атап көрсетеді:



«Жер жүзінде қанша адам өмір сүріп жатқан болса, солардың арасынан саусағының таңбасы да, ішкі жан дүниесі де бірдей екі адамды табу, кездестіру қиынның қиыны. Бұл адамдардың ойлау және өмір сүру салты да бір-бірінен ерекшеленіп тұратыны заңды»¹.

Осыған орай адамдардың мақсатын, арман-ұмтылыстарын сипаттайтын пікірлер де сан алуан болады.



Идеялар өзіне тән жүйе жасау, ұйымдастыру, жұмылдыру, яғни алға бастау, іс-қимыл көзі болу секілді ерекшеліктерге ие.

Өткен тақырыпта пікір мен идеяның бір-бірінен айырмашылығы жөнінде әңгімелескен едік. Есінде болсын, идеяның өзі де пікірден туындайды.



Идея дегеніміз — ұдайы жетіліп отыратын, көпшіліктің қызығуын оятатын пікір.

Ұдайы жетіліп отыратын кез келген нәрсенің белгілі бір жүйесі болады.



Идея өзінің мағына-мазмұнына жақын пікірлерді, ұғымдар мен түсініктерді жинақтап, жүйе жасайды.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 23-бет.

Мысалға азаттық идеясын алып қарайық. Бұл идея азаттық, бостандық, күрес, тәуелсіздік, құқық, теңдік және әділет тақылеттес ұғымдар мен түсініктерді өзінің айналасына шоғырландырады. Сондықтан да оны жүзеге асыру қажеттілікке айналған кезде аталмыш жүйедегі ұғымдар мен түсініктердің барлығы да көкейкесті болғандықтан, адамдарды өзіне баурап алады. Сен азаттық жолында қажырлы күрес жүргізген халықтардың тарихы, соның ішінде өз тарихымыз мысалынан-ақ бұған көз жеткізе аласың.



Айналаңдағы ағаштарға еш көңіл бөлгенсің бе? Көктем келісімен-ақ ағаштың жаңа бұтақтары шығып, құлпырып өсе бастайды. Өйткені көктемде оның өсіп-дамуына қолайлы жағдай туады. Идеяның өсіп-дамуын да соған теңей аламыз.



Қоғам үлкен өзгерістер алдында тұрған кезде халықтың көшбасшылары санасында да адамдар үшін өмірлік зәру идеялар туындайды.

Мысалға алатын болсақ, Президент Ислам Каримов тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздіктен кейін елімізде жаңа өмір орнату, реформаларды жүзеге асыру, ел тыныштығы, халықтың әл-ауқатын жақсарту, кемел адамды тәрбиелеу бойынша көптеген ізгі идеяларды алға қойды. Олардың барлығы да ұлттық идеямызға дарытылып, бүгінгі таңда Конституция мен заңдар арқылы күнделікті өмірімізден өз көрінісін тауып отыр.



Әрбір заман адамдар алдына жаңа, тың міндеттер қояды. Соған орай идеялардың құрылысы мен жүйелері де өзгеріп отырады.

Мысалға әділет идеясын алайық. Бұл идеяның негізгі арқауы ерте замандарда әділетті патша, әділетті билеуші төңірегінде болған. Сен Әлішер Науаидың және басқа классик ақындардың шығармаларын оқысаң, оларда осы идеяның басты арқау болғанын байқайсың. Бірақ XX ғасырдың басына қарай біздің елімізде

әділеттілікке қол жеткізудің негізгі шарты — халықтың ерік-қалауымен басқарылатын қоғам орнату, адамдардың саналы, білімді де мәдениетті болуы дейтін көзқарастар пайда болды. Бұндай идеяларды халқымыздың отаншыл перзенттері — жәдиттер көтерді. Ал біздің заманымызда әлемдегі дамыған елдер тәжірибесі ескеріліп, әділетке қол жеткізу еркін де тоқшылық өмір, әрбір адамның өз құқықтарын жақсы білуі, заңның үстемдігі арқылы жүзеге асырылады деген идея басты орын алады.



Идеялар заман талабына сәйкес өзінің құрылысын өзгертуі, олардың жүйесіндегі кейбір ұғымдар мен түсініктердің ескіруі, ескіргендерінің орнына жаңалары пайда болуы мүмкін.

Идеяның ұйымдастырушылық ерекшелігі оның жүйе түзу ерекшелігімен тығыз байланысты. Түптеп келгенде, бірі екіншісінен тартымды, тандай қақтыратын ұғымдар мен түсініктерді өз төңірегіне шоғырландырудың мақсаты, ең алдымен, адамдарды бірлестіріп, біртұтас күшке айналдыру болып табылады. Өйткені көзқарастары мен ұғымдары әр түрлі адамдарды басты идея төңірегіне топтастыру үшін нақ осындай сан алуан ұғымдар мен түсініктер қажет болады. Мәселен, азаттық идеясы өзге пікір-идеялармен бірге мүдделері де әр қилы адамдарды өзіне тартады. Анығырақ айтсақ, «азат болсақ, жеріміз де, суымыз да өзіміздікі болады» деген идея диқан-шаруаларда, «зауыттар мен фабрикалар өзіміздікі болады» деген идея кәсіпкер адамдарда, «санамыз бен ой-пікіріміз еркін болады» деген идея зиялыларда үлкен қызығу оятады. Осылайша барлық топтар мен қабаттардағы адамдарды бірлестіруге мүмкіндік туылады.

Идеяның жұмылдырғыштық, яғни алға бастаушылық және іс-қимыл көзі болу қасиетіне де күнделікті өмірден қыруар мысалдар келтіре аламыз. Сен айнаlandaғы адамдар арасынан «биыл жақсы жұмыс істеп, тапқан табысыма той жасаймын яки машина аламын», «үй саламын», «жаңа дүңгіршек ашамын» деген сөздерді көп естіп жүрсің. Көріп отырғанындай, анық та айқын мақсат оларды алға ұмтылуға, іс-қимылға үндейді. Идея да сол сияқты.



Түркі тілінің, яғни қазіргі өзбек тілінің парсы және араб тілдерінен еш кем жері жоқ деген идея Әлішер Науаиды өз ана тілінде көптеген шығармалар жазуға, атап айтқанда, бес дастаннан тұратын «Хамса» кітабын жазуға жігерлендірген.



Қымбатты оқушы, қане, айта ғойшы, қандай пікір немесе мақсат сені жақсы оқуға шабыттандырады?



Ізгі идеялар барлық ұлы сезімдерді, ұғымдар мен түсініктерді өзінің айналасына шоғырландырады. Сондықтан да олардың адамдарды бірлестіре алатын құдіреті бар. Жақсы идеялар ешқашан өлмейді. Өйткені олар халықтың үміт-сенімінен, ата-бабалардың арман-тілектерінен туындайды. Жылдар, ғасырлар өтсе де, жаңадан күшке толып, адамдарды күреске, іс-қимылға үндеуін жалғастыра береді.

Ізгілік пен жақсылық идеялары сонау ерте замандардан бері адамдардың ой-санасында өмір сүріп келеді. Халқымыздың ұлы рухани жәдігерлігі болып табылатын «Авесто» кітабына ізгілік идеясы басты арқау болған. Содан бері сан ғасырлар, мыңжылдықтар өткеніне қарамай, ізгілікті сақтап қалу, адамдарды жақсылыққа шақыру бүгінгі таңда да көкейкесті екенін ұмытуға болмайды. Сол себепті күн сайын мектепке аттанып бара жатқаныңда ата-анаң: «Қарағым, жақсы оқы, жақсы бол, жамандарға қосылма», — деп ақыл-кеңес айтады.

Халқымыз: «Жақсы сөздің қанаты бар», — дейді. Өйткені жақсы сөз жедел тарап, адамдардың көкейіне қонады. Жақсы идея да нақ сол сияқты. Көрнекті өзбек қаламгері Абдулла Қаһар: «Әдебиет — атомнан да күшті», — деген. Қалайша әдебиет атомнан да күшті болады? Әдебиеттің күші сөз құралы арқылы бейнеленетін өнегелі пікір мен идеяда жатыр. Сен әдебиеттің негізгі қаруы — сөз екенін «Әдебиет» сабағынан жақсы білесің. Алайда бұл қару бірер пайдалы пікірді немесе идеяны бейнелейтін болса, оның ықпал күші анағұрлым арта түседі. Бұны Елбасымыз «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында жеке-дара атап өткен.



«Адамды, оның рухани жан дүниесін аша түсетін тағы бір құдіретті құрал бар, ол — сөз өнері, көркем әдебиет. Әдебиетті — адамтану деп, ал ақындар мен жазушыларды — адам рухының инженерлері деп сипаттау тегін емес, әрине»¹.



Идеялар түрлері бірдей, яғни өзара ұқсас идеяларды бірлестіріп, жинақтайды. Олар идеяның түрлері деп аталады.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 136-бет.



Идеялар ұлттық яки жалпыадамилық, діни яки дүниелік, ғылыми яки философиялық болып келуі ықтимал. Егер идея бір мемлекет халқының мақсаттары мен мүдделерін бейнелесе, онда ол ұлттық идея болады. Мәселен, жаңа қоғам орнату — Өзбекстан халқы үшін ұлттық идея болып саналады. Жер ғаламшарын сақтау, қанды соғыстарға жол бермеу — жалпыадамилық идея.

Дүниеде сондай идеялар да бар, олар адамдарды нақты бір мақсатқа қарай жұмылдырып, алға бастаудың орнына, керісінше, ізгі ниеттер мен игі істерден аулақтатады немесе олардың іс-қимылдарына бөгет жасайды. Сондықтан да идеялар озық идеялар және консервативтік идеялар болып бөлінеді.



«Консервация» сөзі латын тілінен аударғанда ескілікті сақтап қалу, ескіні қолдау дегенді білдіреді.



Бүгінгі таңда сатылы түрде, яғни басқышты даму жолымен жүру озық идея, ал ескі кеңестік жүйедегі әкімшілдік-әміршілдік әдіспен іс жүргізуді жақтау консервативтік идея болып саналады.



Идеялар халықтың ерік-қалауын, арман-ұмтылыстары мен мүдделерін қаншалықты дұрыс немесе бұрыс сипаттауына қарап, нағыз яки жалған, жасампаз яки бүлдіргіш идея болуы мүмкін.

Сен тәуелсіздікке арналған сабақтардан елімізді тәуелсіздіктен бұрын коммунистік партия дейтін күш билегенін білесің. Бұл партия бастапқыда большевиктер партиясы деген атпен аталған. Большевиктерді жақтайтындар басым көпшілікті құрайтынын білдіру үшін олар өздеріне осындай ат қойып алған.



«Большинство» сөзі орысша «көпшілік» дегенді білдіреді.

Большевиктердің негізгі идеяларының бірі жеке меншікті түп-тамырымен жойып, мемлекеттік меншік билігін орнату және халықты әлеуметтік тұрғыдан теңестіреміз деген мақсатпен баршаны мал-мүлкінен айырып, кедейлендіру болатын. Бұл — жалған идея еді. Өйткені Жер бетіндегі бірде-бір адам барынан айырылып, жарлы-жақыбайға айналғысы келмейді. Мал-дүниесінен жүрдай болған адам еркіндігінен де, атақ-абыройынан да айырылады. Больше-

виктер бұрынғы КСРО аумағында дара билікке ие болған соң, осынау ұлан-байтақ елдегі барлық халықтарды осындай жағдайға душар етіп, бұны өздерінше теңдік деп атады.



Бүгінде біз жүзеге асыруға ұмтылып жатқан баршаның заң алдындағы теңдігі — нағыз идея. Өйткені қоғамда заң мен әділеттіліктің үстем болуын, ешкімнің құқы аяқ асты болмауын күллі әлем қалайды.



Адамзат үшін қадірлі ізгі идеялар алға басудың нәтижесінде байып, дамып, жалпыадамилық құндылықтар жүйесіне сіңіп кетеді. Мәселен, біздің топырағымызда дүниеге келген зардуш-тилік іліміндегі ізгілік, ислам дініндегі кемелдік, қайырымды-лық пен жомарттық, ежелгі Грециядағы демократия, еркіндік идеялары, Шығыс ояну кезеңіндегі ағартушылық идеялары осы-лардың қатарынан.

Табиғат адам баласын ізденгіш әрі қызыққыш етіп жаратқан. Ол әрқашан бірер жаңалыққа, өзінің ақыл-зейіні, қабілеті арқылы ізгі істер жасауға, өзін тануға ұмтылады. Соның нәтижесінде оның жүрегінде соны сезімдер, ал санасында тың идеялар туындай береді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Идеяның негізгі ерекшеліктері жөнінде әңгімеле.
2. Идеяның әрбір ерекшелігіне бір-біреуден мысал келтір.
3. Дүниеде бір-бірінен еш айнымайтын екі адамды кездестіру мүмкін бе?
4. Мына суреттердегі адамдардың бет-әлпетіндегі айырмашылық-тарды түсіндіріп бер.



а



ә



б



в

5. Қандай құбылыстар жүйеленеді?
6. Ағаштың өсуі мен идеяның дамуында қандай ұқсастық бар?
7. Ізгі идеялар неліктен өлмейді?
8. Озық идеяларға мысал келтір.
9. Консервативтік идеяларға мысал келтір.
10. Шынайы және жалған идеялардың айырмашылығын түсіндір.

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗ ИДЕЯЛАР

Қымбатты оқушы, өткен сабақтардан белгілі болғанындай, жақсылық пен жамандық, жаңалық пен ескілік арасындағы күрестартыстардың тарихы өте тереңде жатыр. Адам баласы бұндай күресте негізінен жасампаз идеяларға сүйенеді.

Президент Ислам Каримов бұндай қарама-қарсылықтардың мән-маңызын егжей-тегжейлі сипаттап берген:



«Егер адамзат тарихына, оның сана-түйсігінің дамуына салыстырмалы көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, өмірде адамды кемелдікке, асқаралы асуларға жігерлендіретін ізгі идея-ілімдер мен жауыз да зиянды идеялар ортасында ежелден-ақ күрес болғанын және бұл күрес бүгінгі таңда да жалғасып келе жатқанын көреміз»¹.



«Жасампаз» сөзі жаратушы, жасаушы деген мағынаны білдіреді.



Адамның жан дүниесі мен санасында жаратушылық қабілетті оятып, халқына, Отаны мен адамзатқа пайдалы істерді орындауға жұмылдыратын идея жасампаз идея болып табылады.

Әлемдегі әрбір халық жасампаз идеялармен өмір сүреді. Өйткені әрбір халық өзінің жаратушылық құдіреті мен қабілетін ең алдымен жасампаздық істерімен көрсетеді. Сен ұлы Сайыпқыран бабамыз Әмір Темірдің нұсқауымен Шахрисабздегі Ақсарайдың мандайшасына жазылған «Кімде-кім біздің күш-құдіретімізге шүбә келтірсе, салдырған ғимараттарымызды көрсін» дейтін жігерлендіргіш сөздерді жақсы білесің. Бұл сөздерден халқымыздың құры-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 112-бет.

лысшылық әлеуеті мен күш-құдіреті қаншалықты зор екені айқын көрінеді. Назар аударған болсаң, ұлы бабамыз бұл арқылы «біздің әскерлерімізге, байлықтарымызға, дүниенің тең жартысын алып жатқан иеліктерімізге қарасын» деген емес. Неге? Егер ол солай деп айтқанда да халқымыздың күш-құдіретін белгілі бір мағынада сипаттаған болар еді. Өйткені Әмір Темір билік құрған кезеңде әлемде оның әскеріне тең келе алатын армия, оның қазынасына тең келетін байлық, оның иеліктеріне тең келетін мемлекет болмаған. Бірақ жиһангер бабамыз өз мемлекеті мен халқының көптеген құдіретті белгілерінің тек біреуіне ғана тоқталған. Ол да болса — халықтың жасампаздығы. Бұның астарында үлкен мағына жатыр. Мағынаның мәнісі сол, Әмір Темір мемлекеті қол жеткізген барша жетістіктер ең алдымен халықтың жасампаздығына негізделген. Ал бұл ерекшелік сол заманда бой көтерген әсем де қайталанбас жәдігерліктерден жарқын көрініс тапқан.

Бұндай ұлы қасиеттер біздің ертедегі тарихымыз барысында қалыптасып, ұдайы байып отырған жасампаз идеялардан нәр алған. Осыдан 2700 жыл бұрын дүниеге келген баға жетпес рухани мұрамыз — «Авесто» кітабындағы «Ізгі пікір, ізгі сөз, ізгі іс» дейтін ереже халқымыздың сонау атам заманнан бері жасампаздықты өзінің негізгі мақсаты, идеологиясы етіп алғанын айқындайды. Бұл ереженің астарында адамның ойлайтын пікірінде де, сөйлейтін сөзінде де, істейтін ісінде де тек жақсылық болсын, сонда оның бүкіл өмірі жасампаздыққа толы болады деген мағына жатыр.

Келесі бір ұлы бабамыз Бахауддин Нақшбандтың «Ділің Аллада, қолың еңбекте болсын» деген жігерлендіргіш сөзін еске алайық. Бұл ұлағат «әрбір ісінді анық мақсатты көздеп, ақыр сонын ойлап істе, уақытты зая өткізбе» деген өнегелі пікірді бейнелейді.



«Ата-бабаларымыз ұлы әулие Бахауддин Нақшбандқа шын көңілден ден қойып, оны «Бахауддини Балоғардан» деп әспеттеуінде терең мағына бар. Оның «Ділің Аллада, қолың еңбекте болсын» деген өміршең сөзі дініміздің қайырымы мол мағына-маңызын жарқын бейнелеп, нақ бүгін айтылып тұрғандай естіледі»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 40-бет.



**Бұхара. Бахауддин
Нақшбанд кесенесі**

ты ескеріп, адамдарға: «Сен де Алладан өнеге ал, ертелі-кеш еңбектен, іс-әрекетінді тоқтатпа», — дейді.



Ізгілік жолындағы тұрақты әрекет — жасампаздық болып табылады. Ал жан-тәнімен беріліп әрекет жасамайтын, ойланбайтын, дербес пікір қорыта алмайтын, кім не айтса, соны үн-түнсіз орындай беретін адамның істерін жасампаздық деуге болмайды. Тек шын жүректен орындалған еңбектен ғана нағыз кереметтер дүниеге келеді.



Әлемде жасампаздық еңбектің жемісі болып табылатын бұндай кереметтерді жиі кездестіре аламыз. Египет пирамидалары, Рим, Париж және Венеция қалалары, ежелгі Шығыс жәдігерліктері — осындай кереметтердің қатарынан. Біздің еліміздегі Самарқанд, Бұхара және Хиуа сынды көне қалалар, Регистан, Шахизинда, Мұнаралы Калон, Бұхара Аркасы, Ичанқала рәуіштес құнды сәулет ескерткіштері, «Шашмақом» секілді қайталанбас өнер маржандары да адамзаттың ақыл-зейінімен дүниеге келген кереметтер болып саналады.

Біз ұлы ата-бабаларымыздан мұра болып қалған осындай байлықтарымыздың бар екенін әрқашан мақтан тұтамыз, өзіміз де

келешекте нақ сондай жасампаздық жұмыстарды жүзеге асыруға ұмтыламыз.



Қымбатты оқушы, бұл үшін сен қалай оқуың, нендей нәрселерге көбірек назар аударуың керек?

Біздің халқымызға тән жасампаздық, жаратушылық дәстүрлер тәуелсіздік жылдарында қайта тіктеліп, лайықты жалғасын тапты. Бұл ретте Елбасымыздың тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап «Жаңа үй салмай тұрып, ескісін бұзба» деген идея көтеріп, енді ғана қалыптасып келе жатқан жаңа қоғам үшін жасампаздықты негізгі мақсатқа айналдырғаны маңызды рөл атқарды. Өйткені біз тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жыл да, одан кейінгі бірқатар жылдар да өте алмағайып, күрделі кезең болды. Ол кездерде кейбір мемлекеттер тәуелсіздіктің жеңісіне масаттанып, «енді жаңа қоғам орнатамыз» деп, құрудың орнына бар нәрселерді жаппай қиратуға беріліп кеткен болатын. Дегенмен жаңа қоғамды бір күнде немесе бір-екі жылда орнатуға болмайтыны белгілі. Бұл – ұзаққа созылатын, көбірек іздену мен тәжірибе жинақтауды, үздіксіз ауыр еңбекті талап ететін өте күрделі үдеріс. Осы шындықты терең пайымдаған Елбасымыз ескі қоғамның ғимаратын сақтай отырып, жаңа қоғамды сатылы түрде орнату жолын тандады.

Бұл жолдың маңыздылығы сол, ол ең алдымен отандастарымыздың жүрегінде жасампаздық сезімін оятты, оларды ұлы ата-бабаларымыздың дәстүрлерін лайықты жалғастыруға үндеді. Сондықтан да тәуелсіздік жылдарында қалалар мен ауыл-қыстақтар абаттанып, жаңаша сипатқа ие болды, жаңа мектептер, лицейлер мен колледждер, жоғары оқу орындары, мұражайлар, театрлар, заманауи кәсіпорындар, әсем де сәулетті тұрғын үйлер, саялы да салқын бақтар, даңғыл жолдар, көрікті базарлар мен көпірлер салынып, еліміздің шырайына шырай қосып келеді. «Жасампаз» деген сөз тіліміздегі ең жиі қолданылатын сөздердің біріне айналып, елімізде осы сөзбен аталатын тамаша демалыс орындары, ұйымдар мен ұжымдар пайда болды.



Адамзат ізгілікке қарай ұмтылған сайын оның ой-санасында жасампаз идеялар туыла береді.

Халқымызда: «Ізденген жетер мұратқа», — деген тамаша сөз бар. Егер назар аударған болсаң, ата-аналар өз перзенттерін сау-саламат, жан-жақты кемелденген азаматтар етіп өсірген сайын олардың жүрегінде жаңа-жаңа армандар туыла бастайды: балаларымды үйлендірсем, ел-жұртқа той берсем, оларды үйлі-жайлы етсем, немерелерімнің бақытын көрсем т. б. с. с. Егер олардың ой-санасында ізгі мақсаттар болмаса, ертеңгі күнге сеніммен қарай алмаса, бұндай арман-үміттер де болмас еді.



Жасампаз идеялар жеке адамдар мен халықтардың жүрегіндегі ізгі мақсаттардан туындайды.



Бүгінгі таңда адамзаттың алдында тұрған жалпы қауіп-қатерлерге қарсы ұлттар мен халықтарды бірлестіретін жасампаз идеялардың маңызы айрықша үлкен болып отыр. Бұндай идеялар заман талаптарына сай түрде өткізіліп жатқан әр түрлі іс-шараларда негізгі орында тұрады. Мәселен, халықаралық спорт жарыстарында, ғылыми-мәдени жиындарда, өнер мерекелері мен кинофестивальдарда дүние жүзіндегі прогресшіл күштерді біріктіру, достық, ынтымақтастық, бейбіт те тату-тәтті өмір сүру сынды ізгі идеяларға баса назар аударылып келеді.

Сен адамның атына айтылып жүрген көптеген дәріптеулер мен мадақтауларды жақсы білесің. Біз адамды Жаратқанның ұлы ғажайыбы, ұлы да қайталанбас тұлға, табиғаттың гүл-шешегі, ақыл-парасат пен үздік ой-сананың иесі дейміз. Бұндай дәріптеулердің барлығы да дұрыс. Десек те адам баласын бұндай мадаққа лайықты еткен — оның жасампаздығы екенін ұмытпау керек. Егер адам баласы әрбір жұмысты ақыл-зейінімен ойлап, таразыға салып екшей отырып істемесе, күш-күдіретін жұмсап, тендесі жоқ кереметтер туғызбаса, оның атына бұндай тамаша теңеулер, әдемі сөздер айтылмас еді.

Бұдан шығатын қорытынды сол, адам баласының ізгі ұмтылыстары, адамгершілік пен ізгілікке толы мақсаттары, жан дүниесінде әділет пен шындыққа сенімі тұрғанда, жасампаз идеялар да мәңгі жасай береді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Жасампаз» сөзінің мағынасы не?
2. Жасампаз идея деп қандай идеяны айтамыз?
3. Адамның ақыл-ойымен салынған, жасампаз еңбектің өнімі болған қандай ғажайыптар бар?
4. Әмір Темірдің халқымыздың жасампаздығынан жігерленіп айтқан сөздерін білесің бе?
5. Еліміздің тарихында қандай жасампаз идеялар болған?
6. Сенің қолыңнан сурет салу, бірер нәрсе жасау, гүл немесе көшет отырғызып, күту секілді істер келе ме?
7. Өзің жақсы танитын, нағыз жасампаз деп атауға болатын адамдар жайлы әңгімеле.
8. Еліміздегі «Жасампаз» деген атпен аталатын орындар, ұйымдар мен ұжымдар жөнінде өз пікіріңді айт.
9. Төмендегі сәулет ескерткіштерінің қайсысының маңдайшасына Әмір Темірдің нұсқауымен әйгілі өнегелі сөздердің жазылғанын көрсет.



а



б



в



г





БІЛІМ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

(Практикалық сабақ)

Қымбатты оқушы, сен руханият туралы, пікір мен идея туралы бастапқы білімге, ұғымға ие болып отырсың. Мынаны есінде сақта, руханият та, идея да адамды түсінуде, ұғынуда өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан да біз руханиятты, оның құрамдас бөлігі болып табылатын идеяны, осынау қос құнды құбылыстың ерекшеліктері мен заңдылықтарын қаншалықты тереңірек білсек, адамдарды да соншалықты жақсы түсінетін боламыз. Ал бұл бізді өмірде дұрыс жолды таңдауға, жақсыны жаманнан, тураны қисықтан айыра білуге баулиды.

Әрбір адам басқа адамдарды қаншалықты көп көрсе, олармен араласып, тәжірибе арттырса, оның білімі мен руханияты да соншалықты жоғары, күшті болады. Егер сен ұлы бабамыз Захириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» кітабын қолыңа алып, парақтап көрсең, автор парсының бір бәйітін мысалға келтіреді: «Жас адам айнаға қарап нені көрсе, қарт адам кірпішке қарап одан да жақсыны көреді».

Үйде әке-шешен немесе ата-әжен, ал мектепте ұстаздарың айтқан сөздерге, олардың іс-әрекеттеріне назар аударған болсаң, олардың қаншалықты көп білетініне, қыруар нәрсеге ақыл-пайымдары жететініне кәміл сенесің. Мәселен, сабақ кезінде ұстазыңның жалғыз өзі сыныптағы 25–30 баланың қимыл-қозғалысын, немен шұғылданып отырғанын, дәптері мен кітабын қай жерге қойғанын, қаламды қалай ұстағанын бақылап, көзден өткізіп тұрады. Оның назарынан еш нәрсе тыс қалмайды. Мұғалім сонша баланы жалғыз өзі бақылап отырудан тыс, бүкіл ақыл-ойын жаңа сабақты қызықты өткізуге бағыттауы, оқтын-оқтын дәптері мен кітабын ашып, сынып тақтасына тақырыпқа қатысты ережелерді жазып тұруы, оқушылардың түсінбей қалған тұстарын қайта түсіндіріп беруі керек. Оқытушының білім-тәжірибесі жеткілікті, руханияты жоғары деңгейде болғандығы себепті бас-аяғы 45 минуттың ішінде ол саған теңдесі

жоқ байлықты, яғни білімді тарту етеді. Сабақ арасында ебін тауып, өмірлік мәселелер, әдептілік пен адамгершілік бойынша да қажетті ақыл-кеңестер береді. Бұлардың барлығы да сан жылдар барысындағы тынымсыз еңбек пен қажыр-қайраттың, тұрақты ізденістердің нәтижесі болып табылады. Жоғарыда тілге алынған қанатты сөзге сәйкестендіріп айтатын болсақ, сен айнадан ғана көретін, әрең дегенде пайымдап алатын нәрселерді ұстазың кәдімгі кірпішке немесе лай кесегіне қарап отырып та айта алады. Білім мен руханияттың өлшеусіз күші де сонда.



Білім, ағарту, руханият адам баласына қосымша күш-қуат, мүмкіндік, былайша айтқанда, қосымша көз — жүрек көзін береді, оны айқындай түседі. Адам нақ сол көздің жәрдемімен өзгелер көре алмаған нәрсені көреді, білмеген нәрселерді біліп алады. Әсіресе айналамызда жүрген, күн сайын бізбен қарым-қатынаста болатын ата-анамыз бен аға-інілеріміздің, дос-жарандарымыз бен ұстаздарымыздың көңіл күйін, мақсат-мүдделерін әп-сәтте аңғарып, олар қалаған тілектерді орындау, олар армандағандай жақсы адам болу ісінде бұндай рухани қасиеттердің орны бөлек.

Біз өмірден өз орнымызды таба білуге, әрбір адаммен оның ішкі дүниесі мен мінез-құлқын ескере отырып мәміле жасауға, орынсыз сөзбен өзгелердің жанын ауыртып қоймауға, бір сөзбен айтқанда, әдепті де мәдениетті болу үшін адамды да, оның руханиятын да түсінуге тиіспіз.

Ата-анан да, ұстаздарың да саған күн сайын дұрыс әрі өте-мөте қажетті ақыл-кеңестер беріп, жөн-жоба сілтейді. Өйткені олар сенің мүмкіндігіңді, руханиятыңды, нендей нәрсеге мұқтаж екеніңді, шама-қабілетіңнің нелерге жететінін, нелерге жетпейтінін жақсы біледі.

Өзің де күн сайын отбасыңда, мектепте, көшеде талай адаммен кездесесің, сөйлесіп, әңгіме-дүкен құрасың. Өз басың толық аңғара қоймасаң да, олардың руханиятын түсініп, игеріп алуға тырысасың. Бұны мынадан да біліп алуға болады, сен ата-ананмен, жанұя мүшелерімен белгілі бір тақырып бойынша, ал сыныптас достарыңмен мүлде басқа тақырып бойынша сөйлесесің. Яки ер балаларға айтатын әзіл-қалжыңдарыңды қыздарға ешқашан айтпай-

сың. Демек, сен олардың рухани тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленіп тұратынын, әрбір сыныптасыңның өзіндік рухани дүниесі бар екенін жақсы білесің, соған орай олардың әрқайсысымен жеке мәміледе боласың. Әрбір досыңның немесе сыныптасыңның рухани дүниесіне сай келетін қарым-қатынас жолын таба аласың. Бұл – сенің үлкен жетістігің.

Қорыта айтқанда, білім мен руханият бір-бірімен тығыз байланысты. Адамның білімі мен тәжірибесі молайған сайын оның руханияты да кемелдене береді.

Осы практикалық жаттығудың талабын ескере отырып, сенімен қатар отыратын сыныптасыңның руханияты қандай екенін сипаттап беруге әрекеттен. Ол өзгелерден несімен ерекшеленеді? Тұйық па, әлде мылжың ба? Көп оқи ма, аз оқи ма? Ол қандай кино-фильмдерді ұнатады, қайсы кітаптарды оқиды? Спортпен шұғылдана ма, жоқ па? Ата-анасына қалай көмектеседі? Оның сенімен өмірлік дос болуын қалайсың ба, жоқ па? Неліктен?

Еліміздегі және әлемдегі қай спортшы немесе қайсы өнерпаз саған көбірек ұнайды? Олардың рухани жан дүниесі қандай деп ойлайсың?

Әрбір адам өзінің көңіліндегі сырлары мен ниет-армандарын тартынбай айта алатын, жанына жақын тартатын сырлас, мұңдас досы болуын қалайды. Сенің сондай досың бар ма? Өз басың өзгелердің жан сырын тындауға, оларға ниеттес, тілектес болып, дертін бөлісуге ұмтыласың ба?

Практикалық сабақ барысында осы сұрақтар жөнінде ой толғап, ұстазыңмен, сыныптастарыңмен пікір бөлісуге әрекеттен.

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият», 2013 жыл, 18–29-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Өзбекстан Ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл.
3. Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманауи өркениеттің дамуындағы рөлі мен маңызы. Халықаралық конференция материалдары. Ташкент, «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2014 жыл, 4–36-беттер.
4. Захириддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Ташкент, «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы Бас редакциясы, 2002 жыл, 159-бет.



ҚАЙТАЛАУ

Қымбатты оқушы, мінеки, «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханият негіздері» оқулығының бірінші тарауын да аяқтадық. Өтілген сабақтарды қайталап, алған білімдерінді пысықтау үшін әрбір сабақ бойынша берілген сұрақтар мен тапсырмаларды есіңе түсір. Ең маңыздысы, әрбір тақырыпта Президент Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабынан келтірілген дәйексөздердің маңызын тағы да түсінуге тырыс.

Өтілген сабақтарды қайталау және есте сақтап қалу үшін оларда баяндалған басты тірек ұғымдар мен тіркестерді қарап шығу маңызды рөл атқарады. Сен сол басты тірек ұғымдар мен пікірлерді әрбір тақырып бойынша дәптеріңе жазып шық. Мәселен, «Ұлттық идея — ізгі арман-ұмтылыстар көрінісі» тақырыбының тірек ұғымдарын төмендегідей ретпен жазуға болады.

Негізгі тірек ұғымдар мен тіркестер: ұлттық идея, халықтың арман-ұмтылыстары, қолайлы тарихи жағдай, тәуелсіздік, үлкен жетекшілік қабілеті бар басшының тарих сахнасына шығуы, ұлттық мемлекеттілік пен құндылықтардың тіктелуі, ұлттық идеяның негізгі ұғымдары мен қағидаттары, «Milliy istiqlol g'oyasi: asosiy tushuncha va tamoyillar» кітабы, «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабы.

Осылайша өзің маңызды деп санайтын тірек ұғымдар мен тіркестерді жазып алған соң, ұстазыңды және сыныптастарыңды қатыстыра отырып, тақырыпты тағы да қайталап шығуыңа болады.

Бұған қосымша түрде әрбір тақырып бойынша сұрақтар мен тест тапсырмаларын дайындап, дәптеріңе жазып отырғаның мақұл.

II тарау

ИДЕЯҒА ҚАРСЫ ИДЕЯ, ПІКІРГЕ ҚАРСЫ ПІКІР

ЗИЯНДЫ ИДЕЯЛАР

Қымбатты оқушы, дүниеде барлық оң нәрсенің терісі, яғни қарама-қарсысы болатыны сияқты, жасампаз идеялардың жолына тосқауыл болуға әрекет жасайтын идеялар да бар. Оларды зиянды яки бүлдіргіш идеялар деп атайды.



Жасампаз идеялар адамның жүрегінде ізгі арман-ұмтылыстарды оятып, оны жаратушылыққа, адал еңбекке үндесе, бүлдіргіш идеялар бүлікшіл, жауыз сезімдерді оятып, жамандыққа жетелейді.

Адамзат өзінің дамуы барысында қыруар соғыстар мен бүліншіліктерді, қанды қақтығыстарды басынан өткізгенін сен «Тарих» пәнінен жақсы білесің. Тіпті бүгінгі таңда да дүние жүзіндегі түрлі күштер арасында қарама-қайшылықтар туындап, дау-жанжалдар жүріп жатқанын көруге болады. Бұлардың барлығы да жасампаздық пен жауыздық ортасындағы күрестің әлі тоқтамағанын көрсетеді.

Біз «Адам тек жақсылық үшін, бақыт үшін туылған» деп жатамыз. Онда жамандық пен жауыздық қайдан туындайды? Бұл сұраққа жауапты Елбасымыздың төмендегі пікірлерінен табамыз.



«Бұл дүниеде табиғатта да, қоғамда да бос кеңістік жоқ. Қай жерде бос кеңістік пайда бола қалса, әлдекім міндетті түрде оны толтыруға әрекет жасайтыны сөзсіз»¹.

Адамның сезім-түйсіктері айнала-төңіректегі оқиға-құбылыстардан тез әсер алады. Мәселен, адамзат жақсы нәрселерді көргенде, олармен қарым-қатынас жасағанда, оның жүрегінде ізгі де ұнамды сезімдер ояна бастайды. Сұлу көріністі тамашалағанда, қызықты кітап оқығанда, әсерлі кинофильмді көргенде немесе әдепті де ибалы баламен әңгімелескенде, оларға деген мейір-ықыласымыз, сүйіспен-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 12-бет.

шілігіміз арта түседі. Керісінше жаман нәрселерді көрсек немесе одан сескенсек, ашу-ызамыз бен жиіркенішіміз күшейеді. Мәселен, жалған сөйлейтін өтірікші, жағымпаз адамдарды, ұнамсыз көріністер мен лас орындарды көргенде, көңіл күйіміз бұзылады, кері әсерлеріміз көбейеді. Ал жігерсіз адамдар бұндай әсерлерге тез беріліп, соған бейімделе бастағанын білмей де қалады.



Жасампаз идеялар адам бойындағы сезімдер мен талпыныстарды тәрбиелеуге, оларды іске қосуға бағытталса, зиянды, бүлдіргіш идеялар адамдағы ұнамсыз сезім-түйсіктерге қозғау салуға ұмтылады. Осының салдарынан өмірде алуан түрлі келеңсіздіктер туындайды.



Адамның жан дүниесіндегі ұнамсыз ұмтылыстарға қозғау салып, ізгі ұғымдарды теріске шығаратын, жауыздықты күшейтуге әрекет жасайтын идеяны бүлдіргіш идея деп атайды.

Жасампаз идеялардың басты ерекшелігі — ізгілік, адамға деген сүйіспеншілік, адамгершілік, жаңалыққа, алға ұмтылу болса, бүлдіргіш идеялардың негізгі белгісі — жауыздық, мейірімсіздік, аяусыздық, жаңалық пен прогреске тосқауыл болу.



«Өкінішке орай бұндай күштердің түпкі бейнесін, мақсат-мүдделері мен мүмкіндіктерін көз алдымызға толығымен және анық та айқын елестету оңай емес. Өйткені олар көбінесе түрлі бетперделер астында, тартымды ұрандар мен идеяларды бүркеншік етіп жұмыс істейді. Бұндай күштердің қолына шоғырланған өте үлкен материалдық, қаржылық ресурстар мен мүмкіндіктер олардың жан-жақты ойланған, ұзаққа созылатын арам ниетті мақсаттарына қызмет етіп отыр»¹.

Бүлдіргіш идеялардың қауіптілігі сол, олар көпшіліктің қызығуын оятатын, олардың мүдделеріне қатысы бар жоғары мақсаттарды бетперде етіп алады. Мәселен, елімізде 70 жылдан астам билік құрған, халқымыздың басына қисапсыз азаптар мен қиындықтар әкелген бұрынғы большевизм идеологиясы әлеуметтік теңдікке қол жеткізу, қарапайым еңбекшілердің мүдделерін қамтамасыз ету си-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. — Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 12-бет.



Қаршы. Ежелгі көпір

мәдениет» дейтін ұрандармен ұлттық және мәдени мұраларымызға шабуыл жасалды, тарихи ескерткіштер қиратылды, ұлы ғұламаларымыздың тәбәрік есімдері мен жазған шығармаларына тыйым салынды, зиялы қауым өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады. Кеңестік жүйе кезеңінде жалынды ұрандар астында жүргізілген осындай келеңсіздіктерді санап шығудың өзі қиын. Сол замандағы кез келген коммунистік іс-шараны алып қарасақ та, олардың тек бүлдірушіліктен ғана тұратынын көре аламыз. Бұлардың барлығына да себеп болған — большевизмнің бүлдіргіш идеялары.



Большевизм дегенде біз коммунистік идеология негізінде қалыптасқан, XX ғасырда бұрынғы КСРО аумағында жұмыс жүргізген қанаушылық бағыттағы саяси күштің зиянды да бүлдіргіш теориясын, идеологиясы мен практикасын түсінеміз.

Бүлдіргіш идеологияны жүзеге асыру ісінде фашизм мен озбыр атеизм жауыздық жол ұстанады. Сен фашизм мен озбыр атеизмнің қатыгез іс-әрекеттерінен адамзат XX ғасырда қандай жәбір-жапа шеккенін «Тарих» пәнінен біліп аласың.



Атеизм (грек тілінен аударғанда «а» — жоққа шығару, «теос» — құдай, яғни құдайсыздық дегенді білдіреді) — тек материалдық нәрселерді ғана мойындауға, дін мен діни құндылықтардан бас тартуға негізделген ілім. Оны шығыста дахрийлік, яғни құдайсыздық деп атайды.

Дахрийликнинг еки жагы бар. Ол, бир жагынан, динди сынаса, екнншн жагынан, дунне мен адамнын жаратылуын жэне өмнр сүру ерекшелнктнрн материалистнк көзкарас түрғысынан түснднрмек болады.



Озбыр атеизм — дахрийликтнн бир формасы ретнде өз идеяларын күштеп дарытуға ұмтылатын идеология болып табылады. Сондықтан да оны бүлдіргнш идеология деймнз.

Озбыр атеизм адамзаттын, сонынн ншнде бнзднн халқымыздын днни даму саласында қол жеткнзген жетнстнктнрн бекерге шығарып, оларды жоюға ұмтылады. Елнмнз бастан кешнрген отаршылык кезнде «маркстнк-ленинднк атеизм» деп аталатын озбыр атеизм кенес мемлекетннн ресми идеологиясына айналды.



Қанаушы идеология деп мемлекет пен қоғамды басқарудынн құралы болып табылатын, адам санасына мәжбүрлеп снңнрнлетнн идеология айтылады.

Большевизм идеологиясы КСРО аумағында қалаған нстерн нстедн. Оған ешкнм қарсы келе алмайтын едн.

Мәселен, бүгннгн таңда үлкен ескерткнш кешенн ретнде қайта құрылған Имам Бұхари медресесн кеңестнк жүйе кезнде минералды тыңайтқыштар сақталатын қойма ншнде қалып қойған болатын. Келесн бір ұлы бабамыз Имам Мотуридн жэне бнрқатар әулие-әнбиелер жерленген Самарқанттағы Чокарднза зираты бұзылып, онынн орнына махалла үйлерн салынған. Адамдар мешнттерге барудан тартынған, тнптн ата-аналары мен ағайын-туыстарынынн жаназасын жэне басқа да днни жоралғыларын емнн-еркнн өткнзе алмаған. Қажыға баруға, қасиеттн Қағбаны зиярат етуге қатаң тыйым салынған едн.

Озбыр атеизм кеңестнк кезеңннн соңғы жылдарында етек жайғаны сонша, днге ешқандай қатысы жоқ, табиғаттынн оянуын мыңдаған жылдар бойы тойлап келе жатқан ежелгн Наурыз мерекеснне де шек қойды.

Тәуелснздікке қол жеткнзнлген соң бұндай әднлетснздіктерден бнржолата құтылдык, днни жэне ұлттык құндылықтарымыз қайта тнктелдн.

Атеизмдн, яғнн құдайсыздыкты дүннелнкпен шатастырмау керек.



Дүннелнк — азат та тәуелснз мемлекеттерднн өз халқынынн ернк-қалауы негнзнде таңдап алған, адамзаттынн сан ғасырлық дамуы барысында сыннан өткен тәжнрнбелернне негнзделген даму жолы, өмнр салты жэне дүннетаным формасы.

Дахрийлик — динді, діни құндылықтар мен діни-теологиялық ілімдерді мойындамайтын дүниетаным формасы.

Президент Ислам Каримов осы екі ұғым ортасындағы айырмашылыққа былайша сипаттама береді:



«Кейбір қағидашыл догматтар жаңсақ айтып жүр, дүниеліктің дахрийлікке мүлде қатысы жоқ»¹.



Дүниелік мемлекеттілік жағдайында өзге құндылықтар қатарында дін де, діни наным-сенім бостандығы да заңмен кепілденеді, оның руханиятты дамытудағы рөліне үлкен назар аударылады. Ал дахрийлік идеология үстем болған жерде, керісінше, дін мен діни құндылықтарға тыйым салынады.

Осылайша адамзат бар жерде жасампаз және бүлдіргіш идеялар ортасындағы күрес ешқашан толастамайды. Сен күн сайын теледидар арқылы дүниенің шартарабында жақсы және ізгі істермен қатар алуан түрлі бүліншіліктер, жарылыстар да болып жатқанын көріп жүрген шығарсың. Осының өзі де бұл күрестің әлі тоқтамайтынын, яғни оның жаңаша түр мен сипат алғанын көрсетеді.



«Идеология» — арабша «мафкура» сөзі пікірлеу деген мағынаны білдіреді.



Самарқант. Имам Мотуриди кесенесі

Өткен сабақта идеяның жүйе жасай алатын ерекшелігі туралы айтқан болатынбыз. Егер бірнеше идеялық жүйе өзара бірігіп, идеялар, пікірлер, ұғымдар мен түсініктер, дәстүрлер мен құндылықтар кешеніне айналса, онда идеология қалыптасады.

Мәселен, сен «нарық идеологиясы» дегенді естіген шығарсың. Бұл идеология меншік формаларының алуан түрлілігі, ақша мен тауарлардың еркін айналуы, еркін бәсекелестік сынды идеяларды,

¹ **Ислам Каримов.** Ozod va obod Vatan, erkin va farovon hayot — pirovard maqsadimiz. —Т.: «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл, 504-бет.

адалдық, нысап пен әділеттілік, береке, құн мен баға, қымбатшылық пен арзаншылық тақылеттес ұғымдар мен құндылықтарды қамтиды. Яки сен енді ғана оқып-үйренуге кіріскен ұлттық тәуелсіздік идеясын алсақ, ол да негізгі идеяларды, үстем бағыттағы ұғымдар мен қағидаттарды қамтиды. Бүгінгі таңда нақ осы жүйе негізінде халқымыздың жаңа идеологиясы қалыптасу үстінде.



Қысқасын айтқанда, идеология — адамның, халықтың немесе қоғамның өз алдына қойған мақсатын жүзеге асыру жолында пайдаланатын идеялар, ұғымдар, қағидаттар, құндылықтар және дәстүрлер жүйесі болып табылады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жасампаз идея деп қандай идеяны айтады?
2. Жасампаз идеялардың бүлдіргіш идеялардан айырмашылығы неде?
3. Бүлдіргіш идеялар жөнінде тарихтан қандай мысалдар келтіре аласың?
4. Озбыр атеизм несімен зиянды?
5. Жасампаз идеялардың бүгінгі өміріміздегі нәтижелері қандай?
6. Идеология қалайша туылатынын айт.
7. Төмендегі суреттерде қайсы ұлы бабаларымыздың ескерткіштері бейнеленгенін және олардың қашан қайта құрылғанын әңгімелеп бер.



а



ә



б



в



ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН СЕРГЕКТІК

Біз шынайы мәдениет үлгісі болып табылатын кинофильмді, театр және бейнелеу өнері шығармаларын көргенде, олардағы ұнамды кейіпкерлерді ұнатып қаламыз, олардан өнеге алуға, солар сияқты ел-жұрт мүдделері жолында адалдық танытуға, өзгелерге жақсылық жасауға ұмтыламыз. Өйткені шынайы мәдениет үлгілері адамды ізгілікке, ұлы идеялар жолында күресуге, Отанның атақ-абыройын еселендіріп, оны асқаралы асуларға шығаруға жігерлендіреді. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі таңда елімізге шеттен кіріп келген жалған мәдениет үлгілері де көп. Олардың ішінен ең кең тарағаны «бұқаралық мәдениет» деп аталады.

Бір қарағанда өте тартымды, зиянсыз әрі ықпалсыз көрінетін «бұқаралық мәдениет» үлгілері бірте-бірте жан дүниемізге, санамызға сіңіп, сезім-түйсігімізді баурап алады. Діліміз, сезімталдығымыз, ой-санамыз сол жалған ақпараттарға бейімделіп, өздігінен алыстай бастайды, рухымыз күңгірттеніп, дербес ойлау, өмірге сергек қарау



қабілетіміз төмендейді. Соның салдарынан тек жалған да жасанды өмірді шынайы өмір ретінде қабылдап, өзімізді қоршап тұрған, кәметке жеткізген салауатты ортадан — халқымыздың ғасырлар сынағынан өткен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінен, қайталанбас құндылықтарынан алшақтағанымызды байқамай қаламыз. Бейне аяғымыз жерден көтеріліп, жан дүниеміз бен санамыз өзіміздікі емес, басқа бір күшке тиесілі сияқты болып көрінеді. Тек сол күшке

ғана мойынсұнып, соның ықпалымен іс-қимыл жасайтын боламыз. Түптеп келгенде, бұл — мәнгүрттіктің заманауи көрінісі, рухани бодандықтың белгісі болып табылады.



Бүгінгі таңдағы ақпарат және «бұқаралық мәдениет» көрінісіндегі қатерлер біздің тәнімізге жарақат салмайды, бірер жерімізді қанатпайды да. Дегенмен олар біздің қанымызға ата-анамыздан дарыған, бізді табиғатқа, әсемдікке жақындатып тұратын сезім-түйсіктерімізді өлтіреді, жан дүниеміз бен санамызды толығымен иелеп, өзінікіне айналдырады, ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызға шеңгелін батырады. Сондықтан да бұндай зарар-зардабы мол ықпал әлемін рухани қатерлер деп атаймыз.



«Рухани қатер дегенде, ең алдымен, тілінен, дінінен, сенімнанымынан тыс кез келген адамның шын мәніндегі еркін адам болып өмір сүруіне қарсы бағытталған, оның рухани әлемін ізден тайдыру мақсатын көздейтін идеологиялық, идеялық және ақпараттық шабуылдарды ескеруге тиіспіз деп ойлаймын»¹.

Адам қай уақытта шын мәнінде тәуелсіз бола алады? Бұған жауап сол, қай кезде оның жүрегі мен санасы, бүкіл болмысы өзіне тиесілі болғанда, тек өз қалауы мен ерік-жігеріне сүйеніп жұмыс жүргізгенде ғана ол тәуелсіз болады.



Рухани қатерлер бізді бұл дүниеде иман-ықтияры өз қолында болған, азат та еркін адам болып өмір сүру бақытынан айырмақ, былайша айтқанда, адамды жастайынан-ақ рухани құл етпек болады.

Біз ешқашан да бұған жол бермеуге тиіспіз. Өйткені біз — әрі рухани жағынан, әрі мықтылығы жағынан әрқашан тәуелсіз, еркін болып келген, сол себепті тарихта бүкіл адамзатты қайран қалдырған теңдесі жоқ кереметтер жаратқан ұлы халықтың перзенттеріміз. Бұл халық өз перзенттерінің саламат та кемел болып өскенін қалайды, әлемдік аренада ешкімнен кем болмай, ата-бабалары бастаған ұлы істерді лайықты жалғастырғанын қалайды.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 13–14-беттер.

Сондықтан да Президент Ислам Каримов бүгінгі күрделі кезеңде әлемде барған сайын қанатын кеңге жайған аяусыз бәсекеде өздігімізден айырылып қалмауға, қайта қандай ұлы істерге қабілетті екенімізді іс жүзінде дәлелдеп, әрі рухани, әрі денсаулық жағынан мықты болуға шақырады.



«Бүгінгі таңда заманалық ақпарат алаңындағы іс-қимылдар соншалықты тығыз, соншалықты жылдам, енді бұрынғыдай «иә, бұл оқиға бізден өте алыста болған, оның бізге қатысы жоқ» деп, жайбарақат отыра беруге болмайды. Бұндай самарқаулыққа орын берген халық немесе ұлт дамудан жүздеген жыл артта қалатыны ақиқат»¹.

Демек, қазіргі уақытта бір сәтке ғана самарқаулық пен жайбарақаттыққа берілу адамзатқа өте-мөте қымбатқа түседі. Бұған жол қоймау үшін адамзат, ең алдымен, айналаға сақтана қарап, күн сайын, сағат сайын, тіпті минут сайын қырағы да сергек болуға тиіс.



«Баршаға аян болуға тиісті жағдай мынау, қай жерде самарқаулық пен жайбарақаттық билік құрса, ең көкейкесті мәселелер шешімін таппай жатса, сол жерде руханият ең дәрменсіз әрі қауқарсыз нүктеге айналады. Бұған керісінше — қай жерде қырағылық пен жанқиярлық, жоғары пайым-парасат пен ақыл-ой билік құрса, сол жерде руханият та күдіретті күшке айналады»².

Бүгінде көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің халықтары, ең алдымен, жас ұрпақтың заманауи байланыс құралдары арқылы адам санасына тықпаланып жатқан мәңсіз, мағынасыз, жасанды да тайыз мәліметтерге, әдепсіз көріністерге, алуан түрлі жеңіл-желпі электронды ойындар мен жаттығуларға елігіп, шынайы өмірді ұмытып бара жатқанына қатты алаңдаулы. «Күні бойы тек осындай істермен айналысып өсіп келе жатқан балалардың жан дүниесі мен ой-санасы ертең кімнің қолында болады, олар жанды өмірден қол үзіп, уақыт жылжып өте келе бір ауыз жылы сөзге зар болып

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 112-бет.

² Бұл да сонда, 116-бет.

қалмас па екен?» деген сұрақ баршаны ойландырып отырғаны да рас. Бұндай әлеуметтік ортада мейір-сүйіспеншіліктің тапшылығы, өзара сенімнің жоқтығы үлкен ділгірлікке айналып барады. Адамдар өздерінің мейір-сүйіспеншілікке деген сұранымдарын қанағаттандыру үшін хайуанаттарды асырап алып, олармен тілдесуге ұмтылуы кейбір шет елдерде жиі кездесетін болды.

Біздің халқымыз ежелден-ақ мейір-шапағат пен адамгершілікті ең ұлы қасиет деп санаған және бұл ұлттық тұрмыс салтымыздың мызғымас бөлігіне айналып кеткен. Біз көшеде, ауыл арасында кездескен адамдарға қолымызды көкірегімізге қойып сәлем береміз. Көмекке мұқтаж, мүгедек немесе аяқ астынан басына ауыр күн туған адамдарға қайырымдылық жасауға ұмтыламыз. Махалламызда той-тамаша, асар яки басқа да шаралар өткізіліп жатқан болса, жұрт қатары барып: «Бізден нендей көмек қажет?» — деп, сол қоғамның бір мүшесі ретіндегі борышымызды орындауға тырысамыз.

Егер басқа қаладан немесе ауылдан келген адам түнейтін орын таба алмай қиналса, еш ойланып та отырмастан үйімізге шақырып, құтты қонақ ретінде төрден орын береміз.

Бұлардың барлығы да біздің руханият саласындағы мұрамыздың қаншалықты бай екенін және нақ сол тұрғыдан алғанда өзгелерден оқ бойы алда келе жатқанымызды дәлелдейді.



«Мәселен, ізгі әдетімізге айналған мейір-шапағат ұғымын алатын болсақ, оның өте терең тарихи, ұлттық, діни тамырлары бар екенін көре аламыз. Бұл бірінші кезекте адамның адаммен, көршінің көршімен, ағайынның ағайынмен, жанұяның жанұямен, ең маңыздысы, жеке тұлғаның қоғаммен үйлестікте өмір сүруін, жетім-жесірлерге, ғаріптер мен мүгедектерге, мүсәпірлерге жомарттық танытып, шын жүректен қайырымдылық көрсетуін аңғартады. Бұндай ерекшелік халқымыздың рухани әлеміне тереңдей сіңіп кеткенін ешкім де теріске шығара алмайды»¹.

Расында да әлемдегі көптеген мемлекеттердің ірі-ірі қалаларында өмір сүріп жатқан тұрғындар тіпті көршісінің кім екенін де

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 8—9-беттер.



білмейді. Білуге ұмтылмайды да. Себебі оларға мейір-шапағат деген сезім жат. Ал біз үй-жай, қора-қопсы сатып алатын болсақ, ең алдымен болашақ көршіміздің кім екенін сұрастырамыз, соған қарап ісімізді жоспарлаймыз. Халқымызда «Үй алма, көрші ал» дейтін өнегелі сөз бар, оның астарында қандай терең мағына жатыр десеңізші. Адам баласына тілсіз-үнсіз төрт қабырғадан тұратын үй емес, ең алдымен көңіл күйінді түсініп, құрметінді біліп, өмір бойы тілектес, ниеттес бола алатын серік керек.

«Көршің тыныш болса, сен де тынышсың» деген тағы бір тамаша мақал жоғарыда тілге алынған өнегелі сөзді толықтыра түседі. Яғни халқымыз өзгелердің қайғы-қасіреті мен уайым-тәшпіншіне соншалықты берілгіш, соншалықты әсерленгіш, қабырғаның арғы жағындағы көршісі ауыр дерттен немесе басқа бір тұрмыстық тауқыметтен қиналып жатқан болса, еркін тыныс та ала алмайды.

Әлемдегі кейбір мемлекеттерде тек өзін ғана ойлап өмір сүруге, өзімшілдікке берілген адамдар «Өзгенің дертінде менің не шаруам бар, әркім өзі үшін өзі жауап береді» деген көңіл күймен жасайды. Әйтсе де біздің халқымыз көршісі тауқымет тартып жатқанда, жай-барақат қарап тұра алмайды.

Сен күнделікті өмірде бұл ойларымыздың жарқын дәлелі бола алатын көптеген мысалдар бар екенін білесің. Әсіресе ұлына, яки қызына той беремін деп отырған адамдар көршілерінің бірінде азалы күн туа қалса, марқұмның құрметіне бас иіп, тойды кейінге қалдыратыны айдан анық. Немесе келіндер жағы қақпа алдын сыпыруға кіріскенде, шаң-тозаны көршінің ауласына бармасын деп, көше жаққа қарай сыпыратыны секілді мысалдар халқымыздың көршілік қарым-қатынасты қаншалықты жоғары бағалайтынын білдіреді.

Бұндай әдет-ғұрыптар мен жоралғылар өз өмірін қоғам өмірімен біртұтас деп санаудың, ел-жұртқа адалдық пен жанқиярлықтың айтулы үлгісі болып табылады.

Өзіміздің осындай ұлы рухани байлығымыз тұрғанда, сырттан қарағанда тартымды болып көрінетін, бірақ іші бос, мән-маңызы жоқ идеяларға алданып қалмау керек. Бұл үшін тек өзіміз ғана емес, ой-сана, парасат-пайымымыз да мүлгіп қалмай, әрқашан сергек болуы ләзім.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Бұқаралық мәдениет» деп аталатын жасанды нәрселердің шынайы мәдениетке қатысы бар ма?
2. Шынайы мәдениеттің үлгісі болып саналатын шығармалар бізді неге үндейді?
3. «Бұқаралық мәдениет» үлгілері қандай салдарларға соқтырады?
4. Рухани қатер дегенде нені түсінеміз?
5. Бір сәт самарқаулық пен жайбарақаттыққа берілу нелерге себеп болуы ықтимал?
6. Мына суреттердегі көріністер жастардың кемелденіп өсуінде қандай рөл атқарады?



а



ә



б



в





ҰЛТТЫҚ ӨЗДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛЕР

Қымбатты оқушы, бүгінгі таңдағы сан түрлі зиянды идеологиялық ықпалдарға берілмей, кез келген жағдайда да ұлттық сипатымыздың, қайталанбас қасиеттеріміздің қаймағы бұзылмауында көне дәстүрлер мен құндылықтарға сүйеніп өмір сүрудің маңызы орасан зор.

Ең алдымен мынаны есте сақтаған жөн, Жер бетіндегі әрбір ұлт өзіне ғана тән салт-дәстүр, құндылықтарымен ерекшеленіп тұрады. Кез келген халықтың баға жетпес байлығы болып табылатын бұндай құндылықтар мен салт-дәстүрлер бір-екі жылда қалыптаса қоймаған. Адамзаттың сан мың жылдық тарихи тәжірибесі көрсеткеніндей, бірер нәрсенің дәстүрге, әсіресе құндылыққа айналуы ұзақ уақытты талап етеді. Жылдар, ғасырлар барысында түрлі көзқарастар, әдеттер, түсініктер мен ұғымдар, тәжірибелер неше заманның, қаншама ұрпақтардың сынағынан өтеді, уақыт жылжыған сайын әрленіп, нәрлене түседі. Егер оларды кейінгі ұрпақтар да қабылдаса, одан ары жалғасын тауып, әдет-ғұрыпқа айналады. Сонда ғана оларды ұлттық дәстүр мен құндылық деп атауға болады.

Сен ұлттық құндылықтар жөнінде «Отан сезімі» пәнін оқу барысында көптеген мәліметтерге ие болғансың. Ұлттық құндылықтар ұлттың тарихымен, өмірлік салтымен, руханиятымен және мәдениетімен тығыз байланысты түрде көрініс табады.

Өзбек халқының ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға өтіп келе жатқан ұлттық құндылықтары да ұзақ тарихи үдеріс барысында қалыптасқан. Атап айтсақ, өзі туылып-өскен жерге деген құрмет, өз тағдырын онсыз елестете алмау, өткен ата-бабалар рухына адалдық, үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсету, кез келген жағдайда да иба мен әдептен аттамау, тұрмыста тазалыққа айрықша көңіл бөлу рәуіш-тес қасиеттер біздің ұлттық құндылықтарымыздың негізін құрайды.

Құндылықтар белгілі бір жағдайда қалыптасады. Соған орай бір ұлт құндылықтарының өзгелердікінен ерекшелеу болуы сол құндылықтың қалыптасу жағдайымен сипатталады. Біз жоғарыда өзбек

ўлтына тән кейбір құндылықтарды айтып өттік. Сол құндылықтардың бірі — адамдарымыздың өзі туылып-өскен жерге, махалласына, ауылына немесе қаласына терең құрметпен қарауының, өз өмірін сол мекенсіз елестете алмауының себептерін іздеп көрейік.

«Тарих» пәнінен өтілген сабақтардан есінде қалған болса, біздің халқымыз сонау ерте замандардақ отырықты өмір сүруге бейімделе бастаған. Адамдар өзі орнығып қалған жерді, оның айналасындағы су көздерін қадірлеп, сақтауды әдетке айналдырған. Өйткені нақ сол жер мен судың көмегімен алынатын өнім адамдардың ризығы, тіршілік етуінің маңызды қайнары болып саналған. Бұндай отырықты өмір салты адамдардың қауымдасып, бір-біріне сүйене жасауына, еңбек етуіне, еңбек өнімдерін өзара айырбастау арқылы саудасаттық қатынастарын орнатуына себеп болған. Осылайша ауыл шаруашылығы мен қала мәдениеті гүлденіп, өркендей бастаған. Елімізде ірге көтерген Самарқанд, Қаршы, Бұхара, Хиуа, Шахрисабз, Әндіжан, Марғылан, Терміз және Қокан секілді ондаған қалалардың жасы мындаған жылдармен өлшенуі де содан.

Бұндағы айтайын дегеніміз, халқымыз өзі туылып-өскен топыраққа қатты байланған, оны қадірлеуді балалық шағынан үйреніп-сезінетін ұлт болып саналады. Ел-жұртымыздың бұл тұрғыдағы көзқарасы, рухани ұғымдары оның төмендегідей мақалдарынан да айқын көрініп тұр:



«Діннен шықсаң да, елден шықпа»; «Ит — тойған жерінде, ер — туған жерінде»; «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол»; «Халыққа сүйенсең — толасың, халықтан шықсаң — соласың»; «Елге ел қосылса — дәулет, елден ел кетсе — бейнет»; «Ел құрғамаса, жер құрғамас»; «Отан үшін отқа түс — күймейсің» және т.б.

Халқымыздың өз еліне шексіз берілгендігіне, құрметіне қатысты ұлттық дәстүрлері мен құндылықтары оның өмір сүру салтымен, бай тарихымен сипатталады. Нақ сол сияқты халқымыздың үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетіп, қонақжайлық, жәрдемге мұқтаждарға қайырымды болу, әдеп пен ибадан аттамау, мейір-шапағат, жанұясына берік болу, тұрмыста адалдықты жоғары қою тәрізді әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері де өмірдің талай ауыр сындарынан өткен мәңгілік рухани мұраларымыз болып саналады.

Отанымыз тәуелсіздікке ие болғанға дейін халқымыз өте ауыр әрі ұзаққа созылған отаршылық жағдайында өмір сүрді. Көне Түркістан өлкесі алдымен патшалық Ресейдің, соңынан кеңестік өкіметтің қанауында болды. Қос қанаушы өкімет те біздің тек жерімізді, табиғи байлықтарымызды, еңбек өнімдерімізді талан-тараж қылып, меншіктеп алумен ғана емес, сонымен қатар рухани байлықтарымызға да қол сұғып, ойрандаумен тұрақты айналысты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ бұндай ауыр күндерді ешқашан ұмытпау керектігін атап көрсеткен Елбасымыз 1994 жылы 22 қыркүйекте өткен парламент отырысында төмендегідей пікірлерді айтқан болатын:



«— Өздеріңіз-ақ ойлап көріңіздер, қадірлі достар, қанаушы жүйе, отарлық кезеңде біз кім едік?

— Тағдырымыз бен еркіміз кімдердің қолында болды?

— Қағба деп қай жерге сыйындық? Күн сайын таңертең «Ассалом!..» деген әнұран әуені астында кімдерге құлдық ұрып ояндық?

— Тіліміз бен дініміз қандай күйге түсті? Имам Бұхари, Имам Термізи, Қожа Бахауддин Нақшбандтардың қасиетті бейіттеріне назар аударылды ма? Өмір Темір, Бабыр Мырза және басқа ұлы бабаларымыздың қастерлі есімдері топыраққа көміліп жатпады ма?

— Ұлттық мақтанышымыз, адамдық абыройымыз, әдет-ғұрыптарымыз қандай ұғым-түсініктермен ауыстырылды?..»¹

Қымбатты оқушы, осынау көкейкесті сұрақтардың анық та айқын жауаптарын білу, қанаушы жүйе кезінде аяқ асты болған ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлеріміздің тәуелсіздік жылдарында қайта тіктелгенін ұғыну бәріміз үшін әрі қарыз, әрі парыз болып саналады.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 5—6-беттер.

Шынтуайтқа келгенде, 130 жылдан астам уақыт бойы отаршылық бұғауда болған еліміздің материалдық байлықтары ғана емес, сонымен қатар халқымыз сан ғасырлар бойы екшеп-жинақтаған, шығармашылық тұрғыдан дамытқан, ақыл-зейіннің күшімен дүниеге келтірген қыруар мәдени және рухани байлықтар да талан-таражға ұшырады. Бұндай жауыздықтар кеңестік жүйе билеген кезеңде шарықтау шегіне жетті. Бұл жүйе адамзатқа қаншама ұлы ойшылдар мен ғұламаларды тәрбиелеп берген халқымызды сауатсыз, мәдениетсіз, артта қалған мешеу ұлт деп кемсітті. Еліміздің өкілдерін мемлекеттік басқару, саясат және мәдениет істерінен аулақтатып, ұлтымызды өз тағдырын өзі белгілеу құқығынан айырды.



Жағдайдың шиеленіскені соншалықты, ресми қағаздарда «одақтас республика» болып саналатын Өзбекстанның әнұраны өзге бір ұлтқа сәлем берумен басталатын еді. Әлемдегі ешқандай отар мемлекеттің әнұранынан бұндай қорлықты, бұндай менмендікті табу қиын болатын.

Дүниедегі ең бай тілдердің бірі болып саналатын ана тіліміз тек ауызекі мәміле — көше тілі дәрежесіне түсіп кетті. Барлық мемлекеттік басқару істері, ресми құжаттар, кеңсеаралық қатынас қағаздары бөтен тілде жүргізілді, тіпті өзбек тілінде сабақ өтілетін мектептер мен білім мекемелерінде де құжаттардың ана тілімізде жүргізілуіне тыйым салынды.

Барлық кеңес республикалары қатарында Өзбекстанда да адамдардың діни сенімдері мен иман-ықыластары қудаланды, діндар адамдар мемлекеттік істерге де, оқу мекемелеріне де жұмысқа қабылданбады. Елімізде сан ғасырлар барысында салынып, көптеген ғалымдар мен ойшылдарды оқытып-тәрбиелеген әйгілі медреселер, қасиетті зиярат орындары — мешіттер, әулие-әнбиелердің кесенелері бұзылды немесе әр түрлі басқа мақсаттарға пайдаланылды. Осынау ызғарлы саясаттан аман қалған зиярат орындары кей жер-

лерде жүйке аурулары емханасына, базарларға немесе дүкендерге, тағы бір жерлерде мал қораларына айналдырылды. Адамдар Рамазан және Құрбан айттарын емін-еркін мерекелей алмады, оған қатысқандар ұжымдарда өткізіліп тұратын жиналыстарда талқыланып, мәселелері қаралды. Тіпті жақын туыстарынан айырылған басшы кадрлар жаназа рәсіміне қатысса, дереу қызметтен босатылды, жұрт алдында жаманатты ету үшін газет-журналдарда жарияланған мақалалар арқылы қараланды.



«Адамзаттың сан мың жылдық тәжірибесі дәлелдегеніндей, дүниедегі зорлықшыл және қиянатшыл күштер кез келген халықты немесе мемлекетті өзіне бойсұндырып, бодан етуге, оның байлықтарын иелеуге ұмтылса, ең алдымен оны қарусыздандыруды, яғни ең ұлы байлығы болып табылатын ұлттық құндылықтарынан, тарихынан және руханиятынан айыруды көздейді»¹.



Расында да кеңестік жүйе кезінде Имам Бұхари, Имам Термизи, Қожа Бахауддин Накшбанд іспетті жүздеген ойшыл бабаларымыз қалдырған рухани мұра халықтан жасырылды, ұлылардың есімдері кемсітілді, қасиетті бейіт-қорымдары аяқ асты болды. Тарих оқулықтарында Әмір Темір, Бабыр Мырза сынды ондаған көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, әлемдік саясаттың ұлы өкілдерінің тәбәрік есімдері «басқыншы», «қанішер», «аяуды білмейтін феодал билеуші» дейтін жала сөздермен тілге алынып, жас ұрпақ оларға жиіркенішпен қарауға қасақана тәрбиеленді.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 11-бет.

Мындаған жылдық сынақтан өткен әдет-ғұрыптарымыз, ұлттық-мәдени құндылықтарымыз ұмыттырылып, оларды халықтың жадынан шығарып тастау саясаты жүргізілді.

Осындай қиын-қыстау кезеңде еліміздің басшылығын өз міндетіне алған Ислам Каримов халқымызды бұл ауыр проблемалардан толығымен арылтуға белсене кірісті. Елбасымыз тәуелсіздіктен бір жарым жылдай бұрын — 1990 жылы 24 ақпанда сөйлеген сөзінде былай деген болатын:



«Ұлттық дәстүрлер халықтың ең нәзік, ең құрметті қасиеттері қатарына жатады.

Өкінішке орай шеттен келген кейбір жат жұрттықтар осы нәрсемен санасып отырмай-ақ басшы болды. Тіпті өз арамьздан шыққан кей басшылардың да Наурыз мейрамына, ұлттық киім-кешекке қарсы болғанын қайтерсің. Ерекше қынжыларлығы сол, туысын жерлеу рәсіміне қатысу да ескіліктің сарқыншағы деп саналды, бұндай адамдарға, әсіресе басшыларға қысым көрсетілді...

Сондықтан да бүгін мен әлгіндей істерді қатты қаралауымыз керектігін, халықтық дәстүрлерге, оның мұрасына, адамдардың діни сенім-нанымдарына айрықша құрмет-ілтипатпен қарау қажеттігін тағы да айтып өтпекшімін»¹.

1991 жылдың 31 тамызы күні Өзбекстанның тұңғыш Президенті Ислам Каримов бүкіл әлемге жар салып, еліміздің тәуелсіздігін жариялады.

Елбасының көш бастауымен халқымыздың тарихи жадын тіктеу, ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптар мен құндылықтарды қадірлеу, қасиетті зиярат орындарын бастапқы қалпына келтіру, адамдардың діни бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша шын мәнінде тарихи маңызы зор жұмыстар жүзеге асырылды. Осынау кең ауқымды үдеріс тек өзбек ұлтының өткенін, тілін, діні мен құндылықтарын тіктеумен, дамытумен ғана шектеліп қалмай, біздің елімізде жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүр, құндылықтарына да жоғары құрмет көрсету ісімен тығыз байланыстыра

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «Узбекистон» БПШУ, 2011 жыл, 143–144-беттер.

жүргізілді. Ал бұл Өзбекстанды өзінің қасиетті Отаны деп санайтын барлық азаматтар ортасында өзара құрметтің, туысқандық пен бауырмалдықтың жарқын көрініс табуында, Елбасымыздың «Осынау ғазиз Отан — баршамыздікі» деген ізгі идеясының өмірге дәйекті түрде енгізілуінде елеулі рөл атқарып отыр.



Президент атап көрсеткендей, «Тарихи естеліксіз — болашақ жоқ». Ал тарихи естелік, яғни жад өз бойына ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды, олардың рухани күш-құдіретін жинақтап, шоғырландырады. Бұл құндылықтардың тіктеліп, қадірленуі халқымыздың рухани кемелденуінде, оның бұл дүниеде ешкімнен кем болмайтынын пайымдап, сезінуінде, ең маңыздысы — бұдан былай да ешкімнен кем болмауға ұмтылысында құдіретті фактор болады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар қалай пайда болады?
2. Өзбек халқының ұлттық дәстүрлері мен құндылықтары қандай қасиеттерді қамтиды?
3. Мақал-мәтелдерде, аңыз әңгімелерде біздің халқымызға тән қандай құндылықтар ұлықталады?
4. Халықты рухани мұрадан, дәстүрлер мен құндылықтардан айыру қандай салдарларға соқтырады?
5. Сен тұратын жерде тәуелсіздік жылдарында ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды тіктеу бойынша қандай істер жүзеге асырылды?
6. Кеңес заманында халықтық мәдени мұраға, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға көзқарас қандай болғанын ата-әжелеріңнен сұрап ал.
7. Төмендегі суреттерге қарай отырып, оларда қандай құндылықтар мен дәстүрлердің бейнеленгені жөнінде әңгіме құрастыр.



а



ө



б



ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР

(Практикалық сабақ)

Бүгінгі практикалық жаттығудың жоспарын жасау, оны қай жерде және қашан өткізу, әрине, мұғалімнің міндеті екені белгілі. Әйтсе де бұл жаттығуға ешқандай дайындықсыз, құр қол келу саған жараспайды, солай ма? Кел, одан да алдағы жаттығуға дайындайық, алдын ала білуге тиісті нәрселер жөнінде әңгімелесіп алайық.

Отанымыздың кез келген облысында, ауданында, қаласы мен ауыл-қыстағында алыс немесе жақын өткенімізге байланысты тарихи ескерткіштер кездеседі. Бұл ескерткіш көне медресе яки мешіт, күмбез яки мұнара, сарай яки сардоба, монша яки көпір, мұражай яки кітапхана болуы әбден мүмкін. «Тарихи ескерткіш» ұғымы өте-мөте ауқымды әрі терең мағыналы, ол сен жасайтын көшеде яки махаллада ежелден сақталып келе жатқан ескі диірменді де, зәулім ағашты да, қиранды бейітті де, құнды қолжазба кітапты да қамтиды. Солай болған соң мұғалімнің сол ескерткіш-жәдігерліктердің біреу-жарымын мысалға келтіре отырып, саған және сыныптастарыңа халқымыздың ғылыми-шығармашылық кемеңгерлігі жөнінде егжей-тегжейлі түсіндіріп бере алады.

Жаттығу барысында сен қарапайым саяхатшы, көрермен не бақылаушы болып қалмассың деп ойлаймыз. Әрине, мұғалімнің немесе сол практикалық жаттығуға қатысатын маман адам саған аталмыш тарихи ескерткіш хақында көп жайттарды әңгімелеп береді. Ең алдымен, сен бұл әңгімені құнт қойып тындауға, қажетті мәліметтерді дәптеріңе жазып алуға әрекет жаса. Түсінбеген жерлеріңді ұстазыңнан немесе маманнан сұрап, анықтап алудан тартынба.



Егер бұл ескерткіш бірер тарихи құрылыс болса, оның орналасқан жері, көлемі, бөлмелерінің саны мен үлкен-кішілігі, сыртқы және ішкі ою-өрнектері, маңдайшасындағы жазулардың мән-мағынасы, немен жазылғаны, қайсы тілде

екені, бұл құрылысты кім, қашан, неге байланысты және не мақсатпен салдырғаны секілді мәселелерді назардан тыс қалдырма.

Мәселен, ата-бабаларымыз бұндай мәртебелі құрылыстардың айналасына көбінесе тұт ағашын отырғызған. «Неліктен тек сол ағаш қана отырғызылды екен?» деген сұрақ әркімді де қызықтыратыны ақиқат.

Бұның себебі сол, тұт ағашы өзінің терең бойлайтын тамырларымен сол құрылыс орналасқан жердің астындағы және айналасындағы еспе суды (грунт суын) сіңіріп алып, бұтақтары мен жапырақтары арқылы буландырып отырады. Оның бұндай тамаша қасиеті бар екенін ата-бабаларымыз өте жақсы білген.

Соның нәтижесінде алып құрылыстың іргетасы мен қабырғалары әрқашан құрғақ, берік болған, бірнеше ғасырлар бойы бүліну, жарылу дегенді білмеген. Бұдан тыс тұт ағашы өзінің балдай тәтті, мол өнімді жемісімен, адам жанына ләззат бағыштайтын салқын да саялы екендігімен өзге ағаштардан ерекшеленіп тұрады.

Қызығуға тұратын тағы бір мәселе, соншама зәулім етіп салынған ғимараттардың ғасырлар сынағына — жаңбыр мен қар, құйынды желдер мен дүлей борандардың «шабуылдарына», зілзалалар мен басқа да апаттарға төтеп беруінің себептері неде екендігі. Бұл құрылыстардың іргетасына нендей нәрсе, қандай тереңдікке қаланған, олар қалайша сан қилы замандарда да мызғымай тұр? Бүгінгідей берік темір конструкциялар, цемент және бетон қоспалары жоқ болса да, олардың қалың қабырғаларын, күмбездері мен тірек бағансыз мандайшаларын не ұстап тұр? Сыртқы және ішкі өрнектеріне пайдаланылған түрлі түстердің нақ бүгінгідей жайнап, көздің жауын алуының қандай сыры бар? Осы және осыған ұқсас ондаған қызықты сұрақтардың өзінен де қызықтырақ жауаптарды сен білмесең, кім біледі?

Ғимараттың мандайшасындағы яки басқа жерлеріндегі жазулар жөнінде жоғарыда айтып өттік. Сол жазулардың нендей мағына білдіретіні, қайсы тілде, қай әліпби бойынша жазылғаны, ойып жазылған ба, әлде жапсырып жазылған ба — осылардың барлығы да маңызды. Мешіттер мен медреселерде кездесетін жазулардың кесенелер мен мұнаралардағы жазулардан айтарлықтай ерекшелігі

бар. Ең маңыздысы — бұл жазулар аталмыш құрылыс, киелі жер, зиярат орны хақында аса бағалы мағлұматтарды өзінде сақтайтындығымен құнды...

Өзің куәсі болғанындай, «Тарихи ескерткіштер» тақырыбы бойынша өткізілетін практикалық жаттығу да әншейін үйреншікті саяхат емес, әрқайсысымыздан тыңғылықты дайындықты, қыруар сұрақтар жөнінде ойланып көруді талап етеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият», 2013 ж.
2. Ислам Каримов. Yoshlarimiz — xalqimizning ishonchi va tayanchi. Ташкент, «Маънавият», 2006 ж.
3. Ислам Каримов. O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. Ташкент, «Узбекистон» БПШУ, 2011 ж.
4. Barkamol avlod — kelajagimiz tayanchi. «Маънавият», Ташкент, 2010 ж.
5. Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның қазіргі заман өркениетінің дамуындағы рөлі мен маңызы. Халықаралық конференция материалдары. Ташкент, «Узбекистон» БПШУ, 2014 жыл, 4—36-беттер.

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а : «**Руханияттың қоғам дамуындағы маңызы**» тақырыбы бойынша реферат дайында.

Онда төмендегі мәселелерді қамтуға тырыс:

- Елбасымыз Ислам Каримовтың «руханият» ұғымына сипаттамасы;
- халқымыздың бай тарихи мұрасын игерудің қажеттілігі;
- руханиятқа назар — келешекке назар екендігі;
- адамның руханияты нелер арқылы байитыны;
- құқықтық демократиялық қоғамды тек руханияты жоғары адамдар ғана құра алатыны;
- халқымызды әлемге таныту ісінде ұлттық рухани байлықтарды — әдебиетті, өнерді және мәдениетті кең пайдаланудың маңызы және басқа мәселелер.



РУХАНИЯТҚА ҚАТЕР – ӨЗДІГІМІЗГЕ ҚАТЕР

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ҚАТЕРЛЕР

Қымбатты оқушы, өткен сабақтардан біліп алғаныңдай, «жаһандану»(глобализация) сөзі «Жер жүзін қамтып алу», «бүкіл Жер жүзіне тиесілі» деген мағыналарды білдіреді. Жаһандану сөзі арқылы бүгінгі дүниеде ғылым мен техника саласында тың жаңалықтардың күрт көбеюі, ақпараттар мен мәліметтерді жедел тарату мүмкіндігінің еселенуі, мемлекетаралық және адамдар ортасындағы барлық байланыстардың жылдамдауы сықылды құбылыстар да бейнеленіп отыр.



«Жаһандану — ең алдымен өмір қарқынының өлшеусіз дәрежеде жеделдеуі деген сөз»¹.

Сонда бұл сөз бен ұғымның ұлттық идеяға, руханиятқа, адамның ішкі жан дүниесіне қандай қатысы бар?

Өзің де куә болып отырғаныңдай, бірде-бір адам, ұлт немесе мемлекет айналадағы адамдардан, табиғат пен қоғамнан бөлек, жан-жақты оқшауланып өмір сүруі де, алға қарай жылжуы да мүлде мүмкін емес. Атам замандардан бері адамдар, ұлттар мен мемлекеттер ұдайы өзара қарым-қатынас жасап отырған, әр тұрғыдан бір-бірімен ықпалдасқан. Десек те сан ғасырлар барысында бұл байланыстар мен ықпалдастықтар өте-мөте баяу, алдымен тар шеңберде, сосын шекаралық аумақтарда орын алған. Мәселен, Батыста ашылған бірер жаңалық немесе салт-рәсім Шығысқа жетіп, әдет-ғұрыпқа айналғанша жүздеген жылдар өтіп кететін еді. Нақ сол сияқты бұған кері мысалдар да көп. Атап айтатын болсақ, Шығыс халықтары ерте замандардан бері пайдаланып келген, тазалық пен денсаулықтың аса маңызды факторы болып саналатын моншада жуынып-шайынып, тазарып алу салты батыстықтарға жетіп барғанша бірнеше ғасыр өтті. Ал қазір ше?

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 111-бет.



Бүгінде Жер шарының екінші жартысында, бізден ондаған мың километр ұзақтағы мемлекетте болып жатқан оқиға-құбылыстар, өндірілген заттар мен табылған ғылыми жаңалықтар жөнінде құлағдар болу үшін минуттар емес, тіпті секундтар да жеткілікті.

Егер әңгіме тек құлағдар болумен ғана шектелгенде, бұған мүлдем көңіл бөлмейтін едік. Бар ғәп мынада, сол ондаған мың километр шалғайда болып жатқан оқиға ертең не арғы күні дүниенің кез келген бұрышында да орын алуы ықтимал. Нақ сол сияқты әлемнің арғы шетінде өндірілген өнімді бергі шетіне жеткізу де бар-жоғы бірнеше күннің ісі болып қалды. Есінде болса, бұл туралы бұрынғы сабақтарымызда да пікір өрбіткен болатынбыз.

Әрине, дүниенің қай жерінде болса да, ашылған ғылыми жаңалықтан баршаның тез мүдделі болуы, оның көмегімен адамдардың әлауқатын одан әрі жақсартып, ауырын жеңілдету — өте-мөте қажетті әрі сауапты іс. Яки шалғай бір мемлекетте өндірілген, сіз бен бізге көп пайдасы тиетін нәрсеге (мәселен, ең соңғы үлгідегі компьютер, ұялы телефон, әлі өзімізде өндіріле қоймаған машиналар мен жабдықтар, ауыр сырқаттардан айықтыратын жаңа дәрі-дәрмектер сияқтыларға) тез ие болу көптеген түйінді мәселелерді оп-оңай ғана шеше алады. Осы іспеттес жағдайлар жаһандану құбылысының ұнамды жақтары болғандықтан, оларға тек қана қолдау көрсету керек. Сонымен қатар бұл үдеріске өзіміз де кең түрде әрі ұтымды қатысуға, жаһанданудың тегеурінінен, әлемдік дамудан артта қалып қоймауға тиіспіз.

Бір өкінішті жері, жаһандану үдерісінің екінші — ұнамсыз жағы да бар.



«Кез келген прогресс өнімін екі түрлі мақсатқа — ізгілік және жауыздық мақсаттарға пайдалануға болады... Жаһандану үдерісінің тағы бір өзіне ғана тән сипаты сол, бүгінгі жағдайда ол идеологиялық ықпал жүргізудің өте ұтымды құралына айналып, әр түрлі саяси күштер мен орталықтардың мүдделеріне қызмет етіп жатқанын сергек пікірлі әрбір адам, әрине, бақылай алатыны ақиқат»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 112–113-беттер.

Жоғарыда біз әлемнің шартарабында орын алған ұнамды оқиға-құбылыстар, жаңалықтар жөнінде ой өрбіттік. Бірақ бір оқиғадан екінші оқиғаның, бір жаңалықтан екінші жаңалықтың айырмасы жер мен көктей екенін сен жақсы білесің, әрине.



Ең қатерлісі сол, әлемнің қилы бұрыштарына орнығып алған қара ниетті күштер де жаһандануды өз мүдделері жолында пайдаланып қалуға ұмтылуда.



Бұндай күштерді, рухани-идеологиялық озбырлықтарды біз шартты түрде екі ірі бағытқа бөліп қарастырамыз.

Олардың біреуін қасиетті ислам дінін бетперде етіп, заңсыз іс-әрекеттер жүргізіп жатқан әр түрлі қиратқыш күштер құрайды. Догматизмді, діни содырлық пен мейірімсіз лаңкестікті қару етіп алған бұндай топтар біздің еліміздегі бейбітшілік пен жарқын өмірге іріткі салудың сан түрлі әдіс-амалдарын ойластыруда. Олар бүкіл дүние жүзіндегі халықтар арасында діни, нәсілдік, ұлттық алауыздықтар туғызу, баршаны өздері сияқты ойлап, өздері сияқты өмір сүруге мәжбүрлеу жолында ештеңеден тайынбайды.

Сен Өзбекстан топырағы атам заманнан бері сан түрлі ұлттар мен ұлыстар, діндер, мәдениеттер өзара ынтымақтастықпен өмір сүрген, кемелденіп-гүлденген қасиетті топырақ екенін жақсы білесің. Көп ғасырлар барысында біздің өлкемізде бұндай мәселелер төңірегінде ешқандай келіспеушіліктер, дау-дамайлар болмаған.

Өйткені өзбек халқы өзінің бауырмалдығымен, ұлтаралық және дінаралық татулықты қадірлей білетіндігімен өзгелерге үлгі-өнеге көрсеткен. Сондай-ақ біздің елімізде ислам дінінің ең көрнекті өкілдері туылып-өскен, тәлім-тәрбие алған. Олардың арасында хадис ілімінің сұлтандары — мухаддистер, ислам құқықтанушылары — фикх ілімінің ғұламалары, адамды әрі дене тұрғысынан да, рухани кемелдік тұрғысынан да алға жетелейтін рухани-ағарту ілімі — сопылық (суфизм) ілімінің данышпандары бар. Осы және басқа

да көптеген рухани факторлар халқымыз иманының беріктігін, сенім-нанымының мықтылығын қамтамасыз еткен. Елбасының тілімен айтқанда, «Алла — біздің жан дүниемізде, жүрегімізде».

Ал догматизмді ту еткен экстремистік, яғни содырлық бағыттағы күштер осы сенімді бұзуға, қасиетті дінімізді арам пиғылды мақсаттарға пайдалануға ұмтылуда.



Діни догматизм — діндегі белгілі бір қағидаларды яки ережелерді, олардың орынды немесе орынсыз екенінен қарамастан, көпекөрнеу қолдануға бой ұрушылық және оны ақиқатқа айналдыруға ұмтылу болып табылады. Догматизм барлық діндерде де түрлі ағымдар мен бағыттар арасында келіспеушіліктің, жанжалдардың, қақтығыстар мен соғыстардың туындауына себеп болады.

Догматизмге берілгендер бірер сөзді немесе ақиқатты түсіндіру, сендіру яғни ағарту жолымен насихаттауды мойындамайды. Олар өзінікін әрқашан дұрыс деп санайды, ақиқатты тек мен ғана білемін дейтін менмендік пен өзімшілдіктің түбі зорлықты, күш көрсетуді туғызады. Былайша айтқанда, догматизм, түптеп келгенде, экстремизмнің пайда болуына соқтырады. Ал экстремизм түрлі сипаттарда көрініс табады, оның ішінде лаңкестік (терроризм) те бар.



Экстремизм (латынша «экстремус» — өте, аса, өжет деген мағынаны білдіреді) — әлеуметтік-саяси проблемаларды шешу ісінде өте шұғыл шараларды, іс-қимылдарды, пікір-идеяларды қолдануды жақтайтын солақай көзқарас, солар негізінде қызмет жүргізу болып табылады.

Экстремизм өзінің мазмұнына қарай діни және дүниелік сипатта болуы ықтимал. Ал көрініс беруіне қарай аумақтық (бір мемлекет ішінде), аймақтық (белгілі бір аймақта) және халықаралық (дүние жүзін бойлап тараған) формаларға бөлінеді.



Діни экстремистік бағыттағы көзқарастарды әлемдегі барлық діндер арасынан да кездестіруге болады.

Бір өкінішті жері, ол ислам әлемінде де бар. Діни экстремистер қай жерде жүрсе де, олардың басты ниеттері — ақиқаттан ауылы алыс әлдеқандай біртұтас ислам мемлекетін орнату болып табылады. Бұл мақсатқа олар түрлі келіспеушіліктер, қарулы шабуылдар арқылы, яғни бейкүнә адамдардың қанын төгу және күш көрсету жолымен жетуді көздейді.

Осыдан көрініп тұрғанындай, бұндай іс-әрекеттер қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықтың, адамдар ортасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықтың бұзылуына, қаскөйлікпен адам өлтіруге, ойраншылыққа соқтырады. Экстремизмнің кеңінен тараған көріністерінің бірі — лаңкестік (терроризм).



Лаңкестік (латынша «террор» — үрей, қорқыныш дегенді білдіреді) — жауыз мақсаттар жолында күш қолданып, адамдарды кепілге алу, оларды өлтіру, қоғамда жалпы үрей мен абыр-жушылық туғызудан тұратын зорлық-зомбылық әдісі.

Ол қандай ниетпен жүзеге асырылса да, бәрібір, адамзатқа, прогреске, ізгілікке, өмірге қарсы қылмыс болып саналады. Соның ішінде діни мақсаттарды бетперде етіп алған лаңкестік те сондай сипатта болғандықтан, әлемдегі бейбітшілік сүйгіш күштер тарапынан барлық жерде бірдей қараланады. Тәуелсіз даму жолымен қарыштап бара жатқан біздің елімізге қызғаныш көзімен қарайтын жауыз күштер лаңкестік жолмен бізді алған бетімізден қайтаруға, тағы да бодандыққа түсіруге бірнеше рет әрекет жасап бақты. Олар бұл арам мақсаттарына сатқындарды да, тапсырыс бойынша жарылыстар жасаумен және басқыншылықпен шұғылданатын жалдамалы лаңкестік топтарды да пайдаланды.



Сондықтан әр түрлі сипаттағы догматтар, лаңкестер, содыр қылмыскерлер қандай жартастарды паналаса да, олардың түпкі ниеттерін айыра білу, тіміскі әрекеттерін дер кезінде сезіп, әшке-релеу — Отанның келешегін, оның тыныштығы мен молшылығын ойлайтын әрбір отандасымыздың борышы болып саналады.

Енді рухани-идеологиялық қатерлердің екінші бір түріне тоқталайық.

Сен өзбек халқы өзінің әдеп-ибасымен, ар-ұжданымен, кісі көңілін жықпайтын әдетімен, меймандостығымен көптеген халықтардың құрметіне бөленгенін «Әдепнама», «Отан сезімі», «Тарих» және «Әдебиет» сабақтарынан жақсы білесің. Бұндай қасиеттер ұлтымыздың қаны мен жанына әбден сіңіп кеткен, халқымыз өз өмірін оларсыз көз алдына да елестете алмайды. Біз үшін «Ұятсыз!» деген жалғыз ауыз сөздің өзін есту ең ауыр қарғыс болып саналады.

Бір өкініштісі, жаһандану жағдайында Батыс мемлекеттерінің басым көпшілігінде пайда болған, мындаған бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы бүкіл әлемге найзағайдың жылдамдығымен таралып жатқан «бұқаралық мәдениет» дейтін мәдениетсіздік, ақылақсыздық, ұятсыздық біздің өмірімізге де кіріп келуге әрекеттеніп бағуда. Бұл жөнінде өткен сабақтарда да айтқанымызбен, бір қарағанда көзге байқала қоймайтын аталмыш қатерден толық құлағдар болу үшін оған тағы да тоқталып өтуге тура келеді.



«Бұқаралық мәдениеттің» түрсіпатын айқындау үшін ең алдымен шынайы мәдениеттің өзі не екенін біліп алайық. Адам басқа да тіршілік иелерінен тек санасезім, ақыл-ой иесі болуымен ғана емес, сонымен қатар олардың көмегімен қол жеткізген мәдениетімен де ерекшеленіп тұрады.



«Мәдениет» ұғымы адамның қолымен жаратылған, ізгілікке қызмет ететін бүкіл материалдық және рухани байлықтарды толық қамтиды. Халықтың ауызекі шығармашылығы мен жазба әдебиеті, сәулет өнері мен музыка, театр және кино өнері, телевидение мен радио, бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да барлық түрлері адамзат ашқан мәдени өмір жемістері болып табылады. Олар өз кезегінде адамзаттың одан әрі мәдениленуіне, адамгершілігінің биіктей түсуіне қызмет етуге тиіс.

Дейтұрғанмен өзін нақ сол мәдениеттің өкілі деп санайтын, ал шын мәнісінде ізгі түйсік-сезімдерден жұрдай адамдар «бұқаралық мәдениет» деген атпен алуан түрлі адамилыққа жат сауықтамашаларды ойлап табуда. Олар жоғарыда тілге алынған мәдени салалардың барлығынан орын алып, шынайы мәдениетті сахнадан ығыстырып шығаруға күш салып келеді.

Бұл жағдай саған түсініктірек болуы үшін мысалдар келтірейік. Мәселен, шынайы ән деген не? Оның дүниеге келуі үшін нелер талап етіледі? Тындаған кезінде іші-бауырынды елжіретіп жіберетін өзбек халық әндерінің немесе заманауи әндердің мәтіндеріне еш көңіл бөліп көрдің бе? Олардағы мазмұн мен мағына қаншалықты терең, мұнды немесе қуанышты сезімдерді сипаттау үшін әннің сөзін

жазған ақын қаншалықты әсерлі де әсем теңеулер тапқан! Бірақ жақсы өлеңнің бір өзі жақсы ән бола алмайды. Талантты сазгер, яғни композитор бұл өлеңге әдемі музыка жазады. Ол бүгінгі таңға дейін әлі ешкім таба алмаған әсем әуен жазғанда, әннің сөздері нақ соған арналғандай болып шығады. Бірақ сені мен біз әнді әлі «естіген жоқпыз», солай емес пе? Енді өлеңнің сөзі мен әуені тағы бір талантты талап етіп тұрғандай. Ол да болса — өзінің тума дарыны, әуезді үнімен өзгелерден айтарлықтай ерекшеленіп тұратын әнші.

Тындаған жанды тандай қақтырып, өзіне баурап алатын жалғыз-ақ шынайы әннің дүниеге келуі үшін неше-неше тума таланттар, мұң мен шаттық, шабыт пен еңбек қажет екенін біліп алған шығарсың.

Енді назарымызды әр түрлі шетелдік телеарналар арқылы беріліп жатқан әнсымақтарға, олардың мазмұнына, музыкасына, орындау шеберлігіне аударайық. Бір топ жартылай жалаңаш, шаш-сақалдары өсіп кеткен немесе астыңғы жағын қиып қойған, мас адамдарша ауыздарынан көбігін шашыратып айғайға басқан, зікір салған бақсыдай сахнада ары-бері секірген, ара-тұра жаны шығып бара жатқан аурудай ыңыранған әншісымақтардың шынайы өнерге, мәдениетке, ән мен музыкаға қандай қатысы бар? Адамдық сезімдер, жан дүниенің толғаныстары, көңіл күйлер осылайша паш етіле ме? Қайсы тілде орындалғанына қарамай, сол әнсымақтардың мәтінін өз тілімізге аударып көрсен, басым көпшілігінде анайы да арсыз тілектер, зорлық пен зомдылық, жарық дүние мен тіршілікке жиіркенішпен қарау секілді «мағыналар» насихатталып жатқанына куә боласың.

Осыған ұқсас көріністерді «бұқаралық мәдениетке» еліктеген кинофильмдер мен театр қойылымдарынан, теледидар көрсетілімдері мен радиохабарлардан, әдебиет пен бейнелеу өнеріне сүмелек иттей сұғына кіріп келе жатқан беймаза шығармалардан да айқын көруге болады.

Бұлардың барлығы да адамның хайуандық, жыртқыштық сезімдерін оятуға, оны ештеңеден тайынбайтын, еш нәрсені ойламайтын мақұлыққа айналдыруға бағытталған. Ал бұндай адам Отанды да, ұлтты да, ата-ананы да танымайды, адамилықты мойындамайды. «Бұқаралық мәдениетті» жаратушылар мен насихаттаушылардың түпкі мақсаттары да осы — халықтарды, ұлттарды қай жаққа айдаса, сол жаққа қарай кете беретін аламанға, мал табынына айналдырып, оларға өз билігін жүргізу.



Елбасымыз бізді бұндай келеңсіздіктен былайша сақтандырып, қырағы болуға шақырады: «Бұқаралық мәдениет» дейтін бетперде астында ақылақтық азғындау мен зорлық, индивидуализм, эгоцентризм идеяларын тарату, сол арқылы байлық арттыру, өзге халықтардың сан мың жылдық дәстүрлері мен құндылықтарына, тұрмыс салтының рухани негіздеріне менсінбей қарау, оларды қиратуға бағытталған қауіп-қатерлер адамды аландатпай қоймайды»¹.



Сен индивидуализм, эгоцентризм деген сөздерді түсініп алуың үшін айтып өтейік, бұл сөздер адамның тек жеке басын ғана ойлауы, барлық нәрсе өзі үшін ғана болуын қалайтыны, өзгелердің өмірімен, ой-пікірімен, тағдырымен санаспау сияқты тұрпайылықты бейнелейді.

Сол себепті біздің әрқайсысымыздан оқуға ниеттенген кітабымызға, көрмекші болған кинофильмге немесе мультфильмге, тамашалайтын хабарлар мен басқа да оқиға-құбылыстарға ашық көзбен, сергек қарау, санамызды уландырмай, талғамымызды мұқалтпай, өзімізді-өзіміз қорғау талап етіледі.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жаһандану дегенде нені түсінуге болады?
2. Жаһанданудың ұнамды және кері сипаттары жөнінде не білесін?
3. Ислам дінінің дамуына еселі үлес қосқан ұлы ғұламаларды ата.
4. Догматизм өкілдерін қалай тануға болады?
5. Лаңкестік деген не, оның қандай кері салдарлары бар?
6. Экстремизмді сипатта.
7. Төмендегі суреттер негізінде шынайы мәдениет пен жалған «бұқаралық мәдениет» ұғымдарының айырмашылығын түсіндір.



а



ә



б



в

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 117-бет.



ЖЕКЕ ТҮЛҒА ТӘРБИЕСІ

Бүгінгі тақырыптың мән-маңызын пайымдау үшін ең алдымен «жеке тұлға» деп кімді айтатынын біліп алайық. Бұл ұғымның «адам», «жұртшылық», «топ» дейтін ұғымдардан нендей айырмасы бар екенін де білуге тиіспіз.

Тақырыптан-ақ көрініп тұрғанындай, жеке тұлға болу үшін адам міндетті түрде тәрбиеленуі керек екен. Тәлім-тәрбиесіз, өмірдегі жақсылық пен жамандықты білмей, оларды айыра алмай тұрып, адамның тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Ал тәлім-тәрбие алу, жақсы мен жаманды айыра алатын дәрежеге жету ұзақ уақытты талап етеді, тіпті адам өмірінің соңына дейін созылуы да ықтимал. Демек, кез келген адамды да, бұл дүниеде бас көтеріп жүрген барлық адамдарды да жеке тұлға дей алмаймыз. Бұндай атқа лайықты болудың өзіндік талаптары, өз өлшемдері бар. Бұл талаптар мен өлшемдердің ішінде рухани-ағарту өлшемі ерекше орын иелейді.

«Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабынан мынадай тұжырымдарды оқимыз:



«Кез келген ата-ана, оқытушы мен ұстаз-тәлімгер әрбір бала бейнесінен ең алдымен жеке тұлғаны көре білуге тиіс. Мінеки, осынау қарапайым талапты ескере отырып, перзенттерімізді тәуелсіз әрі кең ойлауға қабілетті, саналы өмір сүретін кемел адамдар етіп өсіру — оқу-тәрбие саласының негізгі мақсаты мен міндеті болуы қажет»¹.

Енді осы тұжырымның мазмұнына назар аударайық. Елбасымыз ата-аналарға, оқытушылар мен ұстаз-тәлімгерлерге «әрбір бала бейнесінен ең алдымен жеке тұлғаны көре білуді» ұғындырып отыр. Яғни сен және сенің достарың келешекте жеке тұлға болып өсу

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 61-бет.

мүмкіндігіне, қуатына иесіндер. Бүкіл оқу-тәрбие үдерісі осы мүмкіндікті жүзеге асыруға, сенің тәнің мен жаныңда бұғып жатқан қабілеттерді ашып, одан әрі жетілдіруге бағытталуға тиіс.



Былайша айтқанда, әрбір бала туыла салып-ақ дайын тұлға бола алмайды. Оның болмыс-бітімінде жеке тұлға болып жетілу мүмкіндігі жасырынып жатады. Бар гәп сол «қазынаны» көріп, аша білуде жатыр.

Егер адамның дербес әрі тәуелсіз пікір жүргізуі ынталандырылса, солайша пікірлеуге мүмкіндік туғызылса, ол саналы өмір сүретін тұлға болып өседі. Еркін де тәуелсіз пікір өрбіту, барлық нәрселер жөнінде бейтарап бақылау жүргізу, өмірде салауатты тұрмыс салтын ұстану адамды кемелдікке жетелейді.

Енді жеке тұлға болып жетілудің осынау маңызды талаптарына егжей-тегжейлі тоқталайық.

Еркін пікірлеу деген не?

Мына жарық дүниеде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардың саны қисапсыз. Олар жөнінде әрбір ғылым өзінің ғылыми көзқарастарын ұсынады. Ал білімнің шегі жоқ. Яғни заттар мен құбылыстардың мән-маңызын зерттеу мәңгі бақи тоқтамайды. Сол зерттеушілер қатарына енді сен де қосыласың. Зерттеп-үйрену барысында ата-бабаларымыздан қалған білім-тәжірибелерді лажы барынша көбірек игеруің керек. Онсыз болмайды. Осыдан көп ғасырлар бұрын ашылған табиғат және қоғам заңдылықтарын қайта зерттеумен өмірінді өткізбейсің ғой, дұрыс па?



Дейтұрғанмен заттар мен құбылыстар қаншалықты терең зерттелсе де, олардың әлі зерттелмеген, әлі ашылып үлгермеген жақтары да баршылық, әрине. Бар гәп, міне, сонда.

Егер сен олар туралы алған білімің мен жеке көзқарасыңа сүйеніп еркін пікір қорытатын болсаң, сол заттар мен құбылыстардың әлі ешкім байқамаған маңызды сипаттарын табасың. Бұл үшін сенен еркін ой қорытып, ешкімдікіне ұқсамайтын ақыл-зейінің мен сезім-түйсіктеріңді іске қосу талап етіледі.

Тәуелсіз пікір өрбіту ұғымын саған етене таныс бір туынды мысалында түсіндіруге тырысайық.

Есінде болса, 5-сыныптың «Әдебиет» оқулығында көрнекті жазушы Айбектің «Шырақшы атай» әңгімесін оқыған едіңдер. Әңгімеде өткен ғасырдың 20-жылдарында көше бойына жағалай орнатылатын, керосинмен жанатын фонарьларға қарайтын қарт кісі — Шырақшы ата мен махалладағы жас балалар арасында болған бір оқиға жайлы сыр шертіледі. Балалардың арасындағы «ең батыл, ең сотқар Қасым шолақ» серіктерін көшеге нұрын төгіп тұрған шамдардың шыны әйнектерін таспен яки кесекпен атқылап сындыруға, сөйтіп Шырақшы атаның ашуын қоздыруға шақырады. Оның сөзіне ерген бір топ бала сол қиғылықты істеп, атайдың наразылығына себеп болады. Шырақшы ата олардың бұл қылықтары жұртшылыққа, әсіресе лайсаң кезде кешке қарай көшеге шыққан қарттарға едәуір қиыншылық туғызатынын түсіндірген соң ғана балалардың көздері ашылады. Олар Қасым шолақтың айғай салып, сес көрсеткеніне қарамастан, бұдан былай оның сөзіне ермеуге, адамдарға пайдасы тиетін көше шамдарын сындырмауға серттеседі...

Назар аударған болсаң, сол шағын әңгімеде де адамның өзіндік пікірі болмауы, тәуелсіз көзқарасының жоқтығы қандай ұнамсыз салдарға соқтыратыны өте әсерлі суреттелген. Өзінің не істегені жөнінде тәуелсіз ойлап көрмеген, оның кері әсерін сезінбеген балалар жалғыз сотқардың айтағына еріп, қоғамға қанша зиян келтірді десеңізші. Мүмкін, Қасым шолақ шын мәнінде балалардың арасындағы ең батылы шығар. Бірақ оның бұл батылдығы кімге, неге қызмет етті? Әңгімеде баяндалғанындай, әрине, сотқарлыққа — жамандыққа, қиратушылыққа!

Сабағымыздың басындағы «жеке тұлға» ұғымының әншейін «адам», «жұртшылық», «топ» ұғымдарынан қандай айырмасы бар деген сұраққа жауап беретін кезі енді келді.



Өзіндік пікірі, жеке көзқарасы жоқ, айтқан сөзі немесе істеген ісі үшін айыпты болу жауапкершілігін сезінбейтін адам «тұлға» дейтін жоғары беделге көтеріле алмайды. Нақ осындай адамдар жиналып «аламанды», «тобырды» құрайды.

Өткен сабақта айтылғанындай, кез келген мемлекетті немесе ұлтты іштен шалмақшы болған қара ниетті күштер нақ сол аламан-дар мен тобырлардың басын құрауды, олардың қиратушылық күшін өз мүдделеріне пайдалануды ойлайды. Олар адамдардың еркін, тәуелсіз ойлауына жол бермейтін бүлдіргіш идеялар мен идеологияларды тықпалайды, өз қармағына іліккен жастарды басқаша ойламауға, үйретілген жасанды қағидалардан ауытқымауға ант ішкізеді.



Жалған «бұқаралық мәдениетті» уағыздаушылардың ниеті де осыған ұқсас болып келеді. Олар адамның хайуандық сезім-түйсіктерін қоздыратын сауық-тамашалардың күші мен ықпалын пайдалана отырып, қоғамдағы жеке тұлғаларды жойып, адамдарды ешнәрсе жайлы ойламайтын, нені көрсе немесе естісе, соның жетегіне еріп кете беретін аламанға айналдыруды қалайды.

Бұл екі бағыт та халық пен қоғамға өз билігін орнатып, үстемдігін жүргізуді, оның тағдырын өз қолында ұстап, байлықтарын талан-тараж етуді көздейді.



Демек, әрқайсысымыздың кез келген оқиға-құбылыстар жөнінде тәуелсіз, дербес пікіріміз болуы, оны қорғай білуіміз керек. Бұл бізді көптеген жамандықтардан сақтап қалады.

Сонда ғана біз алуан түрлі бүлдіргіш пікірлер мен идеялардың ықпалына берілмейміз, қиратушылыққа шақыратындардың алдап-арбауына ермейміз, өздігімізді, ұлттығымызды, болашағымызды сақтап қаламыз.

Еркін де тәуелсіз, терең де кең пікірлеу өздігінен пайда бола салмайды. Бұл үшін адам көп білімді игеруі, ақыл-ойын байытуы, дағдылары мен біліктілігін арттыруы керек. Ал бұндай қасиеттер көшеде емес, ағарту орындарында — оқу-тәрбие ордаларында игеріледі.

Елбасымыз тағы бір маңызды ережені айрықша атап көрсетеді:



«Оқуды тәрбиеден, тәрбиені оқудан бөліп қарауға болмайды, бұл — шығыстық көзқарас, шығыстық өмір философиясы»¹.

Бұл көзқарасқа, шынайы өмір философиясына сүйенгенде ғана қоғамда кемел адамды тәрбиелеп өсіруге болады.

Біздің халқымыз білімді, көп нәрсені білетін адамдарды ерекше құрметтеп, бағалайды. Ондай адамдарға махалла-ауылдарда да, еңбек ұжымдары мен дос-жарандар ортасында да айрықша көңіл бөлініп, назар аударылады. Бірақ бір шартпен ғана: егер сол білімді, көп білетін кісінің адамгершілігі жоғары болса, алған білімі тәрбиесіне сай, сөзі мен ісі бір болса. Ең бастысы — ол адам тек ғылым болып қана қалмай, адам болу ілімін де жетік меңгерген, өзгелерге құрмет пен ілтипат көрсету дағдысын да білетін болса. Тәрбие көрген, жақсы мен жаманды айыра алатын адамның білім мен ғылымды терең де ауқымды игеруі, алған білімін өмірге енгізуі өте-мөте нәтижелі болады. Адам баласына берілетін тәрбие алғашқы кезекте ғылым мен білімге негізделуі, тәлімдік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылуы қажет.

Егер тәрбие асығыс, шала-шұрпы ұйымдастырылса, жүйелі түрде, тұрақты жүргізілмесе, бұндай «тәрбие» адамның келешегіне, тұлғаның қалыптасуына тек зиян келтіреді.

Міне, осы ережелер қатаң сақталғанда ғана оқу мен тәрбие өзінің түпкі мақсатына жетуі — кемел адамды тәрбиелеп өсіруі мүмкін.



Кемел адам дегенде біз азат адамды, еркін пікір қорытатын, Отаны мен халқына адал, шынайы берілген, жан-тәнімен қызмет ететін тұлғаны түсінеміз.

Бұған керісінше егер адам біреуге құлдық ұрып, соның айтқанымен жүрсе, өзінің жеке пікірі болмаса, яки оны қорғай алмаса, қой аузынан шөп алмайтын момын, жуас күйге түседі, жасқаншақ болады. Бұндай адам Отаны мен халқының мүдделеріне жат, зиянды идеяларды уағыздаушылардың соңына еріп кете беруі де ықтимал.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 62-бет.

Сен еліміз жастарының әлеуметтік қозғалысы «Камолот» деп, ал лицейлер мен колледждердің оқушылары арасында өтетін спорт жарыстары «Баркамол авлод» деп аталатынын жақсы білесің. Жастардың өмірден өз орындарын табуына көмектесетін ұйымның және өсіп келе жатқан жас ұрпақты шынықтыруға тәрбиелейтін спорт жарыстарының бұлай аталуының өзіндік мән-мағынасы бар, әрине. Онда жастардың жан-жақты кемелдікке ұмтылғыш, ізденімпаз болуы көзделген. Өйткені дене тұрғысынан да, рухани тұрғыдан да кемелдік өзара байланысты түрде дамуға тиіс.



Дене мықтылығы тұрғысынан кемелдікке қол жеткізбей тұрып, шынайы рухани кемелдікке, ал рухани кемелдікке қол жеткізбей тұрып дене кемелдігіне жетуге болмайды.

Кемелдікке қол жеткізудің маңызды шарты — білімділік болып табылады.

Әрине, рухани кемелдікке қол жеткізудің басқа да шарттары бар. Мәселен, әдепті болу, еңбексүйгіштік, елге адалдық пен сүйіспеншілік тағысын тағылар. Әйтсе де бұлардың барлығының да негізінде білу мен ұғыну талабы жатқандықтан, адамның рухани кемелдікке жетуінде білімділік пен ағартудың орны айрықша.

Саған өмірдегі ең қарапайым сөздер мен істерді біреулер ежелп, ерінбей үйреткен, солай емес пе? Ата-анаң алдымен нені қалай атау керектігін, киімді қалай киюді, тіпті тағамды қалай жеуді де үйреткен. Яғни біздің бүкіл өміріміз үйренуге, білуге негізделген. Егер саған, маған, бізге ең қарапайым нәрселердің өзін кезінде біреу үйретпесе, яки әлдекімнен көріп өзіміз үйренбесек, біздің өзге де тіршілік иелерінен ешқандай айырмамыз болмас еді. Демек, білімділік — рухани кемелдіктің негізі, оның басты өлшемі.



Адам жаратылысынан білуге құштар. Өйткені ол — ұдайы ізденістегі ой-сана мен түйсіктің иесі. Ол тек тәні арқылы ғана емес, ой-санасы мен сезім-түйсігі арқылы да өсуге, кемелденуге ұмтылады.

Ал жануарларда мүлдем өзгеше. Олар құлқыны қайда бастаса, сол жаққа қарай кете береді. Құлқыны тойса болғаны, ұмтылысы да

тоқтайды, жатып демалуға кіріседі. Олар үшін білудің керегі жоқ. Өйткені оларда білуге сұраныс болған емес, болмайды да.

Адамзат мыңдаған жылдар бойы ұшатын кілемді, ғажайыптарды көрсететін айнаны, жайыл дастарқанды армандады. Ақыры ол өз ақылы мен зейініне сүйеніп, ұшақты, теледидар мен радиоқабылдағышты, сан түрлі өнімдер шығаратын фабрикалар мен цехтарды ойлап тапты. Ол бұнымен ғана шектелместен, ұшақтан да, тіпті дыбыстан да жылдам ұшатын зымыранды, ондаған жылдар бойы ғарышты өзі айналып жүре беретін жасанды серіктерді, сымсыз қосылатын және экранды телефон аппараттарын, бүкіл Жер жүзіндегі адамдар санасын ақпарат торымен шырмап алуды мақсат еткен Интернет (ғаламтор) жүйесін жасады. Енді адам Жердегі өмірмен ғана шектеліп қалмай, басқа ғаламшарларға, тіпті басқа галактикаларға саяхат жасауға, адам миындағы ой-пікірлерді оқи білуге ұмтылып жатыр.

Барлық осы арман-тілектер мен ұмтылыстарға қосыла отырып, адамзаттан тағы бір маңызды шындықтан сақ болу талап етіледі.



Яғни ғылым мен техника саласындағы барлық ашылымдар мен жетістіктерді тек қана ізгілікке, жақсылыққа, адамзаттың бақыт-игілігіне қызмет еткізу керек.

Егер дүниенің кешегі күні мен бүгініне көз жіберетін болсақ, дамудың жоғары сатысына көтерілген халықтардың барлығы да ғылым мен білімнің арқасында гүлденгені, ал мешеу, яғни тұралаған халықтардың дамуы, керісінше, білімсіздік пен көргенсіздіктің салдарынан артта қалып, өзгелерге тәуелді болғаны айқын көрінеді.



Қазіргі кезде дүние жүзінде ақыл-зейін мен ой-сана бәсекесі өткен замандардағыдан да күштірек өрши түскен. Бұл бәсекеде кім озып шықса, дамудың тізгіні де соның қолында болады. Президент Ислам Каримовтың осы шындықтан туындаған «Күш — білім мен ой-санада» деген идеясы нақ осы рухани күшті, мұқалмас құдіретті меңзейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ағартушы бабамыз Абдулла Авлонидің: «Тәрбие біз үшін не өмір — не өлім, не демеу — не апат, не игілік — не бақытсыздық мәселесі болып табылады», — деген сөздері бізді неден сергек болуға шақырады?
2. Неліктен білімді тәрбиеден, ал тәрбиені білімнен айыруға болмайды? Сеніңше, бұл ереже бұзылса, қандай салдарлар туындауы мүмкін?
3. Елімізде жеке тұлғаны тәрбиелеуге неліктен ерекше көңіл бөлінеді?
4. Адамның тұлға болып қалыптасуында оның еркін де тәуелсіз ойлауының қандай маңызы бар?
5. «Әрбір баладан ең алдымен тұлғаны көру қажет» дегенді түсіндір.
6. «Тұлға» және «аламан» ұғымдары арасындағы айырмашылықты өз пайымдауларың бойынша сипаттап бер.
7. Ғылым мен білім жаңалықтарын жасампаздықпен қатар бүлдірушілік мақсаттарға да қолдануға болатынын төмендегі суреттер негізінде баянда.



а



ә



б



в





ҚОҒАМҒА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ІНДЕТТЕР

Қымбатты оқушы, өткен сабақтардың бірінде «Көзге көрінбейтін қатерлер» деген тақырып бойынша халық санасы мен рухына шеттен қауіп төндіріп жатқан идеологиялық індеттерге тоқталған едік. Руханиятты ізден тайдыратын қауіп-қатерлер бұнымен шектелмейді. Тарихтың маңызды кезеңдерінде өз ішімізден шығып, халқымыздың аяғына тұсау болған, оны даму жолынан адастырған індеттерді білмеуге, оларға қарсы күреспеуге хақымыз жоқ. Олар — өзімшілдік пен салғырттық, туыскандық пен жершілдік, паракорлық пен мансап-құмарлық, менмендік пен тәкаппарлық, күншілдік пен опасыздық.

Адам бар жерде, өкінішке орай, жоғарыда тілге алынған ұнамсыз қасиеттер оның рухы мен санасын иелеп алады, оны жолдан адастыру қаупі ұдайы сақталып қала береді. Сондықтан да әрқайсысымыз бұл індеттерді жақсылап «танып алуға», олардан әрқашан аулақ жүруге, қырағы да сергек болуға міндеттіміз.



Өзімшілдік (эгоизм) — адамның тек өзін ғана ойлауы, өзгелердің мүдделерімен санаспауы, өз қалау-тілегін қанағаттандыру жолында ешкімді көзге ілмей, аяқ асты етуден тайынбауы секілді жағымсыз індет.

Өзімшілдік дертіне шалдыққан адам үшін айналадағы адамдардың барлығы да онымен санасуы, барлық істер ол ойлағандай етіп орындалуы, барлық мәселе тек оның пайдасына ғана шешілуі керек болып көрінеді. Өкінішке орай бұндай адамдар арамызда әлі де баршылық. Олар мемлекеттен, қоғамнан, халықтан барлық нәрсені талап етеді, бірақ өздерінің сол қоғамға, мемлекетке, халыққа еш пайдасы тимегені жөнінде ойланбайды. Өзі туылып-өскен ортада болып жатқан оқиға-құбылыстардың, өзгерістердің, шешілмеген проблемалардың оған еш қатысы жоқ сияктанып, тек өзін, өз қамын ғана ойлап «қамалып» отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұндай адамдар үшін әлемде тек «Маған бер!» деген талап пен тілек қана бар.

Өзгелердің қайғысына ортақтасып, қуанышын бөлісу, ұлты мен мемлекеті алдында тұрған міндеттерді шешу жолында жан күйдіру, халықпен бірге өмір сүру — өзімшіл адамдарға жат сезім.

Өзімшіл тұлға тек қоғам мүдделеріне селқостық танытып қана қоймай, өзінің айналасындағы замандастарына, кәсіптестеріне, тіпті жанұясының мүшелеріне де бөтен, жат адамдар сияқты мінез танытады. Бұндай жандар адам баласына мейіріммен қарау, көмекке мұқтаждарға жәрдем қолын созу, өзгелердің қайғысына ортақтасу сынды игі қасиеттерді білмейді, тіпті ол туралы ойламайды да. Ақыр аяғында өзімшілдің мінез-құлқынан оның жақын адамдары да, жанұясы да, қоғам да зардап шегеді, одан азар да безер болады.



Тарихқа назар аударатын болсақ, елімізді өзіне бойсұндырмақшы болған, ержүрек қолбасшыларымызға, ұлы ойшылдарымызға, зиялы ата-бабаларымыздың өміріне қастандық жасаған барлық басқыншылардың нақ осындай өзімшіл, тек қара басының қамын ғана ойлайтын адамдарды өз мүдделеріне пайдаланғанының куәсі боламыз. Өзімшіл, менмен адамдар қандай әдіспен болса да, өз мүддесі мен құлқынын қанағаттандыруды ойлап, ел-жұрт мүдделерінің аяқ асты болып тапталуына жол ашқан.

Қоғамға елеулі қатер төндіретін індеттердің тағы біреуі — енжарлық. Елбасымыз бұндай індеттердің қаншалықты қауіпті екені жөнінде «Жоғары руханият — жеңілмес күш» кітабында өнегелі, негізді пікірлер білдіреді.



«Немқұрайды, енжар адамның дұшпаннан да қауіптірек екені ежелден белгілі. Өйткені дұшпаныңның кім екені, оның шынайы бейнесі сен үшін алдын ала мәлім болады. Бірақ енжар, әрбір іске немқұрайды қарайтын адамның бейнесін ә дегенде біле алмайсың. Сондықтан да ол өз аранда жүріп, саған тісін қайраған жауларыңа қолайлы мүмкіндік туғызып береді.

Әйгілі философтардың бірі осынау өмірлік ақиқатты терең талдап, мынадай тұжырым айтқан: «Дұшпандарыңнан қорықпа — ары барса, олар сені өлтіреді. Достарыңнан қорықпа — ары барса, олар саған қиянат жасауы мүмкін. Немқұрайды адамдардан қорық — олар сені өлтірмейді де, сатпайды да. Тек олар үн-

түнсіз, жайбарақат қарап тұра беретіндіктен, жер жүзінде қиянат та, жауыздықтар да бола береді»¹.

Осы орайда өзбекстандық қазақ ақыны, танымал журналист Құл-назар Ибрагимовтың төмендегі жалынды өлең жолдары еске түседі:

Байламады заманы келте кімді?
Болжай да алмай жүрдің-ау ертеңінді.
Теңіз асып, мұхитқа шығам десен,
Көтертпеді биікке желкенінді.
Түлкі-заман артпады жүгін кімге,
Ертең түгіл, білмедің бүгінде де.
Шырылдаған шындық деп пендесінің
Шығармады ұзатып үнін мүлде.

О, ағайын!
Өтсе де жалын жасың,
Енді басың қайғыға салынбасын!
Келе алмастан өзіңе жүрсең-дағы,
Бүгін, шүкір, мұңыңнан әнің басым.
Қайран заман, ғасырдан күтіп жүрген,
Елім түсті болашақ ағымға шын!



Бізден қырағы әрі сақ болуды, тұрақты сергектікті талап ететін тағы бір індет — рушылдықты, жершілдікті қолдау, басқа барлық нәрседен осы мүддені жоғары қою.

Алдымен айтатынымыз, өзіңнің ағайын-туысқандарыңды білу, олармен жақын байланыстар орнату, қуаныштары мен қайғыларына ортақтасу, түптеп келгенде, өте-мөте қажетті адамдық қасиет болып саналады. Әсіресе біздің халқымыз өз жанұясы мен туыстарының абыройын қорғауды, олардың бейбіт те алаңсыз өмір сүруі жөнінде ойлауды өзінің борышы әрі міндеті деп біледі. Осы жолда адал іс-қимыл жасау, жақындарына материалдық және рухани демеу көрсету — жақсылықтың жарқын көрінісі деуге болады. Бар гәп сол қам-қарекеттің шынайылығында, өтеусіз қайырымдылығында, дұрыстығы мен заңдылығында болып отыр.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 124-бет.

Егер байқаған болсаң, кейбір адамдар мансап креслосына отырысымен-ақ айналасына туған-туысқандарын, рулас ағайындарын, табактас-дәмдестерін жинап алуға, олармен ауыз жаласып халықтың, мемлекеттің байлықтарын талан-тараж етуге кіріседі. Олар өз мақсатына жету жолында нысапты да, адамгершілікті де, заңды да ұмытып қояды. Бірер лауазымды қызмет орны босай қалса, қолынан іс келетін білікті мамандар бар болса да, сол орынға өзінің туысқанын, жақын-жұрағатын тағайындауға тырысады. Сондықтан ұжымның ісі кері кетеді, мемлекет қаржылары ысырап болады.



Ең жаманы — бұның бәрін көріп-біліп отырған адамдарда әділетке, заңға сенімсіздік, самарқаулық, жүктелген іске немкеттілікпен қарау пайда болады.

Қайсы деңгейде болса да, туындаған бұндай келеңсіздіктер адамдардың орынды наразылықтарын, қарсылығын оятады. Сол себепті біздің елімізде таныстықтың, рушылдық пен жершілдіктің кері көріністеріне қарсы әрі заң тұрғысынан, әрі рухани-ағартушылық тұрғысынан белсенді күрес жүргізіледі, бұған жол қойған адамдардан қоғам да жиіркенеді. Бұл салада Елбасымыз Ислам Каримовтың 1991 жылы ресейлік «Рабочая трибуна» газеті тілшісіне айтқан төмендегі тарихи сөздері баршамызға өнеге болады:



«Менің рулас ағайындарым — маған Президент болуды сеніп тапсырған халқым»¹.

Ағайын-туыстықтан да қауіптірек тағы бір індет — жершілдік яки жерлестік болып саналады.



Жерлестік — адам бойында өзі туылып-өскен мекенге байланысты түрде қалыптасатын аумақтық жақындық сезімінің ұнамсыз көрінісі.

Жерлестіктің ең жаман жағы махалланың, ауыл-қыстақтың, аумақтың немесе аймақтың мүдделерін жалпы қоғамның мүддесінен де жоғары қою болып табылады. Қоғамда бұндай көзқарастар мен ұғымдардың белең алуы мемлекеттің аумақтық біртұтастығына, баяндылығы мен дамуына зиянды зардабын тигізеді. Жерлестік аумақтардың өзін-өзі шекаралап қоюына, шаруашылық-

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «Ўзбекистон» БПШҮ, 2011 жыл, 356-бет.

тар мен аумақаралық байланыстардың әлсіреуіне, ақыр соңында экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани оқшаулануға соқтыруы әбден мүмкін. Себебі жерлестік, жершілдік сынды зиянды ықпалдардың жетегіне ерген адамдар басқа жерлерде жасайтындарға мұрындарын шүйіретін, оларды менсінбейтін, тіпті келеке-мазақ етіп күлетін дәрежеге жетеді.



Бұдан көрініп тұрғанындай, жерлестік-жершілдіктің патриотизмге ешқандай қатысы жоқ. Осы екі ұғымды бір-бірінен айыра білу, Өзбекстанды өзінің бірегей Отаны деп санау — кез келген жершілдіктен үстем болудың алғышарты.

Елбасымыз жершілдік пен руластыққа берілу ұлттық қауіпсіздікке үлкен дақ салатынын дәлелдеген шығармасында төмендегідей маңызды пікір білдірген:



«Адам өзін ең алдымен Өзбекстан азаматымын деп, содан соң ғана хорезмдікпін, самарқанттықпын немесе Ферғана аңғарының тұрғынымын деп сезінуге тиіс»¹.

Біздің әдептілігімізге көрік беретін қасиеттердің тағы бірі — кішіпейілділік, ал оның көркін бұзатын, басқаларды бізден бездіретін індет — менмендік пен менсінбеушілік. Бір өкініштісі, арамызда кішіпейілділік сынды құнды қасиетке атүсті қарайтын, өзін өзгелерден анағұрлым жоғары қоятын балалар да кездесіп тұрады. Ондайлардың басым көпшілігі өзінің бойында жоқ қасиеттерді қалайда бар етіп көрсетуге әрекеттенеді. Нағыз білімді бала өзін-өзі көрсетуге ұрынбайды, өзгелерді мазақ етіп күлмейді. Керісінше ол достарының да өзіне жетіп алуын, бүкіл сынып оның біліміне риза болғанын қалайды. Бұндай балалар әлдекімдерді тандай қактыру, мақтау есту үшін оқымайды. Олар үшін білімпаз болу, кітап оқып, өзінің рухани жан дүниесін байыту ішкі сұраныс болып саналады. Өйткені білімі арқылы көңілі марқайып, өмірі күннен-күнге мазмұндырақ бола түскенін олар өте жақсы сезінеді.

Кішіпейіл адам айнала-төңірегіндегі адамдармен қарым-қатынаста өзіне артық құрмет пен ізет көрсетуді талап етпейді, жетістіктеріне мақтанып, даурықпайды.

¹ **Ислам Каримов.** Xavfsizlik va barqaror taraqqiyot yo'lida./ O'zbekiston XXI asr bo'sag'asida. —Т.: «Узбекистон» баспасы, 1998 жыл, 101-бет.



Демек, кішіпейілділік — адамды кемелдікке жетелейтін маңызды қасиет, ал менмендік оны өзгелерден оқшаулануға, рухани азғындауға апаратын елеулі олқылық болып табылады.

Сен өткен тарихымыздағы көптеген ұлы тұлғалар мен жан-жақты кемел адамдар да кішіпейілділіктің арқасында замандастары мен келер ұрпақтарға үлгі-өнеге болғанын жақсы білесің. Бұған мысал ретінде хазірет Науаиды еске алудың өзі жеткілікті. Ол әлемге танымал ұлы ақын, ел патшасы Хұсайын Байқараның балалық шақтағы досы екендігіне қарамастан, қарапайымдылық пен кішіпейілділік тұрғысынан баршаға өнеге болды. Ойшыл ғұламаның өзінен бұрынғы және қатарлас ұстаздарына көрсеткен ізет-құрметі, өзінен едәуір жас шахзадаларды бейбітшілік пен татулыққа шақырудан шаршамайтыны, мемлекеттік деңгейдегі құжаттардың ең төменгі жағына қол қоюы — барлығы Науаи ұлылығының тағы бір сипаты дей аламыз.

Жоғарыда тілген алынған пікірлер мен тұжырымдардан айқын болғандай, халқымызды руханият тұрғысынан әспеттеп, мәртебесін биіктететін ұлы қасиеттермен қатар оның гүлденіп-өркендеуіне кері әсерін тигізетін ұнамсыз әдеттер мен індеттер де бар. Олардан әрқашан сақ болу, үлкен адамдар мен ұстаз-оқытушылардың кеңес-насихаттарына құлақ салып, жақсы адамдардан үлгі алу, жан дүниемізде ізгі қасиеттерді қалыптастыру арқылы бұндай кемшіліктерден құлантаза арылуымыз керек.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлттық руханиятқа қарсы бағытталған қандай ішкі және сыртқы қатерлерді білесің?
2. Өзімшілдік індетіне шалдықпау үшін адам не істеуге тиіс деп ойлайсың?
3. Кей кездерде өз бойыңда да өзімшілдік белгілері барын байқайсың ба? Одан толық құтыламын дей аласың ба?
4. Неліктен енжар, салғырт адамдар дұшпаннан да қауіпті болады?
5. Жершілдік пен жерлестікке берілген сипаттаманы өз сөзіңмен түсіндіруге әрекет жаса.
6. Менмендікке, төкаппарлыққа берілудің салдарынан туындайтын ұнамсыз жағдайларға мысал келтір.
7. Күншілдік, бақталастық сезімі адам бойында қалай пайда болатыны және қандай салдарларға соқтыратыны жөнінде әңгімеле.



АДАМ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ

Қымбатты оқушы, егер назар аударған болсаң, адам баласы әрқашан сұлулыққа ұмтылады. Қып-қызыл кілемдей құлпырған қызғалдақты даланы немесе сонау құзар биіктен төмен қарай құлдилаған сарқыраманы көргенде, адамның жүрегін қуаныш кернеп, аса көтеріңкі көңіл күйге бөленеді. Бұндай көріністер ата-бабаларымызды да шабыттандырып, оларды жартастарға сурет салуға, ұнатқан нәрселерін алуан түрлі гүлдермен безендіріп, үйлерін сан қилы пішіндермен құруға жігерлендірген. Мәселен, қазіргі Науаи облысының Сармышсай, Үштұт, Ташкент облысының Хожакент, Қарақия, Шатқал деген таулы аймақтарындағы жартастарға мындаған жабайы аңдар мен үй жануарларының, аң аулаумен шұғылданып жатқан адамдардың бейнелері қашап салынған. Бұндай петроглифтердің, яғни тасқа салынған суреттердің жасы ондаған мың жылдармен өлшенеді. Арғы ата-бабаларымыздан қалған, бүгінде отбасымыздың тәбәрік бұйымдарына айналған киім-кешектерге, ыдыс-аяқтарға, кестелер мен кілемдерге үңіле көз салсаң, олардың ою-нақыштары, түр-түстері қаншалықты жоғары талғаммен таңдалғанын, өзара шебер үйлесім тапқанын көріп, еріксіз таңдай қағасың.

Сыныптастарыңның басым көпшілігі Самарқант қаласын көрген де шығар. Өлде Хиуа мен Бұхараға барған болар. Айта ғойшы, Самарқанттағы Регистан кешені сияқты еңселі құрылысты салу мен безендіру үшін еліміздің көркем және ғылыми қабілеті қаншалықты жоғары болуы керек? Өзің «Әдебиет» сабағында оқыған хазірет Науаидың шығармалары немесе Бехзодтың қылқаламынан туған суреттер,-

Самарқанттағы Әмір Темір ескерткіші яки астанамыздағы Хазіреті Имам кешені халқымыздың жасампаздық әлеуеті, көркем-эстетикалық талғамы қаншалықты құдіретті екенін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Бұндай пікірлерді әрқайсысымыз туылып-өскен облыс және аудан аумағындағы мәдени ескерткіштер мысалында да емін-еркін айта аламыз.



Адам өнер туындыларын түсінуді, сезінуді қаласа, ең алдымен — өз талғамын, өзінің жігерін және ақыл-ойын тәрбиелеуге міндетті. Ал өнерді түсініп, сезіну адамның жан-жақты кемелденуіне, рухани баюына себеп болады.

Егер сен сексен-тоқсан жастағы ата-әжелеріңнің сөздеріне сенетін болсаң, олар тіршілік ету өте-мөте қиын болған кездерде де, тіпті соғыс жылдарында да кешке қарай көрші-қоландармен бір бөлмеге жиналып, керосин шамның жарығымен халық дастандарын, қиссаларды, Машраб пен Науаидың кітаптарын оқығандарын еске алады. Өзің ойлап көр: өнер мен әдебиетке бұншалықты құштарлықтың сыры неде? Неліктен адамдар қарнының аштығына, үсті-басының жұпынылығына қарамай, руханиятқа соншалықты берілген?



Бұның себебі сол, нағыз адамдар өмірді тек ішіп-жеумен, жеңіл-желпі күн көрумен, арзан ойын-күлкімен өткізуді өздері үшін ар деп санайды. Адам баласы алғашқы кезекте рухани байлыққа ұмтылған, тәнін емес, жанын азықтандырған. Тарихта өнегелі із қалдырған барлық ұлы тұлғалар ең алдымен рухани тұрғыдан құдіретті болғандығымен өзгелерден ерекшеленіп тұрған.

Сен дене бітімі тұрғысынан кәмелет жасына жетсең де, рухани тұрғыдан балиғатқа жету жөнінде ойлануға тиіссің. Бұл үшін алтыннан да қымбат уақытты босқа өткізбей, жалынды жастығыңның әрбір сәті мазмұнды болуы үшін әрекет жасауға тиіссің.



Егер адам баласының рухани кемелдігін құрылуға тиісті ғимаратқа теңейтін болсақ, оған күн сайын кемінде бір «кірпіш қалау» талап етіледі. Ал бұл сан түрлі формада — оқылған қызықты кітап, тамашаланған спектакль немесе кинофильм, барып көрген мұражай немесе көрме түрінде болуы да ықтимал.

Өзің де қандай да бір өнер бағытында ішкі сезімді ынталандырумен, бірер шығарма жаратумен айналыссаң, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл үдерісте сенің жүрегіңнен айналаға көзге көрінбейтін нұр немесе сәуле таралады десек, жаңсақ айтқандық емес.



Мынаны есіңнен шығарма, ой-сана жалыны дүниедегі барлық нұр көздерінен де құдіретті.



Өнер оны жаратқан халықтың рухани бейнесінің айнасы болып табылады. Өткен сабақтарда ескерткеніміздей, Сайыпқыран бабамыз Әмір Темір өзі туылып-өскен жер — Кеште (Шахрисабзде) салдырған Ақсарайдың қабырғасына «Кімде-кім біздің құдіретімізге шек келтірсе, біз салдырған ғимараттарды көрсін» деген сөздерді бекерге жаздырмаған.



Академик Ғафур Ғұлам өзінің мақалаларында Әмір Темір бабамызға байланысты бір тарихи дәлелді мысалға келтіреді. Оның жазуына қарағанда, Сайыпқыран ірі әскери жорықтарға аттанар алдында көп санды атты әскерлері қоржындарының бір басын сапалы саз топыраққа, ал екінші басын ғимараттардың маңдайшасына пайдаланылатын дайын нақыш-өрнектер мен безектерге толтырып жолға шығады екен.

Олар барған жерлерінде әкелген нәрселерін мектептер мен медреселерге, сардобаларға, керуенсарайлар мен сәулетті ғимараттар құрылысына пайдаланады екен. Мәселен, бүгінгі таңда да өзінің сәулеттілігімен және көріктілігімен баршаны қайран қалдырып келе жатқан Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі немесе Дағыстанның таулы аумағындағы Дербент қамалының бір бөлігі осылай құрылған. Бұлар және бұлар сияқты жүздеген сәулеткерлік ғажайыптар халқымыздың көркемдік даналығының, рухани-ағартушылық құдіретінің айғағы болып саналады.

Біз осындай ұлы халықтың өкіліміз, сол себепті келер ұрпаққа бізден де көптеген игі істер мұра болып қалуға тиіс. Елбасымыз осы мәселеге айрықша көңіл бөліп, төмендегілерді атап көрсетеді:



«Қазіргі кезде бүкіл әлемде күшейіп бара жатқан сан түрлі рухани қатерлердің алдын алуда, перзенттеріміздің ой-санасы мен сезім-түйсігін «бұқаралық мәдениеттің» зиянды ықпалынан қорғауда ғылым мен білімнің, мәдениет өкілдері мен шығармагерлердің иелейтін орны мен рөлі барған сайын артып келеді.

Өйткені біздің ұлттық рухымыз бен жаратылысымызға жат әрі бөтен бұндай «мәдениет» үлгілерін тек сынаумен және қабылдамаумен, сондай-ақ оларға тыйым салу жолымен бірер нәтижеге жету қиын. Бұндай қатерлерден өмірімізді сақтандыру, рухани бостыққа жол бермеу үшін ең алдымен ізгі адамгершілік идеялар және жоғары шеберлікпен жазылған шығармалар арқылы халықтың мәдени деңгейін кемелдендіру, былайша айтқанда, бүгінгі таңда әлемдік шеңберде орын алған ақыл-ой мен зейінділік бәсекесінде сайысуға қабілетті болуымыз шарт»¹.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық өнеріміздің барлық түрлерін — халықтың қолданбалы өнерін, көркем әдебиетті, классикалық және заманауи музыканы, бейнелеу өнерін, мүсіншілікті, театр және кино салаларын өркендету мәселесіне жеткілікті назар аударылып отыр. Еліміздегі халық шеберлерінің бастарын қосып, олардың ұлттық қолданбалы өнер туындыларын жаратуы үшін барлық қолайлылықтары бар шеберханалар құрылды. Соның нәтижесінде бұл өнердің кеңес өкіметі тұсындағы көңіл бөлмеушілікке байланысты жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған құнды түрлері қайта тіктеліп келеді, бұл өнер шетелдік туристердің үлкен қызығуына себеп болуда.

Елбасымыз жоғарыда тілге алынған шығармасында: «Егер біз Өзбекстанды әлемге танытпақ, оның көне тарихы мен жарқын болашағын ұлықтамақ, оны ұрпақтар жадында мәңгі қалдырмақ болсақ, ең алдымен ұлы жазушыларды, ұлы ақындарды, ұлы шығармагерлерді тәрбиелеуге тиіспіз. Өйткені ұлы жазушы Чулпан айтқандай, әдебиет өмір сүрсе, халық та өмір сүреді», — деп тұжырымдайды. Расында да әдебиет — халық жүрегінің айнасы, оның тәрбиешісі әрі шабытының қайнар көзі. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде әдебиет өкілдеріне елеулі назар аударылып отыр, олардың еркін еңбек етуіне қолайлы жағдайлар туғызылуда. Атап айта-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 133—134-беттер.



Ең маңыздысы, еліміздің түрлі қалалары мен ауыл-қыстақтарында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысатын, келешекте ұлттық әдебиетіміздің дамуына еселі үлес қосатын жүздеген дарынды жастардың қарлығаш кітаптары мемлекет есебінен баспадан шығарылып келеді. Зұлфия атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері болған жастар арасында жазушылар мен ақындар да баршылық.



«Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында жазылғанындай, Самарқанд маңындағы Момынабат қыстағынан осыдан 3300 жыл бұрын жасалған най (сыбызғы) аспабы табылған. Ал ежелгі Бинкат, қазіргі Ташкент топырағынан сүйектен жонылған хома — қалам табылды. Осы және осыған ұқсас басқа да көптеген жәдігерліктер біздің өлкемізде өте ерте замандардан бастап-ақ ағартушылықпен айналысқан өнерсүйгіш адамдар өмір сүргенін дәлелдейді.

Халқымыз өзінің ежелгі әрі өте бай музыка өнерімен заңды түрде мақтана алады. Бірден-бір «Шашмақом» жинағына топталған музыкалық туындылар, мінеки, сан ғасырлардан бері ондаған ұрпақтың рухани сұранысын қанағаттандырып, халқымыздың жақсылы-жаманды күндерінде сүйеніш, тірек болып келеді. Бай музыкалық мұрамыздың інжу-маржаны болып табылатын «Чули

ирок» күйі заманына, ұлтына, нәсілі мен дініне қарамай, кез келген адам баласын еріксіз терең ойларға жетелейді. «Лазги» биі орындалғанда, өмірінде билеп көрмеген адам да орнынан қалай тұрып кеткенін аңғармай қалады.



Тағы бір нәрсеге назар аударғандарың жөн, өзбек бишілері әлемдегі кез келген халықтың билерін олардың өздерінен де жақсы орындайды, ал музыканттарымыз Еуропаның, Азияның, тіпті Латын Америкасының да сазды күйлерін нәшіне келтіріп орындай алады. Өзбек ұлттық әндері мен билерін мұншалықты шебер орындау басқа шетелдік өнерпаздардың қолынан келе бермейтіні рас... Бұлардың барлығы да біздің халқымыздың музыкалық таланты жоғары екенін, талғамының биіктігі мен көркемдік зейінінің ауқымдылығын айқындай түседі.

Елімізде музыка мен өнерді одан әрі дамыту, осы мақсатпен жас ұрпақтың өз талантын таныта алуына қажетті жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызу бойынша жүзеге асырылып жатқан шаралардың көлемі үлкен. Елбасымыздың бастамасымен 2008 жылдың «Жастар жылы» деп жариялануы, нақ сол жылы 2009–2014 жылдарда балалар музыка және өнер мектептерінің материалдық базасын нығайту және жаңа мекемелер ашу жөнінде мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы да бұның іс жүзіндегі айғағы болды. Аталмыш бағдарламаға орай республиканың әрбір қаласы мен ауданында заманалық жобалар негізінде барлық қолайлылықтары бар музыка және өнер мектептері ірге көтерді. Ал астанамызда салынған сәулетті «Жастар шығармашылық сарайында» жүздеген жас дарын иелері кемелдікке тәрбиеленіп келеді.

Бүгінгі Өзбекстан тек ұлттық ән-күйлерімен танылып қана қоймай, сонымен қатар бүкіл Шығыс пен басқа да халықтардың құнды музыкалық өнері көрсетілетін, өзара шығармашылық диалогқа кең мүмкіндік беретін халықаралық өнер өлкесіне де айналып барады. Мысалы, ежелгі тарих пен бүгінгі гүлденген өмірді ұштастырған көне Самарқанд қаласында әр екі жылда бір рет өткізілетін «Шарқ тароналари» халықаралық музыка фестиваліне дүние жүзінің барлық құрлықтарынан өнерпаздар келіп, өздерінің ұлттық өнерлерімен баршаны қуантуда. Ашық аспан астында, ай нұрымен, сансыз жұлдыздардың сиқырлы шұғыласымен безендірілген Регистан

алаңының табиғи сахнасында шырқалған сан алуан әуендер түрлі ұлттардың, тілдер мен діндер өкілдерінің ділін, жан дүниесін байланыстырып, халықтар ортасындағы шынайы мәдени ынтымақтастықтың нығаюына қызмет етіп келеді.



Осы фестивальдің қонағы болған әйгілі француз әншісі, әлемдік музыканың ірі білгірі – Шарль Азнавур бұл үлкен өнер мерекесі мен Самарқандтың әлеуетіне жоғары баға беріп: «Мен сиқырлы Регистанның мұбарак алаңында тұрып, өзімнің адам ретінде қаншалықты биікке көтерілгенімді, тәнім мен жанымның ұлылығын бүкіл болмысыммен сезіндім», – деген болатын. Бұндай дәріптеулер сені мен біздің – Өзбекстан перзенттерінің мақтанышына мақтаныш қоспауы, осындай елдің иелері болғанымыз үшін жүрегімізді қуаныш кернемеуі әсте мүмкін емес!

Сен әдебиет сабақтарынан жақсы білесің, өткен XX ғасырдың бас кезінде елімізде заманалық театр өнерінің бастапқы үлгілері дүниеге келген. Бірақ бұдан өнердің аталмыш түрі халқымыздың өмірінде тек сол кезде ғана пайда болды деген ой тумауы керек. Шынтуайтында газеттер мен журналдар, кітаптар мен басқа да баспа өнімдерінің саны аз болған Түркістан өлкесінің халқын ағартушылыққа үндеуде, оны мешеулік батпағынан алып шығуда театр өнерінің маңызы орасан зор болған.

Бұл өнер түрінің руханиятты насихаттауда, рухани тәрбиеде иелейтін рөлі әрқашан маңызды болып келген, солай бола береді де. Өйткені көрермен театр сахнасынан көрсетіліп жатқан спектакльді тікелей, жанды іс-қимыл үстінде көре алады. Ал бұл адамның сезіміне, жан дүниесіне күшті әсер етеді, бірнеше сағат бойы өзін сыртқы ортада емес, сахнадағы оқиғалар ішінде жүргендей етіп сезінуіне жағдай туғызады. Театрда өткен осы бірнеше сағаттың өзі адамның ішкі дүниесінде, ой-санасында, яғни бүкіл руханиятында ұнамды өзгерістердің пайда болуы үшін жеткілікті болады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2014 жылы Өзбек ұлттық академиялық драма театрының 100 жылдығын кең атап өту туралы қаулысы да аталмыш өнер саласының қоғам өмірінде маңызды орын иелейтінін көрсетеді.

Қазіргі кезде әлемдік кино өнерінің техникалық-технологиялық прогресі адамзаттың мәдени дамуына қатысты барлық басқа салаларды артта қалдырып келе жатқанын көріп отырмыз. Бейне киноиндустрия үшін мүмкіндігі жоқ нәрсенің өзі жоқ сияқты. Әсіресе Америка, Қытай, Еуропа елдерінің кинокомпаниялары түсірген көркем, анимациялық және деректі фильмдерде қолданылып жатқан көркем (анығырағы, техникалық) эффектiлердің деңгейін көргенде, анау-мынау нәрселерге танданбайтын адамдар да «Oh!» деп жібергенін байқамай қалады.

Өн бойы әйнектен құралған, аспанмен таласатын зәулім ғимараттары бар үлкен қалалардың көшелеріндегі қым-қуыт өмірді алып айдаһардың бірнеше минутта-ақ тас-талқан еткенін өте сенімді көрсете алу мүмкіндігіне осыдан бар-жоғы жиырма жыл бұрын ешкім де сенбейтін. (Өткен ғасырда өзінің кереметтерімен ата-аналарды абыржытып жүрген «Біздің эрамыздан миллион жыл бұрын», «Синдбадтың саяхаттары» тәрізді фильмдер қазір сенің тек ұнамсыз әсерлерінді ғана оятады.) Ғарыш кеңістігінде ұйымдас-тырылып жатқан соғыстар, тарихи немесе «үрейлі» фильмдерде қолданылған арнайы эффектiлер жөнінде сөз қозғамасақ та болады.



Қаншалықты қызық-тамаша өнері болғанына қарамай, кино өнерінен де барлық басқа өнер түрлері сияқты адамның көзіне емес, жүрегіне әсер етіп, жан дүниесінде белгілі бір өзгерістер, рухында ұнамды қозғалыстар жасау талап етіледі.

Осы тұрғыдан алғанда, шетелдің ғарыштық немесе жерасты соғыстар туралы миллиардтаған доллар қаржы жұмсалып түсірілген фильмдерінен гөрі, өз киношеберлеріміз түсірген ақ-қара түсті «Сен жетім емессің» яки «Махаллада ду-ду гәп» сынды фильмдер бізге көбірек рухани азық береді.



Елбасымыздың сөзімен айтатын болсақ, «Міне, осындай шын мәніндегі ұлттық шығармалар тек халқымыздың руханиятын кемелдендіруге ғана емес, оның теңдесі жоқ құндылықтарын бүкіл әлемге танытуға да қомақты үлесін қосып келеді»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 145-бет.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамның өнерге соншалықты қызығуын, өмірін онсыз елестете алмайтынын қалай түсіндіресің?
2. Елімізде өнердің қай түрлері көбірек дамыған? Оның себебі неде?
3. Өнерпаз болу немесе өнерді түсіну адамнан қандай қасиеттерді талап етеді?
4. Еліміздің данқын әлемге танытып жатқан өнерпаздарды білесің бе? Олардың шеберліктері неде?
5. Құрбы-құрдастарыңның өнерге және әдебиетке деген көзқарастары сені қанағаттандыра ма?
6. Өзің тұратын жерде қандай өнер ескерткіштері бар? Олардың тарихы жөнінде не білесің?
7. Қалай ойлайсың: заманауи технологиялар — компьютерлік графика, электронды музыкалық аспаптар және басқалар өнердің дамуына ұнамды әсер көрсете ме, жоқ па?
8. Төмендегі суреттер негізінде өзбек ұлттық музыка өнерінің өзіне тән ерекшеліктері жөнінде әңгімеле.



а



ә



б



в



ӨНЕРДІҢ ТАРИХИ ЖАДТЫ ТІКТЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қымбатты оқушы, бұл сабаққа дайындалудан бұрын ата-аналарыңнан кеңестік жүйе кезінде көшелер мен бақтарға кімдердің ескерткіштері орнатылған, қандай мазмұндағы плакаттар ілінген, көрмелер мен мұражайларға қандай бейнелеу өнері шығармалары қойылған еді деп міндетті түрде сұрандар. Олардың жауаптары «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабындағы мына тұжырымдармен үндес болатынына күмәніміз жоқ:



«Тек астанада ғана емес, тіпті сонау шалғай аумақтарда да кеңес көсемдерінің, мыңдаған жерлестеріміздің өмірлерін қиған, бертін келе жауыз қылмыстары бүкіл әлемге жария болған тұлғалардың ескерткіштері мен мұңдалап тұратын еді. Түрлі мереке-мейрамдарда осы ескерткіштерге гүл қойылатын. Бірақ адамдар бұндай рәсімдерді шын жүректен емес, әншейін сырт көз үшін ғана орындайтын-ды»¹.

Расында да кеңес билеген кезеңде Өзбекстан көшелерінде жүрген адам біздің елімізді өңі түгіл, түсінде де көрмеген, бірақ оның басына түскен ауыртпалықтардың негізгі себепкері болған жатжерліктердің үлкенді-кішілі ескерткіштерін, мүсіндерін, портреттерін, көшелер мен саябақтарға қойылған аттарын жиі кездестіргенде, қай жерде жүргеніне өзі де таң қалатын. Бүгінгі таңда бүкіл адамзат тарихында қанды із қалдырған саясаткерлер ретінде қараланып отырған Ленин, Дзержинский, Фрунзе, Сталин тақылеттес «көсемдердің» жеке бастарына халықты табындыру үшін жасалған бұндай рухани шабуылдардың шегі жоқ еді. Ал өз топырағымызда туылып-өскен, еліміздің атын бүкіл әлемге танытқан ұлы ата-бабаларымыздың тәбәрік есімдері балшыққа батырылды, жаманатты етіліп, халық жадынан мүлдем

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 148—149-беттер.

өшіріп тастауға әрекет жасалды. Оқулықтар мен қолданбалардан бастап бұқаралық ақпарат құралдарына дейін — барлық насихат мінбелерінде халқымыздың мақтанышын ояту мүмкіндігі бар, өздігін танып алуға себеп болатын ұлылар жайлы ойдан шығарылған, жалған, жала сөздер айтылып жатты. Соншалықты көне әрі құнды мәдениеті бар өзбек халқы бүкіл тарихы барысында мүлдем сауатсыз, артта қалған мешеу халық болғаны, тек кеңес заманында ғана мәдениеттің не екенін білгені туралы көпе-көрнеу жалған мәліметтер жұртшылықтың санасын уландыруға бағытталған еді.



Елбасымыз осынау өте-мөте ренішті жағдайды 1990 жылы-ақ қатаң сынаған болатын: **«Халықтың өте бай тарихы мен мәдениетін, өлкенің өзіне тән құнды ерекшеліктерін білмейтін және білуді де қаламайтын адамдар республика өмірін баса-жаншып, қисық арнаға салуға кірісті.**

Халықтың сан ғасырлық дәстүрлерін, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен рухани құндылықтарын менсінбеу бүкіл елді қатты ренжітті»¹.

Әсіресе Сайыпқыран бабамыз Әмір Темір жөніндегі жалған мен жала бәрінен де асып түсті. Оны «жауыз», «басқыншы» ретінде көрсетуге, халықты ашықтан-ашық алдау жолымен ол туралы тарихи естеліктерді ел жадынан шығарып тастауға әрекет жасалды.

Қол жеткізілген ұлттық тәуелсіздік бұндай келеңсіздіктердің бәріне үзілді-кесілді шек қойды. Елбасымыздың тікелей бастамасы және басшылығы арқасында тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында-ақ Әмір Темірдің кіршіксіз атын халықтың өзіне қайтару, оның адамзат тарихына, өркениетіне қосқан елеулі үлесін бейтарап бағалау және қадір-құрметін тіктеу бойынша батыл іс-әрекеттер жасалды. Анығырақ айтатын болсақ, Сайыпқыранның тарихи бейнесін жасау жолында терең ғылыми ізденістер жүргізілді. Президентіміз тарихи шындықты, әділетті тіктеу сынды осынау күрделі үдерісте тек бейтараптыққа, ғылымилыққа сүйенгенін атап көрсете отырып, төмендегі пікірлерге айрықша тоқталады:

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. —Т.: «Узбекистон» БПШУ, 2011 жыл, 177-бет.



«Әмір Темір сарайында жеті жыл тұрған әйгілі тарихшы Ибн Арабшах бабамыздың суреті мен кескін-келбетін былайша бейнелейді:

«Темір ұзын бойлы, октау жұтқандай тіп-тік, кең маңдайлы, басы үлкен, мығым да қайратты, қызыл шырайлы, жауырыны қақпақтай, түр-тұлғасы сымбатты, қалың сақалды, оң қолы мен оң аяғы зақымданған, қос жанары бейне шамдай нұрланып тұратын, жуан дауысты, тәкаппарлығы өзіне жарасқан, қатаң да нық сөйлейтін, турашыл адам болатын. Ол бір қарағаннан-ақ ым-ишараны түсініп қоятын, жігерлі, сезімтал, кез келген ишараттан сақ әрі қырағы, болуы ықтимал барша істерды алдын ала болжап отыратын еді».

Өздеріңіз-ақ айта қойыңыздар, ұлы бабамыздың анық та шынайы портретін жасамақ болған суретшіге бұдан артық мәлімет, бұдан артық материал қажет пе? Біз бұл істің тарих алдындағы және келешек алдындағы жауапкершілігін жан-жақты әрі терең сезініп, түрлі қайнар көздерде келтірілген сенімді тарихи дәлелдерге сүйене отырып іс жүргіздік»¹.

Елбасының кітабында алдымен Өзбекстан халық суретшісі Малик Набиев жоғарыдағы пікірлер негізінде Сайыпқыран бабамыздың классикалық келбеті бейнеленген портрет жасағаны, нақ сол бейне бертін келе елімізде Әмір Темірге арнап орнатылған барлық ескерткіштерге негіз болғаны қадап айтылады. Ал бұл ескерткіштер көркем шығарманың монументалдық өнер түріне тән.



Монументалдық өнер дегеніміз — аса үлкен ықпалды күші бар ірі ескерткіштер мен жәдігерлік кешендер болып табылады.

Шындығына келсек, тәуелсіздік жылдары ұлттық монументалдық өнеріміз үшін де нағыз өрлеу, ұлттық дәстүрлер рухында кемелдену кезеңі болды десек қателеспейміз. Бұл бағытта тағы қандай жұмыстардың жүзеге асырылғаны, соның ішінде Әмір Темірдің Самарқанд, Ташкент, Шахрисабз қалаларында орнатылған асқақ та айбынды ескерткіштерінің дайындалу үдерісі, сондай ізденістер мен тәжірибелер негізінде бертін келе Ферғана қаласында — Ахмад Фарғониге, Үргеніште — Мұхаммед Мұса Хорезми мен Жало-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 150—151-беттер.

лиддин Мангубердиге, Науаи қаласында – Өлішер Науаиға, астана-мызда – Ғафур Ғұлам, Абдулла Қаһар, Зүлфия сынды жазушы-ақындарға орнатылған ескерткіштер, Термиз қаласында Алпамыс ескерткіші, Қаршы қаласында – «Ел-жұрт тірегі» монументі, Ташкент қаласының қақ ортасында – Тәуелсіздік және ізгілік монументі, Азалы ана ескерткіші, ұлы әулие-әнбиелерді есте қалдыруға арналған ондаған ірі жәдігерлік кешендер құрылғаны туралы өте-мөте өнегелі де қызықты хикаялар «Жоғары руханият – жеңілмес күш» кітабынан лайықты орын алған¹.

Бұндай тарихи іс-әрекеттер тұрақты жалғасын тауып, соңғы жылдарда Әндіжан қаласында – Мырза Бабыр мен Чулпанның, Ташкентте – Айбектің, Саид Ахмад пен Саида Зуннунованың сәулетті ескерткіштері бой көтерді.

Жоғарыда тілге алғанымыздай, біздің қасиетті топырағымызда туылып-өскен, адамзаттың ғылыми және мәдени прогресіне еселі үлес қосқан ойшыл ғұламалардың тәбәрік орындары кеңес өкіметі билеген кезеңде аяқ асты болып, оларды абаттандыруға, жұртшылықтың зиярат ететін орындарына айналдыруға рұқсат етілмейтін еді.

Бүгінгі таңда еліміздің барша облыстарындағы бұндай киелі орындар қайта жөндеуден шығарылып, бастапқы қалпына келтіріле бастады. Тек зиярат орындарының өзі ғана емес, оларға апаратын жолдар кеңейтіліп, айналасындағы елді мекендер де абаттандырылуда. Елімізге келіп жатқан ресми қонақтар мен сан мыңдаған туристер қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылған мынадай сауапты да қайырлы істерді көргенде, танданғандарын жасыра алмайды. Мәселен, Бұхарадағы Абдулхалық Ғыждуани мен Бахауддин Нақшбанд, Самарқандтағы Имам Бұхари мен Имам Мотуриди, Марғыландағы Бұрханиддин Марғинони, Ташкент қаласындағы Хазіреті Имам тақылеттес ескерткіш кешендерінен жыл он екі ай бойы зияратқа келушілердің легі еш толастамайды.



Ең маңыздысы, шын жүректен жасалып жатқан бұндай зияраттар халқымыздың рухани дүниесін байытып, өзінің данқты тарихын білу арқылы өздігін тануында, жан дүниесінде мақтаныш сезімінің кемелдене түсуінде елеулі рөл атқарып келеді.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 149–156-беттер.

Егер кеңестік заман тарихын шұқшия зерттесең, астанамыз Ташкенттің бас алаңы, жоғарыда айтқанымыздай, большевиктер көсемі Лениннің атымен аталғаны, бұл аланда сол тұлғаның өзі туылып-өскен жерде де кездеспейтін әлемдегі ең үлкен мәрмәр ескерткіші орнатылғанын біліп аласың. Ал алаңның өзіне ірі бетон плиталар төселген болатын. Жыл сайын екі рет осы алаң бойымен кеңес армиясының ажал ұрығын себетін танкілері, зеңбіректері, зымырандары мен басқа да әскери техникасының парад-шеруі өткізілетін. Бір сөзбен айтқанда, бас алаң адамның құқық-бостандықтарын таптайтын отаршыл жүйенің темер-бетон қоспадан тұратын ызғарлы бейнесіне айналған еді. Ал бүгін ше?

Азат Өзбекстан Республикасы астанасының қақ орталығында – Тәуелсіздік және Еске алу алаңдарында заманалық монументалдық өнеріміздің құнды үлгісі болып табылатын Тәуелсіздік және ізгілік монументі мен Азалы ана ескерткіші мен мұндалайды. Өз бойына адамгершілікті, ізгілікті, ата-бабалар жадының қастерлілігі мен келешекке кәміл сенімді жинақтаған осынау өнер інжу-маржандары жерлестеріміздің де, бізбен дос барлық адамдардың да жүрегіне сәуле беріп, нұрландырып тұр. Елбасымыз барлығымызға мақтаныш пен қуаныш сыйлаған осынау игі істердің маңызын төмендегідей бағалайды:



«Мен мынаған сенемін: арадан жылжып жылдар, ғасырлар өтеді, замандар өзгереді, әйтсе де өзінің мән-мағынасы мен сипаты тұрғысынан бірін-бірі толықтыратын бұл қос ескерткіш кешені аса құнды және мәңгі өшпес көркем жәдігерлік ретінде халқымыз руханиятының мызғымас бөлігі болып қалады»¹.

Осы арада айта кетейік, көркемөнер туындылары өзінің қай сипаттары бойынша бақилыққа қол жеткізеді деген сұраққа да жауап таба аламыз. Демек, бұл сипаттардың ең бастылары — туындының ұлттылығы, шығармагердің шынайы арман-тілектерін бейнелеуі, халықтың діліне жақындығы және шыншылдығы.



Отанымызға шетелдерден келіп жатқан туристердің нелерге көбірек қызығатынына назар аудар. Олар ұлттық рух-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 155-бет.

тың лебі есіп тұрған тарихи құрылыстарды, көне жәдігерліктерді қызыға тамашалайды.

Неліктен? Бұндай тамаша өнер туындылары тек Өзбекстанда ғана кездесетіндігі үшін!

Заңғар көкке бой созған заманалық ғимараттар әлемнің кез келген бұрышынан табылады, әйткенмен жас нәресте рақаттанып ұйықтайтын, қолдарын шығарып алып, ілінген моншақтармен ойнап жататын әдемі бесікті тек Өзбекстанда ғана кездестіруге болады. Египеттіктер өздерінің сырлы да тылсым пирамидаларын мақтан тұтса, өзбектер қабырғалары бір-біріне тұтасып жататын, көгілдір күмбезді медреселерін мақтаныш етеді.

Қымбатты оқушы, барлық адам да ақын яки жазушы, суретші яки мүсінші, актёр яки сазгер бола бермейді. Өйткені бұл салаларда тек оқып-үйренумен, тынымсыз еңбектенумен іс бітпейді. Көркем шығармашылық адам баласынан айрықша талант пен қабілетті қажетсінеді. Егер назар аударған болсаң, теледидар арналарына шығып, ән салатындар өте көп. Бірақ олардың арасынан нағыз өнерпаз атағына ие болғандары саусақпен санарлықтай ғана.



Сондықтан да адамдардың орынды наразылығын қоздыратын жалған өнерпаз болғаннан, өнерді терең сезіне білетін, әсемдікті сүйіп, ардақтайтын шынайы тыңдаушы болған мың есе жақсы. Бұндай адамдардың жаны таза, кіршіксіз келеді, олар не істесе де, сол істің нәтижесі міндетті түрде тамаша болады. Туған жерді, туған халықты қадірлеу де, сайып келгенде, ұлы өнер болып табылады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Монументалдық өнердің өзіне тән сипаттары қандай?
2. Ұлы ата-бабаларымыздың киелі орындарының абаттандырылуы адам руханиятына қандай ықпалын тигізеді деп ойлайсың?
3. Астанамыздағы Тәуелсіздік алаңына барған болсаң, ол сенде қандай әсер қалдырды?
4. Еліміздегі киелі зиярат орындарының қайсысына бардың? Ол жерде сенің назарыңды аударған нәрсе не?
5. Өзің тұратын қаладағы немесе ауылдағы көшелер мен алаңдардың бұрын қалай аталғанын, қазір қалай аталатынын ата-анаңның көмегімен біліп ал да, талда.

6. Өмір Темір ескерткішін көргенінде жан дүниенде қандай сезімдер пайда болғанын сыныптастарыңа әңгімелеп бер.
7. Сен суреттерге арналған төмендегі орындарға өз ауданыңдағы немесе облысындағы қайсы мәдени жәдігерліктің суретін қойған болар едің?



а



ә



б



в

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а: «Өнер мен әдебиеттің адам руханиятын кемелдендірудегі рөлі» тақырыбы бойынша реферат дайында.

Онда төмендегі мәселелерді қамтуға әрекет жаса:

- Елбасымыз Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» шығармасындағы тақырыпқа қатысты пікірлер мен идеялар;
- классикалық және заманалық әдебиетіміз бен өнеріміздің өзіне тән сипаттары;
- өнер мен әдебиеттің өміршендігін қамтамасыз ететін маңызды ерекшеліктер;
- адамға көркем шығармалар арқылы әсер етудің тиімділігі туралы;
- шығармагер болуды армандайтын адамнан талап етілетін маңызды қасиеттер;
- әлем жұртшылығының біздің халқымыздың өнері мен әдебиетіне қызығушылығының себептері.

ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият», 2013 ж.
2. Ислам Каримов. Adabiyotga e'tibor — ma'naviyatga, kelajakka e'tibor. Ташкент, «Узбекистон», 2009 ж.
3. Ислам Каримов. O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. Ташкент, «Узбекистон» БПШУ, 2011 ж.
4. Milliy istiqlol g'oyasi: asosiy tushuncha va tamoyillar. Ташкент, «Узбекистон», 2001 ж.

IV

тарау

ЖОҒАРЫ РУХАНИ
ӨЛШЕМДЕРАДАМГЕРШІЛІК – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
ІЗГІ ҚАСИЕТІ

Қымбатты оқушы, адамгершілік — дүние жүзі тарихындағы ең ізгі ілімдердің бірі, адамзаттың ұлы да игі арман-тілектерінің жарқын көрінісі болып саналады.



Адамгершілік — адамзат қадірінің, еркіндігі мен қабілеттерінің жан-жақты көрініс табуы жолында күресу, адамның бақыт-игілігін, тең құқықтылығын, әділетті өмірін қамтамасыз етуге ұмтылысын бейнелейтін идеялар мен көзқарастар жүйесі.

Шығыс халықтарының әлеуметтік санасындағы адамгершілік идеялары тамырын тереңге жайған. Ал батыста ол орта ғасырларда мыңдаған адамдардың өлтірілуіне себеп болған қара ниетті діндарлар мен оларды қолдаған феодалдарға қарсы күрес түрінде көріне бастаған.



Адамгершілік кең ауқымды әлеуметтік пікірді қамтып, әдебиет, философия, өнер және басқа салалар арқылы көрініс тапты. Бұл Еуропада «гуманизм» деген атпен аталды.

Көне тарих өзбек халқының адамгершілік қасиеттерін сан рет сынақтан өткізді. Бұған Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 ж.) жылдарын еске түсірудің өзі жеткілікті. Сен бұл соғыстың елімізден сонау шалғайда — негізінен Еуропа құрлығында болғанын білесің. Қанқұйлы фашизмге қарсы соғысқа өзбек халқының да мыңдаған ұлдары аттанған. Елімізде қалған халық — әйелдер мен балалар, қарттар мен мүгедектер күні-түні еңбек етіп, майдандағы жауынгерлерге қажетті нәрселерді жеткізіп отырған. Осындай қиын-қыстау кезеңде соғыс жүріп жатқан жерлердегі жүздеген мың халық Өзбекстанға көшіріп әкелінген. Олардың басым көпшілігі жұмысқа жарамсыз қарттар мен жетім балалар еді. Өзбек халқы олардың

барлығына да үйі мен жүрегінің төрінен орын берді, өз балаларына жетпей жатқан нанын олармен теңдей бөлісті, соншама адамның өмірін сақтап қалды.



Аты әйгілі «Сен жетім емессің» фильмін көрген шығарсың. Он төрт жетім баланы асырап, тәрбиелеген фильм кейіпкерлері өмірде де қарапайым теміршілер жанұясы болатын. Олардың басы артық байлығы да, үйі мен қора-қопсысы да жоқ еді. Тағы бір ерекшелігі, аталмыш фильмдегі оқиғаларды ешкім де ойынан шығарған емес. Ондаған жетім баланы бағып-қағып, кәмелетке жеткізген жанұялар саны елімізде өте көп болған.

Оларды бұл іске ешкім де мәжбүрлеген жоқ. Өйткені бауырмалдық, өзгелердің қайғысына ортақтасу, қиналғандарға қол ұшын беру секілді адамгершілік сезімдер халқымыздың жаратылысына ежелден тән.

Біздің елімізге келіп-кеткен шетелдіктердің басым көпшілігі өзбек халқының меймандостығын жыр ғып айтады. Бұны сен де теледидардан сан рет көріп, радиодан көп естігенсің. Енді бір ой қорытып көрейікші: бұндай меймандостықтың түбінде қандай қасиет жатыр?

Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен басқа бір сұраққа жауап табуымыз керек: мейлі, қай елден келді, қай елге кетті, онысын сұрамайық. Сонда қонақ, мейман дегеніміздің өзі кім?

Ол — адам!



Демек, қонаққа мейірімділік көрсету, назар аудару, оның көңіліне қарау — Адамға мейірім, Адамға назар, Адам көңілін қадірлеу дегені екен! Сонда өзбек халқының қонақжайлығы да адамгершіліктің тағы бір әдемі көрінісі екен!

Әрине, адамгершілік — біреуге жарамсақтанатын, арт жағында бірер есек дәме жататын нәрсе емес. Баспалдақпен көтерілуге қина-



лып тұрған қарт адамды қолтығынан сүйеп, жәрдемдесу де, бұзақы балалар ренжітіп, жылатқан кішкентай қыз баланың арасына түсіп, қорғау да, әкесінен немесе анасынан айырылған сыныптасымыздың көңілін көтеріп, қайғысын жеңілдетуге әрекет жасау да, түптеп келгенде, адамгершілік дегені.

Ислам дінінде адамды адамгершілік рухында тәрбиелеуге айрықша назар аударылады.



Атап айтсақ, хадиси-шәріптердің бірінде: «Өзің жақсы көрген нәрсені басқалармен бөліспейінше, ешқайсың да шынайы момын бола алмайсыңдар», — делінген.

Демек, өзіміз ұнатқан нәрсені өзге біреу сұраған кезде беру ғана емес, ешкім сұрамаса да, соны басқалармен шын көңілден бөлісу керек екен. Ал адам баласы өте көп нәрсені ұнатады. Олардың арасында тыныш-аман өмір сүру, шынайы достар ортасында болу, бақытты жасау іспетті тілектер де бар. Бұл тілектер бізге ұнағандықтан, оны басқалармен де бөлісу — нағыз адамгершілік қасиет болып саналады.



Әділеттілік — әділдік сезімінсіз адамгершілікке жетуге болмайды. Кез келген істе әділетті болу — адамның кемелдігін көрсететін маңызды белгі.

Өмір Темір бабамыздың жүзік-мөрінде «Күш — әділетте» деп жазылуы текке емес-тін. Сайыпқыранның бұрын-соңды болмаған дәрежеде ұлы держава орнатуы, бұл мемлекеттің ұзақ жылдар бойы гүлденіп-дамуына да оның әділетті ішкі және сыртқы саясат жүргізуі себеп болды десек, әсте жансақ емес.

Еліміздің Президенті Ислам Каримов: «Біз жай ғана демократиялық қоғам емес, демократиялық әділ қоғам орнатпақшымыз. Ал әділет пен ақиқатқа ұмтылу — халқымыз жаратылысының маңызды қасиеттерінің бірі», — деп тұжырымдайды.

Әділетті орта кез келген қоғамда өздігінен пайда болмайды. Бұл үшін сол қоғамның мүшелері әрбір істе әділетті болуға ұмтылуға тиіс.

Айталық, біз өмір сүретін қоғамда қандай ортаның үстемдік етуі — әрқайсысымызға және баршамызға бірдей тиісті мәселе. Өзі өмір сүретін қоғамды ұдайы сауықтырып отыруға саналы түрде ұмтылу

да адам баласын хайуаннан ерекшелендіріп тұрады. Хайуанаттар әлемі туралы құжатты фильмдерді жиірек және мұқият көруге тырыс. Сонда сен хайуанаттар әлемінде «джунгли заңы» бар екенін біліп аласың. Бұл — хайуанаттар әлемінде күштілер әлсіздерді жаныштап өмір сүреді дегені. Әділет, рақымдылық, мейір-шапағат, айналадағыларға көңіл бөлу сияқтылар — бұл орта үшін мүлдем жат дегені.



Егер қоғамның әрбір мүшесі бұны пайымдамаса, өз өмірін өзі ондауы қажеттігін сезінбесе, адамдар тұрмысында да нақ осындай жабайы орта пайда болуы әбден мүмкін. Өйткені қоғам өмірінің салауаттылығы онда жасайтын әрбір адамның рухани күш-жігерінің салауаттылығына тығыз байланысты.

Ал салауатты пікірдің адамы айналадағы оқиғаларға «Менің ісім қанша?» дейтін көзқараста бола алмайды. «Менің ісім қанша?» деу, сайып келгенде, «Мен ешкім емеспін, менің қолымнан ештеңе келмейді, мен — тірі өлікпін» дегенмен пара-пар. Нағыз адамдар үшін бұндай өмірдің қызығы да, мәні де болмайды. Бұдан бұрынғы сабақтарда Елбасымыздың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» кітабында осындай көзқараспен өмір сүретін енжар адамдардың себебінен туындауы мүмкін рухани трагедиялар жөнінде әңгімелескенімізді есіңе түсір.

Шынында да тәуелсіз пікір қорытатын, адам деген жоғары атқа лайықты өмір сүруді мақсат тұтатын адамдар өз тағдырын халқы мен ұлтының тағдырынан бөліп қарай алмайды. Олар өздерін осы халықтың бір өкілімін, оның тағдыры үшін жауаптымын деп сезінеді.



Айтса айтқандай, еліміздің бүгіні мен ертеңгі күні қандай болатыны біздің қандай болуымызға тығыз байланысты екенін терең пайымдасақ қана, бұл елдің лайықты перзенті бола аламыз.

Адамгершіліктің маңызды көріністерінің тағы біреуі — мейір-шапағат.

Әңгімеміздің мейір мен шапағат сезіміне арналған бұл бөлімін бірер өлең туындысын оқумен бастасақ дейміз. Бұл — Өзбекстан Қаһарманы, халық ақыны Абдулла Ориповтың 1979 жылы жазылған «Ғарыштық қонақ, бес данышпан және сыпырушы кемпір» поэмасы. Сен аталмыш туынды негізінде түсірілген мультфильмді көрген де шығарсың.

Поэма мынадай оқиғаны бейнелеуден басталады:

Келді Ғылым қаласына,
Хабар Джунгли орманнан.
Әлде нәрсе жағасына
Жанып түскен аспаннан.

Жұлдыз дейтін жұлдыз емес,
Серік пе әлде — ұқпайсың.
Дүрбеленді туғызды елес,
Тәрелкеге де ұқсайды.

Расында да «әлемнің ана жеріне, мына жеріне түсіпті» деген айғай-шу мен дүрбелеңге себеп болған ұшатын тәрелке бұл жолы Жерге анық түскен болатын. Түскенде де, бірер заманалық қалаға емес, сонау шалғайдағы Джунгли ормандары ортасына қонған-ды. Дүние жүзінің білімпаздары бұл хабардың рас-өтірігін тексеріп, ғарыштық қонақтарды зерттеуге келеді. Бес құрлықтан ең білікті бес ғалым бас қосып, Джунглиге қарай жолға шығады. Олар судай сімірмеген білімнің өзі жоқ — «Әлемдегі бар білім осы бесеуінің бойынан табылады». Ғалымдарға қызмет етіп тұру үшін бір сыпырушы кемпір де олардың қатарына қосылады.

Данышпандар барып қараса, расында да ну орманның қақ ортасында бір алып ұшатын тәрелке тұрған көрінеді. Ғалымдар оның айнала төңірегін ары-бері мұқият тексереді. Сосын біресе арғы жағына, біресе бергі жағына өтіп, бастарын қасып тұрады. Ақыры бір амалын тауып, тәрелкенің есігін ашады да. Сонда:

Ішкеріге олар қарап,
Аңтарылып қалады.
Орындықта жатыр сұлап,
Бір мақұлық жаралы.
Мандайдағы жалғыз көзі
Бейсезімдеу қарады...

Енді ғалымдарға жұмыс табылады. Мына қонақтардың кім және қайдан екенін, Жерге қалайша келіп қалғанын, мақсат-мүдделерін білу үшін олардың істемегендері қалмайды. Әлемдегі барлық ғылыми әдіс-амалдарды қолданып, бұның сырын ашуға тырысады.

Әйтсе де сырлы қонақтан еш үн шықпайды. Ол тек жалғыз көзін кеңірек ашып, әлденелерді айтып жан-жағында күйбеңдеп жүрген ғалымдарға сезімсіз күйде қарап тұра береді.

... Сыпырушы сол мезет
Кіріп келді қол безеп.

Тазалыққа жаны дос
Жүрмейтін ед қолы бос.

Орындықта жатқан затты,	«Ой, бейшара балақаным,
Көріп кемпір тұрып қапты.	Дертін мендеп, қинап жаның!
Болған жайтты түсінген соң,	Айта алмай сөздерінді,
Шықты оның үні тәтті:	Жұмылыпты-ау көздерің де!»

Сыпырушы кемпірдің қолында адамды тексеріп көретін бірер аспап түгіл жасаураған жанарында қарапайым көзәйнегі де жоқ болатын. Кемпір бұндай таң қаларлық тіршілік иесін тексеріп көруді, оны сұрақ-жауап астына алуды қаперіне де келтірмейді. Оның «қонаққа» деген

Мейірімі оянып,
Басын сылап-сипады.
Тікендейін тік өскен
Шашын сылап-сипады...

Нағыз адам сенгісіз таңғажайып оқиға енді басталады. Бір емес, бес бірдей данышпанның барлық іс-әрекеттеріне «ләм-мим» деген, Жерді де, онда өмір сүретін адамдарды да алғаш рет көріп тұрған ғарыштық қонақта аяқ астынан өзгеріс пайда болады:

Қан жүгіріп ғарыштықтың,	Жан біткендей болды бейне
Қуаныш есті жүзінен.	Аяқ-қолы қыбырлап.
Тұрған екен зарығып шын —	Жымиғандай болып кейде,
Жас парлады көзінен.	Сөйлегендей сыбырлап.

Енді ғалымдардың назары басқа ғаламшардан келген ғарыштық қонақтың сырына емес, оның жүзіне қан жүгіртіп, көзіне жас келтірген сыпырушы кемпірдің іс-әрекеттеріне ауады. Олар ұзақ ойланып барып, мына қарапайым ғажайыптың сырын ақыры пайымдағандай болады:

Ғалымдардың еңбегі
Босқа бекер кетпеді.
Істеді олар көп істі —
Тек Мейірім жетпеді.

Қымбатты балалар, әзіл-қалжың рухында жазылғандай болғанмен, бұл аңыздың астарында маңызды шындық, өнеге-ғибрат жа-

тыр. Өзің куә болып жүргеніндей, бүгінде адамның ақыл-ойымен жасалып жатқан техника кереметтерінің саны өте көп. Ғылыми-техникалық прогресс адам өмірінің барлық салаларына тереңдей еніп, олардың көзқарасына, дүниетанымына, мінез-құлқы мен ақылақтық ұғымдарына елеулі өзгерістер әкелуде. Бір кездерде адам өзін жаратылыстың, яғни табиғаттың бір бөлігі ретінде сезініп, өмірінің көбін оның құшағында өткізуге талпынатын. Ол табиғат құшағында еңбек ететін, үй салатын, табиғат сұлулықтарынан ләззат алатын еді. Адамның табиғатында да шынайылық, қарапайымдылық, сезім-түйсіктердің кіршіксіздігі үстем болатын.



Ал бүгінгі адамзат өз өмірінің негізгі бөлігін күрделі машиналар, құрал-жабдықтар, темір мен бетон ортасында өткізуге мәжбүр болып отыр. Ол барған сайын табиғаттан алыстап, оны жатсына түскендей. Соған сәйкес адамның бір-біріне деген қарым-қатынасы мен мәмілесінде де айтарлықтай өзгерістер болып жатыр.

Жоғарыда тілге алынған поэмада да ақын нақ осы ащы шындықты меңзеп отыр. Манағы бес данышпанның білмеген білімі, оқымаған кітабы қалмаған шығар. Галактикада қанша ғаламшар бар екенін де, адам ағзасындағы әрбір жасуша мен әрбір ұлпа нендей қызмет атқаратынын да жақсы біледі олар. Бірақ неліктен соншама білім тек жалғыз ғана тіршілік иесінің жай-күйін, ішкі сезімін білуге, оның жарыққа шығуына көмектесе алмады? Неліктен жылап тұрған кіп-кішкентей інінді дардай профессор (оқытушы, агроном, инженер және т.б.) әкең жұбата алмайды? Неліктен ол көршінің баласын көрісімен-ақ жылауын қойып, шапқылап ойнап кетеді?



Халқымызда «Құстың тілін құс біледі» деген нақыл бар. Нақ сол сияқты бірер адамның ділін, жанын түсіну үшін басқа адамнан діл мен көңіл талап етіледі. Адамның жанына жалау, көңіліне демеу болатын ең таңсық нәрсе – мейіршапағат пен ынта-ықылас. Классик ақындарымыздың шығармаларында күннің нұры «мейір нұры» деп аталатыны бекер емес. Өйткені адам өмірінде күннің нұры қаншалықты маңызды орын иелесе, өзгелерден мейір-шапағат көру де соншалықты маңызды, соншалықты ықпалды болып табылады.

Жоғары оқу орнында оқымаған, мындаған кітаптардағы білім сырларын судай сімірмеген сыпырушы кемпірдің көңілі нақ сол мейір-шапағат нұрына толы болатын. Сол мейір нұры ғарыштан түскен жалғыз көзді мақұлықтың ішкі дүниесін нұрландырды, көңіліне шуағын шашты, жанарына жас толтырды. Данышпандардан сескеніп, оларға сенбей жатқан ғарыштық қонақ кемпірдің қолынан жамандық келмейтінін, өзіне жәбір-жапа шектірмейтінін түсінді. Тілімен емес, ділімен пайымдады.

2004 жыл елімізде «Мейір-шапағат жылы» деп аталған болатын. Оның мақсаты — халық арасындағы мейір-шапағат сезімдерін одан әрі күшейту, көмекке мұқтаж қарттар мен мүгедектерге, асыраушысынан айырылған жанұялар мен жетім-жесірлерге жан-жақты жәрдем беру, азаматтардың өзара қарым-қатынастарында адамилық құндылықтар үстем болуын қамтамасыз ету болатын. Жалпы алғанда, елімізде одан кейінгі кезеңде жарияланған әрбір жыл — мейлі ол «Берік жанұя жылы» бола ма, «Саламат бала жылы» бола ма немесе «Қарттарды қадірлеу жылы» бола ма — барлығының түп-негізінде шынайы адамилықпен суарылған мақсат-мүдделер жатқаны «Мына қасиетті Отанда адам ғазиз» деген ізгі идеяның практикалық көрінісі болып саналады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзбек халқының адамгершілік қасиеттерін жарқын бейнелейтін қандай оқиғаларды білесің?
2. Қайсы көркем шығармаларда адамгершілік сезімі ұлықталып, қандай құбылыстар қараланады?
3. Әділеттілік болмаған жағдайда қоғамда қандай келеңсіздіктер туындауы мүмкін деп ойлайсың?
4. «Ғарыштық қонақ, бес дапышпан және сыпырушы кемпір хикаясы» атты шығарма негізінде түсірілген мультфильм саған ұнады ма? Өз пікіріңді дәлелдеуге тырыс.
5. Халқымыздың мейір-шапағатты, кеңпейіл екенін көрсететін өмірлік мысалдарды есіне түсір.



РУХАНИЯТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ЖАНҰЯНЫҢ ИЕЛЕЙТІН ОРНЫ

Қымбатты оқушы, Елбасымыз өзінің «Жоғары руханият — жеңілемес күш» кітабында көрнекті жазушы Абдулла Қадыридін «Өткен күндер» романын бірнеше рет тілге алады. Өйткені аталмыш шығармада халқымызға ежелден-ақ тән болып келген мәңгілік құндылықтарымыз бен рухани байлықтарымыз өте әсерлі суреттелген. Юсупбек қажыдай данышпан, көпті көрген жанның қолында тәрбиеленген Атабек те, Аптау айымдай ибалы, көзі ашық ананың мейіріміне қанып өскен Күмісбибі де өздеріне дарыған ақыл-парасатты, әдеп пен ибаны және басқа адамдық қасиеттерді жанұя құшағында алған. Атабектің әрі ағайын-туыстарымен, әрі бөгде адамдармен қарым-қатынасынан жоғары мәдениеттілік, адамилық лебі есіп тұрады. Ал жап-жас басына ауыр тауқымет, күрделі сынақтар түсетін Күмісбибі бірер рет те қыздық, әйелдік беделін төмендетпейді. Керісінше аты затына сай келмейтін Жаннат апайдың қолында өсіп, ержеткен Садық, бірнеше әйелдің бақытын таптап, жанұя дейтін қасиетті ошақты аяқ асты еткен Хамит тәрізді адамсымақтардың істеген істері кез келген жанның зығырданын қайнатады.

Егер бұл кітапты ден қойып оқысаң, Атабек пен Күмісбибі өскен ортадағы жинақылық пен тазалық, өзара қарым-қатынастағы құрмет пен сыйластық сенің де әуесінді оятары анық. Осыған сәйкес бас кейіпкерлердің жан сұлулығы олардың бет-жүзінен көрініп тұрады — Күмісбибі мен Атабек көрген адамды тандай қақтыратын шырайлы да келбетті жандар. Бұған керісінше Садық сынды қаныпезер жетіліп шыққан ауладағы қоқырсық, салдыр-салақтық, ұятсыздық жанына тікендей қадалады. Нақ осы арсыздық, ождансыздық пен арамзалық бұл жанұядағы ана мен баланың да, оларға демеуші болуға уәде берген Хамиттің де қаны мен жанына әбден сіңіп кеткен.



Бұлардың барлығы да адамның тәрбиесінде, оның рухани кемелденуінде жанұялық ортаның қаншалықты маңызды

орын иелейтінін көрсетеді. Ал бұл ортаның салауатты да таза болуы көптеген факторларға байланысты.

Ең алдымен ата-ананың бір-біріне қарым-қатынасы шынайы, өзара құрмет пен сыйластық негізінде болса ғана бұндай жанұяда кіршіксіз рухани орта қалыптасады. Керісінше олардың бір-бірімен дөрекі мәміледе болуы, өмірлік қиыншылықтарды жеңуде, балалар тәрбиесінде, отбасының материалдық қамтамасыз етілуінде келіспеушіліктер болса, ол сол үйдегі өзара қарым-қатынастарға өз зардабын тигізеді.



Кез келген істе сабырлы болу, жанұялық ділгірліктерді бірлесе ойланып, ақыл-парасатпен шешу, өзара мейірбандық, балаларға тәтті сөзбен сөйлеу, екі жақтың да ағайын-туыстарына, көрші-қоландарға мейір-сүйіспеншілікпен қарау, шындықты бүкпесіз және ақылақ-әдеп өлшемдерінен шықпай айту да жанялық ортаны жақсартады.

Сонымен қатар спиртті ішімдіктер ішу, шылым шегу, өтірік айту, тұрмыстық азғындық, құмар ойындарға берілу, менмендік және басқа осы тектес індеттерден аулақ жүру де жанұя мәдениетінің кемелденуіне міндетті түрде ұнамды ықпал жасайды.

Анығырақ айтатын болсақ, ата-ананың бір-біріне құрметпен қарауы, жолға шығып бара жатқанда «аман-сау барып қайт», «сапарың сәтті болсын» деп тілек білдіруі, ал қарсы алғанда «армысың», «жақсы барып келдің бе» деген сияқты жылы ілтипат танытуы перзенттердің ата-анасына деген құрметін, мейір-сүйіспеншілігін арттырады, ата-ана олар үшін үлгі-өнеге болуын қамтамасыз етеді.



«Өйткені адамның ең таза, кіршіксіз сезімдері, ең алғашқы өмірлік ұғымдары мен түсініктері бірінші кезекте жанұя құшағында қалыптасады... Баланың сана-сезімі негізінен 5–7 жаста қалыптасатынын ескеретін болсақ, нақ осы кезеңде оның жан дүниесінде отбасындағы ортаның ықпалымен руханияттың алғашқы бүршіктері көріне бастайды. Халқымыздың «Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген даналығы нақ осы ежелгі ақиқатты жарқын бейнелейді»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 52–53-беттер.

Жоғарыда келтірілген пікірлер жанұяның үлкендеріне, оның нығаюына жауапты болып табылатын ата-аналарға ғана тиістідей көрінуі мүмкін. Десек те, ұмытуға болмайтын нәрсе мынау, қазір сен де бұл жауапкершіліктің белгілі бір бөлігін өз мойныңа алатын жасқа жеттің. Былайша айтқанда, отбасындағы ортаның беріктігіне септігін тигізетін ана-мына жұмыстарды атқару сенің де қолыңнан келеді.

Әрине, өз құрметін білетін ата-аналар отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету, жаңа үй салу немесе жеңіл автомашина сатып алу сықылды ауыр міндеттерді ешқашан әлі кәмелетке толмаған балалардың мойнына жүктеп қоймайды. Бірақ бұл отбасы қамын, оның жетістік-олқылықтарын тек үлкендер ғана ойлауға тиіс дегені емес.



Әрбір отбасында, егер мұқият ойлап қарасаң, барлығына да жұмыс табылады.



Бұдан да дұрысы сол, отбасы істерінің ойдағыдай жүруі, оның салауатты әрі берік болуы, жанұялық рухани ортаның кіршіксіздігі оның әрбір мүшесінің іс-қимылына байланысты. Соның ішінде саған да.

Мысалға алатын болсақ, сенің інің немесе қарындасың үйге берілген тапсырманың кей жерлерін түсінбей, көмекке мұқтаж болып қалуы мүмкін. Ал айта ғой, сол жанұя мүшелерінің арасында дер кезінде көмек бере алатын әрі көмек беруге міндетті адам кім? Әрине, сен. Осындай кездерде асүйде асыға-үсіге ыдыс-аяқ жуып жатқан анаң немесе қызметтен қатты шаршап келгеніне қарамай, істен шыққан бірер үй бұйымын жөндеу үстіндегі әкең бар жұмысты тастап, оның алдына келуі керек пе?

Ең маңыздысы, міне, сол жұмыстарды бірге орындау барысында мектепте, көшеде болып жатқан сан түрлі қызықты оқиғаларды еске аласыңдар, күлкілі әңгімелер, әзіл-қалжыңдар айтылады. Бұл — тек қолымыз ғана емес, ақыл-ойымыз да, жан дүниеміз де іске кірісіп, шыңдалып жатыр дегені.



Еткен еңбегіміздің нәтижесінде тек үй-жайымыз бен терезе-айнамыз ғана тазарып, жарқырап қана қоймай, көңіліміз де, діліміз де тазарып, рухымыз биіктеп барады.

Тағы бір айтатынымыз, бұл үдерісте үлкендермен бірер іс жөнінде ақылдаспақшы болсаң, оның көңіл күйіне, уақытының бар-жоғына кара, айтатын сөзінді сан рет ойлап, оларды ренжітпейтіндей түрде сөйлеуге әрекет жасауың керек. Қыздар көбінесе анасымен, ал ер балалар әкесімен ақылдасқаны жөн. Бұл орайда анаға да, әкеге де ауызға келген сөздерді айта бермеуге дағдылан. Мынаны ұмытпа, біз Шығыс адамдарымыз, Өзбекстан перзенттеріміз.



Бүгінде теледидар экрандарынан көрсетіліп жатқан көптеген шетел фильмдеріндегі кейбір отбасылық қарым-қатынастар, адамдар ортасындағы мәміле әдістері ешқашан да сені мен бізге үлгі-өнеге бола алмайды.

Біз оларға ұқсағымыз келмейді, өйткені өзімізге тән және өзімізге лайық жоғары мәміле мәдениетіне, әдемі отбасылық қарым-қатынастар жүйесіне ие болғандығымыз себепті өздігімізді, ұлттық сипатымызды әлі де сақтап келеміз. Осы дәстүрді болашақ ұрпақтарға да аман-есен жеткізу сенің мойнындағы жауапты міндет екенін ұмытпа!

Адамның күнделікті өмірінің негізгі бөлігі еңбек етумен, оқумен және басқа зәру жұмыстарды орындаумен өтеді. Әрбір адамның өз отбасына қуанышпен оралуы, ақыр соңында ұзақ та мазмұнды өмір сүруі — басшы мен қызметкердің, мұғалім мен оқушының, кәсіп-тестер мен құрбы-құрдастардың өзара мәмілесіне, қарым-қатынасына тығыз байланысты. Олардың кейбіреулерінің менмендігі, дөрекі қарым-қатынасы, өзін білімді көрсетіп, басқалардан жоғары қоюы, жанындағыларды менсінбеуі жұртшылықтың жүйкесіне тиіп, кері әсерін көрсетеді. Жұмыс орнында, жанұяда, сыныпта, достар ортасында нашар орта қалыптасады. Бұндай ұжымда жұмыс істеу немесе оқу адамның денсаулығына ғана емес, бір қарағанда бұған қатысы жоқ болып көрінетін жүздеген отбасылардың рухани салауаттығына да зардабын тигізеді.



Тәуелсіздік жылдарында елімізде жанұяны әр тұрғыдан нығайту бойынша ауыз толтырып айтуға тұрарлықтай іс-шаралар жүзеге асырылды.

Неліктен біз «әр тұрғыдан» деп отырмыз? Оның себебі сол, жанұяның беріктігі өте көптеген факторларға байланысты. Ең алдымен, әрбір жанұя материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген болуы керек. Ал бұл үшін жанұядағы жұмысқа жарамды үлкен адам-



дар өзінің мамандығы мен қабілетіне орай еңбек етуге, балаларының қарны тоқ, көйлегі көк болуы үшін іс-әрекет жасауға тиіс.

Елімізде жас отбасыларға жан-жақты көмек беру, атап айтқанда, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударылған. Жас отбасылар үй салуға немесе сатып алуға бел байлаған болса, оларға банктерден көп жылдық жеңілдігі бар несиелер беру жүйесі енгізілген.

Жанұя беріктігінің тағы бір шарты, жоғарыда айтылғанындай, ол жерде билік жүргізетін рухани ортаға байланысты. Бұл ортаны сауықтыруға қол жеткізу үшін елімізде аса көлемді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Анығырағына келсек, жастарды әрі дене бітімі тұрғысынан, әрі рухани салауаттығы тұрғысынан тәрбиелеп өсіру мәселесіне барлық мемлекеттік және беймемлекеттік ұйымдар мен мекемелер де жұмылдырылған. Барлық қалалар мен ауыл-қыстақтарда жұмыс істеп тұрған спорт құрылыстары, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, жалпыбілім мектептері, мәдениет және өнер ордалары сен секілді балаларды жан-жақты кемелдендіру жолында қызмет етуде. Бұл жерлерде тәлім мен тәрбие алған жастар қол жеткізген жетістіктер тек өздері туылып-өскен жанұяның ғана емес, бүкіл халқымыздың, бүкіл еліміздің де жетістігі болып табылады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалды өмірлік мысалдар арқылы сипаттай аласың ба?
2. Елімізде жанұя беріктігіне бұншалықты назар аударылуының себебі неде деп ойлайсың?
3. Ауылыңда немесе көшенде сенің әуесінді келтіретін жанұялар бар ма? Солар туралы әңгімелеп бер.
4. Жанұя, жанұялық құндылықтар мен дәстүрлерді сипаттайтын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерден төртеуін тауып, төмендегі торкөздерге жазып қой.

а

ә

б

в



АҚЫЛАҚ ПЕН ӘДЕП – РУХАНИЯТ НЕГІЗІ

Қымбатты оқушы, мына өмірде көрген-білгендерің негізінде бір шындықты жақсы түсініп алған шығарсың: адамзаттың өмірін адамдардың өзара мәміле-қатынасынсыз елестетуге болмайды. Ешкім жасамайтын аралға жалғыз өзі түсіп қалған Робинзон Крузо неден көп қиналғаны есінде ме?

Ол аралдағы ағаштардың жемісін теріп жеп, аң аулап күнелтеді. Жыртқыш аңдардан қорғану үшін өзіне баспана тұрғызады. Екі ағашты бір-біріне үйкеп, ыспалау арқылы от жағады. Қалта түбінде қалып кеткен бидай дәндерін үш-төрт жыл бойы қайталай егіп, нанға да аузы тиеді... Демек, жалғыздық өмірдің материалдық жағын бір амалдап епке келтіреді. Бірақ өзімен сөйлесетін, мұң-шерін тыңдайтын серік таба алмай, есінен адасуға шақ қалады. Алғашында өзімен-өзі іштей сөйлесіп жүреді – болмайды. Соңынан өзімен-өзі дауысын шығарып сөйлесуге өтеді. Қарап отырса, мынадайда жыңды болып қалу әбден мүмкін екен. Сосын ол ешкімен, түрлі құстармен және басқа жануарлармен сөйлесіп, өзін-өзі жұбату жолын ойлап табады...

«Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында өңіріміздің табиғи-географиялық құрылысы бізді және айналамыздағы халықтарды ежелден-ақ қауымдасып өмір сүруге бейімдегені атап көрсетіледі:



«Орта Азия аумағындағы халықтар ежел бастан көгалды аңғарларда, үлкен су көздері – өзендер мен көлдер жағалауында өмір сүріп келеді. Айнала-төңірегі шөлдермен және шөлейттермен қоршалған, табиғаты мен климаты аса күрделі аймақ жағдайының өзі осынау ұлттар мен ұлыстардың мыңдаған жылдар барысында бір-біріне бейімделіп, бір-бірінің ауырын жеңілдетіп жасауын талап етіп келеді»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 9-бет.

Адамның табиғаты қауым болып өмір сүруге бейімделгендіктен, бұндай өмір салтының өзіне сай ішкі тәртіп-ережелері болатыны да заңды. Біздің халқымызда сол ереже-қағидалардың негізін — іргетасын ақылақ пен әдеп өлшемдері құрайды. Яғни адамдар адамша өмір сүру үшін сол өлшемдерге мойынсұнуы қажет болады. Егер ол ережелердің шекарасы бұзылса, оларға біреу-жарым мойынсұнбаса, қай жерде болмасын, ондайлардың хайуаннан еш айырмасы болмайтынын әркім де түсіне алады.

Әрбір адамның рухани бейнесі, ең алдымен, оның мінез-құлқы мен әдебінен байқалады.



Ал құлық пен әдеп өте көп нәрселерді қамтиды. Жүріс-тұрыстың, адамдар арасында және жалғыз қалған жағдайларда өзін-өзі ұстай білудің, мәміле мәдениетінің, айналадағыларға қалай көңіл бөлудің — барлығының жиынтығы біздің құлық-әдебіміздің қандай екенін айқындайды.

Мысалға алатын болсақ, адамды түрлендіріп, айналасындағыларға әдемі етіп көрсетететін белгі — оның тілі.

Сенің де сондай достарың бар, олардың сөздерін тындаудан жалықпайсың, қайта рақаттанасың. Дұрыс, олар саған ән салып бермейді, масқарапаздық танытып, күлдірмейді де. Сөздері де қарапайым, ұғынықты. Әйтсе де, өзің ойлап көрші, неліктен сенің оларды тындағын, оларға ұқсағың келе береді? Өйткені бұл достарыңның сөздері мағына-мазмұнға толы, бақылап-байқағандары көп. (Егер салыстырып қарайтын болсақ, олардың сөздері іші дәнге толы жаңғаққа ұқсайды. Бақ ішінен осындай жаңғақты тауып алғанымызда, қаншалықты қуансақ, жаңағыдай балаларды көріп, әңгімелерін тындағанда да соншалықты сүйсінеміз.) Бұл балалар тіпті бірер оқиғаны талдап, оған баға беруге де ұмтылады. Сөздерінің жатық әрі құлаққа жағымды естілетінін айтсайшы! Олардың сөздерінде бөгде тілдерден енген керексіз сөздер, дөрекі және бейпарық тіркестер мүлдем кездеспейді.



Сонда бұл белгілер нені дәлелдейді? Бұл белгілер әлгі достарыңның дербес, тәуелсіз пікірлей алатынын, өзін-өзі басқара білетінін көрсетеді. Ал олардың тілінің тазалығы — жанының тазалығын, ойлау қабілетінің жатықтығын, өзінің ана тіліне деген құрметін білдіреді.

Енді басқа бір көріністі көз алдымызға келтірейік.

Автобуска жас шамасы сенімен қатарлас бес-алты бала бірін-бірі итермелеп мінді делік. Олар үшін айналада ешкім жоқ сияқты, бар дауыстарымен даурыға сөйлеп, өзара қалжындасып барады. Ара-тұра ұятты сөздер мен боғауыздарды да қолданудан тартынар емес. Тілге алынып жатқан сөздердің мәнсіздігі, дөрекілігі, стильдік өзгерістерге ұшырап, жаргондарға айналғаны тындаушының жүрегін айнытады. Олардың мына айғай-сүренге толы әңгімелерінде түзуірек мазмұнның өзі жоқ. (Жоғарыда іші дөнге толы жаңғақты еске түсірген болсақ, енді сенің үмітпен терген жаңғақтарыңның іші кеуектеніп, қарайып-шіріп кеткендігін көрген кезіндегі көңіл күйінді елестетейік.)

Қалай ойлайсың: құрдастарыңның мына қылықтары автобустарғы жолаушылардың біреу-жарымына ұнай ма? Олардың кейбіреулері жұмыстан қажыған болар, екінші біреулерінің жүйкесі шаршаған шығар. Олардың арасында басына қиындық немесе ауыр қайғы түскен адам да бар болуы ықтимал. Құрдастарыңның ауыздарынан бұрқырап шығып жатқан былапыт сөздерді естіген әйелдер жағының «Тәрбиесіздер!» деп бет бұрғанын көз алдыңа келтіре аласың ба, жоқ па?



Әлішер Науаи: «Тілге назар болмаса — елге назар болмайды», — дегенде, өзінің тілін тыя алмайтын осындай адамсымақтар басқаларға көбірек зиян келтіретінін айтқан. Сен мына бір нәрсені анық білуге тиіссің, елге назар аудармайтын әрбір адамды ел де назарсыз қалдырады. Бұл — адам өзінің сана-сыздығы, тарпейілдігі себепті елдің назарына ілікпейді дегені.

Бүгінде барлығымыздың үйімізде радио мен теледидар, көп адамдарда компьютер де бар. Қай жаққа қарасаң да, алуан түрлі ақпараттарға көзің түседі. Үлкен көшелер бойына ілінген, автобустар мен метро вагондарының салонына жапсырылған, тағы басқа да көрнекті жерлерге орналастырылған хабарландыру, құлақтандырулар мен жарнамаларды көреміз. Демалыс күндері теледидардың ондаған каналдары арқылы беріліп жатқан хабарлар мен фильмдерді қаласақта, қаламасақта көреміз, олардан әсер аламыз. Бұншалықты шұғыл ақпарат ағымын тоқтатудың немесе тізгіндеудің еш лажы жоқ, әрине. Сондықтан біз (теледидар мысалында) нені көруді, қашан көруді, қанша көруді өзіміз үшін анықтап алуға тиіспіз. Бұл өте маңызды.



Біз Шығыс халықтары қатарына жатамыз. Ата-бабаларымыз әдеп пен ақылақ, ұят, ар секілді шынайы адамдық қасиеттерді ұлықтайтын және адамдардан соны талап ететін ислам дінін ұстанып, соған табынған. Олар мындаған жылдар барысында өмір салтына дарытқан бұл құндылықтарға адал болу барлығымыздың парызымыз болып саналады. Солай болғандықтан, әлемнің барша түкпірлерінде, әр түрлі көзқарастар негізінде жаратылған барлық ойын-тамашалар бізге де пайдалы дей алмаймыз. Бұндай тамашалар (кинофильмдер,

бейнефильмдер, спектакльдер, концерттер, көрсетілімдер, әр түрлі шоулар), пішіні мен мән-мазмұны біздің ұлттық және діни құндылықтарымызға сай келмейтін орындар да көп кездеседі.

Адамның мінез-құлқында оның тілі қаншалықты маңызды екендігі жөнінде айтып өттік. Енді Батыс мемлекеттерінде түсірілген кинофильмдер кейіпкерлерінің тілі мен мәмілесіне көңіл бөлейік. Егер бұл кейіпкерлер ұнамсыз, ақылақсыз адамдар ретінде көрсетілгенде түсінуге болатын еді. Өкініштісі сол, ұнамды кейіпкерлердің басым көпшілігінің — өзгелер өрнек алуға тиісті адамдардың айтып тұрған сөздерін естігенде, өз құлағына өзің сенбейсің. Неге? Өйткені біздің бұл саладағы көзқарасымыз өзгешелеу.



Біз үшін қашан және қай жерде болса да, бейпарық, мәні жоқ сөздерді қолдана беру ұят, өзгелермен санаспау болып табылады. Кейде жазылмаған ережелерге де мойынсұнуды әрбір адам өзінің адамдық борышы деп санайды.

Екінші бір мысал. Шетел фильмдерінің басым көпшілігінде айналасы бір-екі сағаттың ішінде ондаған, жүздеген адамдар «өліп кете береді». Кейбір фильмдерде көп қан төгілетіні соншалықты, еріксіз «адамның өмірі құмырсқаның өмірінен де қадірсіз екен-ау» деп бас шайқайсың. Енді ойлап көрейік: бұндай «ешкімге зи-

янсыз» тамашалар адамның рухына, көңіл күйіне, жүйкесіне қандай әсер көрсетеді?

Олар, ең алдымен, адам бойындағы шапағат, рақымдылық, мейірімділік сезімдеріне іріткі түсіреді. Бұндай асыл сезімдерді мейірімсіздік, жауыздық сезімдер ығыстыра бастайды. Күні кеше ғана аяғының астындағы құмырсқаны басып кетпей, оны айналып өткен бала бұндай фильмдерді көре берген соң, мейірімі қатады да, көзін енді ғана ашқан кішкене мысықты немесе күшікті мойнына сым байлап ағашқа асып қоюдан тартынбайтын рақымсыз тасжүрекке айналады.

Бұндай тамаша-қызықтардың арбауына іліккен адамның жүзінен ұят кетіп, саналылығы төмендейді. Оның сөздері, жүріс-тұрысы дәрежеленеді, ешкімнің пікірімен санаспайды, айналасындағылардың жиіркенішін оятатын сипат пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, адамның жан дүниесінде, мінез-құлқында шұғыл өзгеріс байқалады.



Мынаны ұмытпаған жөн, ауызша үгіт-насихаттан гөрі өнер арқылы жасалатын ықпал өте күшті әрі тиімді болады. Өйткені өнер мен әдебиет образдар арқылы жұмыс жүргізеді, олардың ықпалы адамның санасына, сезімдеріне, түйсігіне тікелей жетіп барады.

Ал жоғарыда айтылған фильмдерде бұған қосымша түрде заманауи кино өнерінің техникалық эффекттері де қолданылады. Бұдан көрініп тұрғанындай, сен өзің де бұл фильмдерде алға қойылған идеяларға, көзқарастарға, ұғымдарға қалай беріліп кеткенінді, олардың арбауына қалай іліккенінді білмей қаласың. Бұндай ықпал қаншалықты ұзаққа созылса әрі көп болса, сенің руханиятыңдағы өзгерістер де соншалықты көп болады. Бертін келе бұл өзгерістер өзінді ұстай білуіңнен, мәмілеңнен, өзгелермен қарым-қатынасыңнан көрініп, су бетіне қалқып шығады.

Бұндай талқылаулар арқылы не демекшіміз?



Адамның құлқы мен әдебі оған әсер ететін сыртқы факторлармен тығыз байланысты.

Халқымызда «Қазанға жолама, күйесі жұғады» деген сөз бар. Жарық дүниеде өмір сүрген соң, онда болып жатқан оқиға-құбылыстар, әңгімелер мен сөздер саған әсер етпей қалмайды. Гәптің мәнісі неден әсерленуде, қалай әсерленуде жатыр. Бұдан шығар қорытынды

сол, әрқайсысымыз қандай ортада өмір сүріп жатқанымызды, айналамыздағы адамдардың кімдер екенін, олардан нені үйрену, нені үйренбеу керектігін сезініп, өзімізді-өзіміз ұдайы бақылап отыруға тиіспіз.

Елбасымыз 2000 жылы «Фидокор» газеті тілшісінің сұрақтарына жауап бере отырып, тәуелсіз елдің перзенттерінен талап етілетін қасиеттерді төмендегідей сипаттайды:



«Олар ұлттық тамырлары мықты, дүниені терең сезінетін, заман ағымымен қатар адымдайтын адамдар болып өссін. Мінеки, сонда арам ниетті догматтардың «үндеуі» де, ақылақты мойындамайтын, біз үшін мүлдем жат идеялар да оларға өз ықпалын жүргізе алмайды»¹.

Осы орайда әдеп пен ақылақтың өзіндік ұлттық өлшемдері бар екенін де айтып өткен жөн. Оны сақтау, бұл өлшемдерді бұзбау немесе ауытқып, шетке шығып кетпеу ерекше маңызды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тағы да «Өткен күндер» романына жүгінейік.

Көрнекті қаламгер Абдулла Қадыридін бұл романын өзбектің жеті жастан жетпіс жасқа дейінгі бүкіл халқы сүйіп оқиды. Осы туынды негізінде түсірілген көркем фильм көрсетілетін болса, барлығымыз теледидар алдынан кете алмай қаламыз. Бұның себептері өте көп, әрине. Шығарманың көркемдік тұрғыдан өте шебер жазылғаны, кейіпкерлер мінездерінің өзіне тәндігі, тілі, жазушының суреттеу әдісінің тартымдылығы бұл туындының жұртшылыққа кеңінен танылуына себеп болған. Дегенмен бұл романның халық арасында ерекше сүйіспеншілікке бөленуінің өзге де себептері бар. Онда өзбек халқының ежелгі болмыс-бітімі — характері бар сипат-ерекшелігімен жарқын көрініс тапқан. Бұл пікірді романның кез келген кейіпкеріне егжей-тегжейлі көз сала отырып дәлелдеуге болады. Мейлі ол ұнамсыз болсын, мейлі ұнамды болсын, әйтеуір бұл шығармаға қатысқан барлық адамдар өзбекше ойлайды, өзбекше әрекет жасайды, өзбекше сүйіп, өзбекше жиіркенеді. Ата-аналар мен перзенттердің (Юсупбек қажы, Өзбек айым — Атабек; Мырзакәрім қорапшы, Аптау айым — Күміс), ерлі-зайыптылардың (Юсупбек

¹ **Ислам Каримов.** Donishmand xalqimizning mustahkam irodasiga ishonaman. «Фидокор» газеті, 2000 жылғы 8 маусым саны.

кажы — Өзбек айым; Мырза-кәрім қорапшы — Аптау айым; Атабек — Күміс; Атабек — Зейнеп), кұда мен кұдағидың (Юсупбек кажы — Мырзакәрім қорапшы; Өзбек айым — Аптау айым), ер адам мен ер адамның (Атабек — Хамит), күндестердің (Күміс — Зейнеп) қарым-қатынастары өте табиғи, шынайылықпен суреттелген. Бұндай жоғары жетістікке кез келген шығарма, кез келген жазушы қол жеткізе бермейді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Күмісбибіге байланысты бір эпизодты мысалға алайық. Білесіндер, ол — ташкенттік саудагер жігіт Атабектің Марғыланға барған кезде кездейсоқ көріп қалып, ұнатып үйленген сүйікті әйелі. Атабек ата-анасының талап етуімен Ташкентте екінші рет үйленуге мәжбүр болады. Зейнеп те өте сұлу, кішіпейіл қыз болғанымен, Атабектің көңілі тек құлай сүйген жары Күмісбибіні қалайды. Күміс Ташкентке, қайын ата-қайын енесінің үйіне келеді. Қайын енесі оны бұрындары көрмегендіктен, салқын қарап, ұнатпай жүретін еді. Күмісбибіні көрген соң, Өзбек айым кіші келіні Зейнепті мүлдем ұмытады. Күмісті жер-көкке көтеріп, айналасында бәйек болады. Әрине, бұл жағдай, әрі күйеуі Атабектің тағы да өзінен алыстай бастауы Зейнепке қатты әсер етіп, ашу-ызасын қоздырады. Не істерін білмеген Зейнеп, өкінішке орай, әпкесі Хушруйдың айтағына ереді де, қыңыр іске бел буады....

Енді мына жағдайды көз алдыға келтіріп көр: Күмісбибі ешкімге жамандық жасаған жоқ. Жақсы үміттермен енді ғана тұңғыш перзентінің жарық дүниеге келуі қарсаңында тұрған. Бұл отбасына талайдан бері күтіліп отырған нәресте інгәсін, шаттық пен қуаныш әкеле жатқан болатын. Енді нақ сол отбасында оған у беріп, өмірін қыршынынан қиды. Әлдеқандай бөтен адам емес, өзінің күндесі уландырды. Ал бұл күндесті оның сүйікті күйеуіне ата-анасы мәжбүрлеп әперген. Күміс жан далбасасында жатыр, бірнеше



минуттан соң бұл жарық дүниемен қош айтысады. Оның бүкіл болмысы от болып жанып барады, тынысы тарылып, жаны алқымға келіп қалған. Толғатып жатқандықтан шаштары қобырап, үстібасы алқам-салқам күйге түскен. Нақ сол мезетте оның алдына қайын атасы Юсупбек қажы кіріп келеді. Ол санасын мың сан өкініш билеп, жайлап қана алақанын келінінің маңдайына қояды. Халден тайған Күміс көзін әрең ашып, қайын атасын көріп... ұялғандықтан үсті-басын түзей бастайды, орнынан тұруға талпынады...

Осыған ұқсас мысалдарды тек әдеби шығармалардан ғана емес, күнделікті өмірден де сан мындап келтіруге болады.



Еліміздің әрбір жанұясынан Күмісбибі сынды қыздар, Атабек секілді жігіттер табылады. Олардың мінез-құлықтарына, ақылақ-әдебіне өзгелердің әуесі келетіні айдан анық.

Бұндай үлгі-өнеге боларлық тамаша қасиеттері бар адамдар аспаннан түспейді, әрине. Олар да — сені мен біз сияқты қарапайым адамдар. Тек олар адам деген ұлы мәртебеге лайықты болу қажеттігін, кез келген адам айналасындағыларға зияны тиетін қылықтарымен жексұрын көрінуі мүмкін екенін сезінеді. Осыған орай өздерін-өздері тәрбиелеп, жан сұлулығын байытып отырады.

Күмісбибінің қасиеттерін еске алу және жоғарыда айтылған ой-пікірлер арқылы не айтпақшымыз?



Егер біз осы халықтың өкілі, оның тарихи мұрагері болсақ, онда бізден бұндай құнды дәстүрлерді көзіміздің қарашығындай сақтау, оларға адалдық таныту, ешқашан да өздігімізден айырылмау талап етіледі. Өйткені біздің рухани бейнеміз нақ айнадағы сияқты әдеп-ақылағымыздан айқын көрініп тұрады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамның әдебі мен ақылағының қалыптасуында ол өмір сүретін ортаның қандай әсері бар деп ойлайсың?
2. «Әдептілікті әдепсізден үйрен» деген халық сөзінің мәнін түсіндіре аласың ба?
3. Құрдастарының құлқы мен әдебінде саған ұнамайтын қандай кемшіліктері бар?
4. «Әдепсіздік көбінесе ұл балаларға тән» деген пікірге қосыласың ба?

5. Шетел фильмдері мен түрлі тамашалардың ұнамды және ұнамсыз жақтары жөнінде сыныптастарың ортасында пікірталас ұйымдастыр.
6. Өтілген тақырыпты мына суреттерде бейнеленген шағармалардың оқиғалары негізінде сипаттап бер.



а



ә



б



в

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Т а п с ы р м а: Сыныптастарыңмен бірге «Адамгершілік деген не?» тақырыбы бойынша пікірталас өткіз.

Оған дайындық жасау үдерісінде төмендегі мәселелерге айрықша назар аудар:

— Елбасымыз Ислам Каримовтың «Yuksak ma'naviyat — yengilmas kuch» шығармасындағы осы тақырыпқа қатысты пікірлер мен идеялар;

— адамгершілік қасиеттердің адамды хайуанаттардан ерекшелендіріп тұратыны;

— атам заманнан бері ұлттық әдебиетіміз бен өнерімізде адамгершілік идеяларының жарқын көрініс тапқаны;

— тарихта орын алған адамгершілікке жат оқиғалар мен құбылыстар, олардың адамзаттың басына төндірген қайғы-қасіреттері;

— әлемнің кейбір нүктелерінде адамның қадір-қасиетін аяқ асты ететін, өмірі мен болашағын қауіп астында қалдыратын құбылыстардың болып жатқаны;

— бұқаралық ақпарат құралдарының, өнер мен әдебиеттің адамгершілікті насихаттау ісіндегі рөлі және басқалар.



МАЗМУНЫ

<i>Кіріспе</i>	3
<i>I тарау. Тәуелсіздік және ұлттық идея</i>	7
Ұлттық идея — ізгі арман-ұмтылыстар көрінісі	7
Руханият және оның сипаттамасы	11
Пікір және идея	15
Идеяның негізгі ерекшеліктері мен түрлері	20
Қоғамның дамуы және жасампаз идеялар	26
Білім және руханият (<i>Практикалық сабақ</i>)	32
Қайталау	35
<i>II тарау. Идеяға қарсы идея, пікірге қарсы пікір</i>	36
Зиянды идеялар	36
Қырағылық пен сергектік	42
Ұлттық өздік және дәстүрлер	48
Тарихи ескерткіштер (<i>Практикалық сабақ</i>)	55
Бақылау жұмысы	57
<i>III тарау. Руханиятқа қатер — өздігімізге қатер</i>	58
Көзге көрінбейтін қатерлер	58
Жеке тұлға тәрбиесі	66
Қоғамға қауіп төндіретін індеттер	74
Адам жүрегіне жол	80
Өнердің тарихи жадты тіктеудегі маңызы	89
Бақылау жұмысы	95
<i>IV тарау. Жоғары рухани өлшемдер</i>	96
Адамгершілік — халқымыздың ізгі қасиеті	96
Руханияттың қалыптасуында жанұяның иелейтін орны	104
Ақылақ пен әдеп — руханият негізі	109
Бақылау жұмысы	117

MURTAZO QARSHIBOYEV, SANOBAR NISHONOVA,
OYNISA MUSURMONOVA, RAHMON QO'CHQOROV

**MILLIY ISTIQLOL G'OYASI VA
MA'NAVIYAT ASOSLARI**

7-sinf

(Qozoq tilida)

To'ldirilgan va qayta ishlangan 5-nashri

Toshkent «Ma'naviyat» 2015

Аударған А. Ташметов
Редакторы А. Рахманов
Суретшісі М. Аглямев
Корректоры Ф. Эсанбекова
Компьютерде беттеген Ш. Сохибов

Лицензия АІ №189, 10.05.2011 жылы берілген. Басуға рұқсат етілді 20.06.2015.
Қалыбы 70х90 $\frac{1}{16}$. Қарібі «Таймс». Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 8,77.
Есептік баспа табағы 6,96. Таралымы 4919 дана. Тапсырыс №15-304.

«Маънавият» баспасы. Ташкент, 2-Тараққиёт тұйық көшесі, 2-үй. Келісім №42-15

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «Узбекистон» баспа-полиграфия
шығармашылық үйінде басылды. 100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30-үй. 2015.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте**

P/c	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

**Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады.
Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері
негізінде толтырады:**

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық пайдалануға жарамайды.